– проявлять самостоятельность в принятии решений, стремление к сотрудничеству [2].

Составленное нами учебно-методическое пособие для студентов неязыковых специальностей «Исторические памятники Жезказганского региона» способно решать учебную, познавательную, воспитательную задачи, где познавательный аспект призван расширить знания о родном крае.

Структура учебно-методического пособия включает разделы: «Ulytau», «To value, preserve and pass it on to the following generation ...», «A summary of the Zhezkazgan Region's Monuments» [5].

В процессе изучения иностранного языка путем использования региональных материалов нами ставилась интегрирующая дидактическая цель: студенты проявляют осознание важности изучения отечественной истории, участвуют в обсуждении, демонстрируют ценностные ориентации при решении учебно-профессиональных задач, выносят собственные суждения, проявляют убежденность. Приоритетной целью является освоение ценностных и ценностно-смысловых ориентаций.

Материалы данного сборника направлены не только на реализацию региональных знаний, но и позволяют студентам закрепить лексико-грамматический материал.

При составлении данного пособия наряду с общедидактическими принципами мы руководствовались следующими принципами обучения региональному компоненту:

1. Принцип соответствия содержания регионального материала целям и задачам обучения иностранному языку.

2. Принцип реализации междисциплинарной интеграции.

3. Принцип диалога культур.

4. Принцип отражения общих целей глобализации содержания образования в методике обучения региональному компоненту.

5. Принцип направленности содержания образования регионального компонента на формирование межкультурного общения у будущих специалистов.

6. Принцип практической значимости региональных знаний и умений представлять регион в профессиональной деятельности [3].

Для определения значения когнитивного и деятельностного показателей мы предложили студентам деловую игру «Экскурсия по Жезказган-Улытаускому региону», где были сформированы произносительные, лексические и грамматические навыки и проходила тренировка языковых явлений [2].

В ходе деловой игры студенты продемонстрировали способность применять имеющиеся знания и опыт для решения задач, а также умение переносить имеющиеся знания в новую ситуацию. Сама по себе деловая игра предполагала не просто выявление заложенных в региональных текстах смыслов и ценностей, а построение на основе знаний об особенностях педагогических ценностей в определенной социокультурной ситуации комплекса требований к учителю. При этом студенты использовали знания, полученные при изучении регионального материала в учебно-методическом пособии.

Ролевая игра: - Now, pretend you are in the travel agency. Take the badges. Who wants to be the visitor / travel agent? Play out the situation: "A visitor comes to the office to book a historical tour of Ulytau-Zhezkazgan region." Think what questions to ask / how to answer.

- Very nice, thank you. And now, one more situation: act out the conversation of a tourist and a guide during the excursion. Use the badges.

При работе с текстом с целью выработки разговорной речи студентам задавались следующие вопросы (на английском языке):



1. Труден ли был текст для понимания? 2. Интересен ли текст? 3. Что понравилось (не понравилось) в содержании текста? 4. Хотели бы вы прочитать ещё что-нибудь по этой теме (подобного содержания)? 5. Какой из прочитанных текстов вам больше всего (меньше всего) понравился?

Ответы на данные вопросы способствуют не только развитию речи студентов, но и формированию оценочного отношения к информации, развитию критического мышления, позволяют выйти на уровень личностной значимости изучаемого материала.

Необходимо отметить, что нами использовался также приём "неоконченные предложения", чаще всего в конце занятия. Помимо формирования рефлексивных умений студентов он способствует формированию навыков устной речи и грамматических навыков (использование в речи придаточных предложений). Студентам предлагалось закончить фразы (на занятии они записаны по-английски, и говорить студенты должны, разумеется, по-английски):

Сегодня на занятии я узнал, что...

Самым трудным для меня было...

Раньше я не знал, что....

Данный прием успешно применялся и для обсуждения прочитанного текста. В этом случае неоконченные предложения выглядели так:

Главная мысль текста состоит в том, что....

По моему мнению, текст информативен (поучителен), так как ...

Больше всего мне в тексте понравилось ....

Другой формой проведения регионального курса была предметно-ситуативная. Её основу составили речевые ситуации, которые объединены чаще всего единой сюжетной линией и базируются на предметах речи регионального содержания.

Наиболее распространённым сюжетом при работе с региональным материалом явилось посещение группой зарубежных граждан (туристов, студентов, школьников) данной конкретной местности. Подобная макроситуация включала ряд микроситуаций, в рамках которых формулировались коммуникативные задачи.

В выборе предметов речи для регионального курса акцент делался на основные сведения о родном крае. Предмет речи во многом определял выбор функции общения, в которой велся разговор. К примеру, предмет речи «Достопримечательности родного города» обсуждался помимо познавательного аспекта и в аспекте основных функций общения: ценностно-ориентационной (выражение отношения: «Вам понравилось старинное здание музея?»), регулятивной (предложение услуг: «Если вы располагаете временем, я покажу вам ещё здание собора»), этикетной (ритуализированный диалог: «Вы не скажете, как пройти к памятнику N?»), где другие предметы речи обладали свойством употребления в различных функциях общения.

Вышеупомянутая работа по совершенствованию навыков говорения при реализации и усвоении регионального материала позволяет нам сделать вывод о том, что региональная осведомленность является одним из условий коммуникации, которая усиливает важность практического овладения языковыми формами как средством общения. В нашем случае региональный компонент содержания обучения создает положительную мотивацию у студентов и способствует более осознанному овладению языком как средством общения, усиливает коммуникативную направленность обучения. Интеграция регионального материала в обучении иностранному языку служит средством повышения образовательного уровня и совершенствования иностранного языка, в частности навыков говорения.



## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Государственная программа "Культурное наследие" на 2004-2006 годы. - Указ Президента Республики Казахстан от 13 января 2004 года № 1277
- 2 Бусыгина И.С. Дидактические условия повышения эффективности усвоения студентами историко-педагогических знаний: дис. ... канд. пед. наук. - Екатеринбург, 1998. - 125 с.
- 3 Глумова Е.П. Методика обучения организации межкультурного общения на материале регионального компонента (немецкий язык, языковой вуз): дис. .... канд. пед. наук. - Нижний Новгород, 2006.
- 4 Концепция этнокультурного образования Республики Казахстан. – 1996.
- 5 Курманаева Д.К. Исторические памятники Жезказганского региона. - Жезказган, 2006.
- 6 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. - М.: Слово, 2000. - С. 263.

## ТҮЙІН

Мақалада тілдік емес жоо-да шетел тілін оқыту мазмұнындағы сөйлеу дағдыларының өңірлік компоненттерін іске асырудың кейбір жолдары қаралған.

## RESUME

The article researches the current day issue of improving speaking skills in the content of foreign language teaching by using the regional material at non-linguistic high school.

### Аннотация

Бұл мақалада педагогика пәнінен дидактикалық материалдарды тиімді қолданудың ғылыми-теориялық негіздері беріледі

*Түйін сөздер:* педагогика, дидактикалық материалдар, оқулықтар, электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқу құралдары, Интернет.

## Ә.Е. Ботабаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, пед. ғыл. канд., доцент м.а.

## «Педагогика» пәнінен қолданылатын дидактикалық материалдардың тиімділігі

Еліміз егемендігін алып, ұлттық даму жолына түсіп, білім беру ісіне жаңа талаптар қойды. Осы маңызды талаптардың бірі - білім беру жүйесінде жастардың білімін арттырып, оқытылатын пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін сабақта дидактикалық материалдарды тиімді қолдану қажет.

Бұл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Біздің республиканың білім жүйесі әлемдік деңгеймен үндеспей отырған-дығына көңіл бөлініп, білім жүйесінің алдына биік міндеттер жүктейді. Оқушыға білім, білік дағдыларын беріп қана қоймай, ол жиі өзгеріп тұратын нарық жағдайына тез бейімделе алатындай етіп тәрбиелеу қазіргі заманның негізгі талабы», - деп айтылған [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек», - деп, баланы жан-жақты білімді етіп өсіру, қазіргі заманның өзекті мәселесі екендігін баса айтты [2]. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да» бұл мәселе туралы айтылған [3].

Ендеше студенттерге ғылыми білім беру, оларды әлемдік мәдениеттің жетістіктерімен таныстыру, шығармашылық қабілетті арттыру, жеке тұлға етіп қалыптастыру, педагогтердің алдына жаңа талаптарды қояды. ЖОО-да қызықты, әсіресе болашақ педагогтер үшін өте қажетті пәндердің бірі – педагогика.

«Педагогика» пәнін студенттерге жан-жақты етіп түсіндіруде қолданылатын бірнеше



дидактикалық материалдарды қарастырдық. Оларға *оқу кітаптары, жабдықталған оқу кабинеттері, Интернет желісі, көрнекі және техникалық құралдарды жатқыздық*. Енді дидактикалық материалдарға жеке тоқталып өтейік:

- оқу кітаптарына оқулықтар, дидактикалық оқу құралы, тест тапсырмалары, студенттерге арналған оқу-әдістемелік кітаптар, анықтамалар, сөздіктер және электрондық басылымдар: электрондық оқулықтар, мультимедиялық оқу құралдары мен әр түрлі құрылғыға жазылған электрондық жазбалар, электрондық сөздіктер т.б. жатады;

- жабдықталған оқу кабинеттері;  
- Интернет желісі;  
- көрнекі құралдар — кестелер, сызбалар, суреттер, фотосуреттер, альбомдар, слайдтар және т.б.;

- техникалық құралдар – ұнтаспа, телеарна, бейнетаспа, компьютер, интербелсенді тақта, т.б.

Олардың ішіндегі негізгісі «Педагогика» оқулығы болып табылады. Басқа құралдар осы оқулықпен тығыз байланысып, оқулықта жарияланған идеяларды дамытып, нақтылай түсуі тиіс.

Оқулыққа қойылатын негізгі талаптар:

- оқу бағдарламасына сәйкес болуы;  
- ғылыми тілде, әрі түсінікті жазылуы;  
- тақырыпты тереңірек ашатын, әрі нақты мәлімет беретін кестелер мен сызбалардың болуы;

- СӨЖ, ОБСӨЖ тапсырмалары мен өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар мен тестілердің болуы.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі жаңа оқыту технологияларын дайындауды талап етеді. Бірінші кезекте оларға электронды басылымдар: электронды оқулықтар, мультимедиялық оқу құралдары мен әр түрлі құрылғыға жазылған электронды жазбалар жатады. Қазіргі кезде электронды басылымдарды әзірлеу және пайдалану мәселелерін зерттеу өзекті іске айналып отыр.

Білім берудің кез келген саласында «Электронды оқулықтарды» пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Электронды оқулық – бұл оқу курсының немесе оның тарауларының, бөлімдерінің және білім беруді басқаратын мемлекеттік органдар даярлайтын арнайы статусы бар, осы түрдегі баспалардың жүйелі мазмұндамасын қамтитын электронды оқу басылымы.

Электронды оқулықтар ғылыми негізде дайындалған педагогикалық-ақпараттық өнім. Электронды оқулық дайындаудың концептуальдық негізі модульдік оқытудың педагогикалық теориясы болып табылады. Сонымен қатар, электронды оқулық дайындаудың педагогикалық принциптер жүйесі оқытудың дидактикалық жүйесіне сәйкес келеді, яғни электронды оқулықтар оқыту процесінің автоматтандырылған формасы іспетті. Осы оқулықтарды дайындауда да, оны оқыту процесінде пайдалану да үлкен ақпараттық сауаттылықты талап етеді.

*Электронды оқулықтың ерекшеліктерінің бірі* – онымен жұмыс істеу сұхбаттық түрде жүргізіледі. Осының нәтижесінде студенттер өз білімдерін сұрақтар және бекітулер арқылы жеңіл түрде меңгереді [4].

Электронды оқулықтармен жұмыс істеу әрбір студенттің өз мүмкіндігін есепке ала отырып, оқып үйрену ісін жеке дара жүргізуге жол ашады. Электронды оқулық оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұнын қамтитын компьютерлік технологияға негізделген оқыту, бақылау, моделдеу, тестілеу, т.б. бағдарламалардың жиынтығы. Электронды оқулық жай оқулықтарға өте тиімді қосымша мүмкіндіктер береді. Атап айтқанда:

- кері байланысты іс жүзінде тез арада қамтамасыз етеді;

- жай оқулықтағы ақпаратты іздеу мүмкіндіктері біраз уақыт алатын болса, электронды оқулық қажетті оқулықты табуға тез мүмкіндік береді;

- гипермәтінді түсіндірулерге өту барысында уақытты үнемдеуге көмектеседі.

Ең бастысы, электронды оқулықтарды дайындаудың бір жүйеге келтірілген заңдылығы болуы керек. «Педагогика» пәніне қатысты процестерді анимациялап көрсету, тіпті кино фильмдер мен диафильмдер үзінділерін бірнеше файлдар ретінде сақтап, оларды гипер мәтінді формат арқылы электронды оқулыққа кірістіру оқулықтың көркемдік әдістемелік деңгейін арттырады.

*Презентация даярлаудың* автоматтандырылған құралдарының бірі - Microsoft Word бірге қойылатын Microsoft Power Point қолданбалы бағдарламасы. Бұл презентация даярлау мен безендіруге арналған әмбебап құрал болып табылады. Microsoft Power Point құралдарының көмегімен дайындалған жұмысты оның кез келген кезеңінен ұсынып, көрсетуге болады. Microsoft Power Point-тағы кез келген құжат *слайд* деп аталатын жеке алынған кадрлардың жиынтығынан тұрады. Презентациядағы слайдтардың саны көп бола береді. Құжаттағы әрбір слайдтың өзінің жеке нөмірі болады, слайд құрылғанда ол бірден міндетті түрде нөмірленеді. Құжаттағы слайдтар сызықта тізбектеле орналасады. Слайдтарды жою, кірістіру, орын ауыстыру немесе көрсету олардың сызықтық құрылымын бұзбайды. Слайдта орналастырылатын барлық нысандар Microsoft Power Point ішкі құралдарымен де, сонымен қатар сыртқы қолданбалы бағдарламаларда да құрылып, безендірілу мүмкіндігіне ие.

Келесі ақпараттық – технологияның білім беру саласындағы көрінісінің бірі - *интербелсенді тақтаның* сабақ барысында қолданысқа енуі.

Интернет, мультимедиялар, электронды сөздіктер, электронды оқулықтар тәрізді интерактивті оқыту әдістерінің білім беру процесіне қосқан жаңалықтары есебінен оқытушылар «тақтаның алдында тұрып түсіндіру» міндеттерін жеңілдетіп, студенттің тақырыпты тереңірек түсінуіне және өз бетінше ізденуіне инновациялық бағыт берді.

Интербелсенді тақта арқылы педагогика пәнін өткізу тиімді. Интернетбелсенді тақта көмегімен өтілетін тақырыпқа байланысты дидактикалық материалдарды қолдану өте қолайлы.

Педагогика пәнінен қолданылатын дидактикалық материалдардың бірі Интернет желісі. Интернет (ағылшын тілінен алынған Internet - International Network) - компьютерлік серверлердің бүкіл әлемдік желісі. Интернетке қосылу мүмкіндігі болған жағдайда, білім беру мекемелері, мемлекеттік ұйымдар, коммерциялық кәсіпорындар және жеке адамдар сияқты миллиондаған қайнар көзінен ақпарат алуға болады. Қазіргі кезде Интернет сөзін пайдаланғанда, физикалық желінің өзін емес, дүниежүзілік желі және ондағы ақпаратты айтамыз.

Интернет - кез келген компьютерлермен бүкіл әлем бойынша ақпарат алмасу мен беру мүмкіндігі, желілер жүйесі. Интернет - байланыс араларын өзара біріктіретін, тораптардың жиынтығы [4].

Педагогика пәніне қажетті материалдарды оқулықтан немесе кітапханадан таппаған жағдайда, әрине, Интернеттен іздеу мәселесі туындайды. Қазір ол мәселенің шешімі табылған.

Педагогика пәнінен қолданылатын дидактикалық материалдардың бірі – дидактикалық ойындар. Оны да тақырыпты қызықты өткізу мақсатында қолдануға болады. Дидактикалық ойындар туралы жазылған еңбектер мен ғылыми жұмыстарды талдай келе, оларды төрт түрлі типке бөлуге болады, атап айтсақ:

1. Қимыл әрекетке байланысты дидактикалық ойындар;
2. Ұлттық ойын элементі қолданылған дидактикалық ойындар;
3. Ақыл-ой қабілетін арттыруға арналған дидактикалық ойындар;
4. Креативтілікті дамытуға бағытталған дидактикалық ойындар.



Қорыта келгенде, «Педагогика» пәнінен *дидактикалық материалдары қолданудың негізгі мақсаты* – студенттерге білім беру процесінде аз уақыт жұмсап, көп нәтижелі білім алуына ықпал ету.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. – 2004. - 20 қаңтар.
- 2 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Лекция курсы. – Тараз, 2012. – 34 б.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.
- 4 Байжұманов М.К., Жапсарбаева А.Қ. Информатика. – Астана, 2004.

### РЕЗЮМЕ

Эта статья посвящена научно-теоретическому обоснованию эффективности применения дидактических материалов по предмету «Педагогика».

### RESUME

The article is devoted to the theoretical justification of the efficiency of using didactic materials on the discipline «Pedagogy».



## **И.Б. Имангаликова**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті,  
аға оқытушы

## **Д.Г-С. Токтрбаев**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті,  
PhD докторы, доцент м.а.

## **А.Б. Мейрманов**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті,  
пед. ғыл. канд., доцент

# **Жасөспірімдердің бойында салауатты өмір салтын қалыптастырудың педагогикалық, гигиеналық және физиологиялық негіздеріне ашылған жол**

## **Аннотация**

Мақалада педагогтердің, психологтердің және адамның дамуының профилактикалық бұзылу облысы және ауруға шалдығу қаупі бар жағдайда жұмыс істейтін дәрігерлердің негізгі мақсаты қоршаған ортамен байланыса отырып, салауатты өмір салтын тұрақты ұстануға үгіттеу мақсатында қарастырылған.

*Түйін сөздер:* «Стихия» сөзінің 4 мағынасын ашу жолдары қарастырылған.

Мақала мазмұны Біз алға қойған мақсатарға жету үшін барлық күш-жігерімізді дені сау, белсенді, әрі қоғамға лайықты жас ұрпақ тәрбиелеуге жұмсайтын боламыз» Н.Ә. Назарбаев.

Дана халқымыз: «Басты байлық – денсаулық», «Газалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі», – деп тегін айтпаса керек. «Қазақстан - 2020» мемлекеттік стратегиясында дене тәрбиесі туралы: «Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналасуымызға, дұрыс тамақтандынуымызға, есірткілерді, темекі мен ішімдікті тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға (және т.с.) бағытталған [1, 248].

Адам – ол барлық мәдениетті ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушы және табиғаттың эволюциялық дамуының нәтижесі. Ол сыртқы әлеммен тығыз байланысты және сол әлемнің өзіне деген әсерін сезіне біледі. Өз кезегінде ол да үлкен жауапкершілікті арқалай отырып сыртқы әлемге ықпалын тигізеді. Бұл әрекеттестіктің тепе-теңсіздігінің нәтижесінде оның ішкі күйінде ауру түрінде пайда болатын өзгерістер болады [2, 160].

Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына ықпал етеді. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі күшін аттап көрсетті. Оның бірі – жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы. Әрбір мемлекеттің болашағы – оның азаматтары. Ал



әрбір азаматтың денінің саулығы, бұл мемлекеттің де саулығы болып табылады. Бұрын - соңды денсаулықты күту әр адамның жеке шаруасы деп қарастырылса, қазіргі таңда бұл мемлекеттік деңгейге дейін көтерілген проблема болып отыр. Себебі соңғы жылдары экономикалық және экологиялық себептерге байланысты.

Қазақстан азаматтарының денсаулығы нашарлап кеткені белгілі. Бұл орайда елімізде азаматтардың денсаулығын түзетуге үлкен жұмыстар атқарылуда. Емханалар салынып, спорттық кешендер мен мектептер ашылуда. Сонымен қатар мемлекеттік бюджеттен қаржы құйылып, көптеген жұмыстар атқарылуда. Теледидарлар арқылы спирттік ішімдіктердің, нашакорлық пен темекінің зияны мен әкелетін қасіреті жөнінде жарнамалар мен роликтер және т.б. көптеген нұсқаулар көрсетілуде. Бұның бәрі халықтың санасын, өз денсаулығына деген көзқарасын өзгертуге үлкен ықпал етуде.

Сондықтан да атқарылып жатқан шаралар мен алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар мемлекетіміздің саулығының кепілі деуге болады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жарғысында «денсаулық» ұғымы физикалық, рухани, әлеуметтік игіліктердің толық жағдайы ретінде қарастырылады. Көптеген ғалымдар денсаулықты адамның күтінуі нәтижесінде жақсартатын және сақталатын ағзаның ерекше жағдайы ретінде анықтайды.

Бұл – физикалық жаттығулардың жеткілікті саны, тамақ пен судың қалыптылығы және еңбек пен демалыстың тиімді режимі [5, 116]. Әрбір қоғам өзінің құрамында физикалық, психикалық, әлеуметтік дені сау, сәйкесінше, моральдік, зияткерлік жағынан мықты адамның болғанын дұрыс көреді. Бірақ сауығу тек адам өзінің өмірін табиғаттың қарапайым заңдылықтарына бағына құрғанда ғана болады, жекелеп алғанда ағзаның табиғи күшін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Және бұған осы сапалардың гормондық сыртқы қалыптасуын қосуға болады, өйткені адам өзінің іс-әрекеттерімен, эмоцияларымен, сезімдерімен, ойларымен қалыптастырған қоршаған ортамен тікелей қарым-қатынаста өмір сүреді. Психологиялық қайта құрылу дискомфорттық жағдайлардың пайда болуының себебінен қиын қалыптасады.

Жасөспірімдердің мінез-құлқы тұрақсыздықпен, жылдам жәбірленгіш, өкпешілдікпен сипатталады. Осы кезеңде жолдастар тауып, топ құрып жүру қажеттілігі жоғары болады. Сонымен қатар жасөспірімдер тобында өздерінің бағалайтын бағыт, пікірлері, демалыс уақыттарын өткізу, көптеген қиын жағдайларды шешу тәсілдері қалыптасады. Сондықтан бұл кезеңде топтармен бірге арақ-шарапқа үйрену қауіпі артып, ата-аналары мен педагогтердің ескертпелері оның еркіндігіне, құқығына қарсылық көрсету сияқты қабылданып, көбінесе олардың мінез-құлқына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан оларды бір жақты тыңдауға мәжбүр ету олардың қарсылығын туғызып, өз бетімен кетуіне әкеліп соғады.

Осылайша, «денсаулық» барлық өмір формасының гармондық дамуының заманауи концепция негізінде кешенді және жүйелі орындалуының интегралды ұғымы [7, 78-б]. Педагогтердің, психологтердің және адамның дамуының профилактикалық бұзылу облысы және ауруға шалдығу жағдайында жұмыс істейтін дәрігерлердің негізгі мақсаты қоршаған ортамен байланыса отырып, салауатты өмір салтын тұрақты ұстануға үгіттеу.

Мұндай жағдайлардың нәтижесінде адамның денсаулық жағдайы жақсарады және өзінің еңбек жетістіктеріне жету үшін шығармашылық энергиясы пайда болады, туыстарымен, достарымен, әріптестерімен қарым-қатынасы жақсарады, қоғамға, қоршаған ортаға пайдасы, қажеттілігі артады. Бұл мақсаттың табысының негізгі тәсілі білім беру және ағарту саласында қызмет атқарады, нәтижесінде әрбір адам өзінің денсаулығы мен өмірінің қалыптастырушысы ретінде таныла алады [6, 327]. Балалардың денсаулығы – қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саналы жетістіктерін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің қатарына жатады. Қазақстандағы мектеп оқушыларының денсаулық деңгейлері қоғамның, әсіресе дәрігерлер және мұғалімдер арасында дабыл қағуда. Ақпарат құралдарының материалдары және статистикалық деректердің көрсетуінше XX



ғасырдың аяғында, ХХІ ғасырдың басында мектеп оқушыларының денсаулықтары күрт төмендеген. Балалардың денсаулық деңгейлерінің көрінісі көпшілік жағдайда мектептердің жауапкершілігінде деп көрсетіледі.

Демек, мектепте оқушылардың денсаулығы ерекше өзекті мәселе. Статистикалық деректер бойынша жалпы мектепті бітірушілердің 68%-ның дені сау, әрбір екінші жеткіншек морфофункционалдық патология, 42%-ы созылмалы сырқат деп танылуда. Жас балалардың маскүнемділік деңгейлері де жиі байқалып келеді.

Мектеп оқушыларының денсаулықтарына теріс әсер ететін факторларының қатарына мектеп оқушыларының оқу сабақтарымен артықша жүктелулерін, педагог пен оқушылардың арасындағы авторитарлық қарым-қатынастықты, оқыту мен тәрбиелеудегі баланың тұлғалық және жас ерекшеліктерін қажетті деңгейде есепке алынбаушылықтарын, гиподинамия және т.б. атап көрсетуге болады. Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын қазіргі заманның талаптарына сәйкес жүргізу, оқушының денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық қызметкерлер мен мұғалімдердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Педагогика ғылымында осы туындаған мәселені шешудегі тиімді жолдары мен құралдарын негіздеу қажеттілігі туындайды.

Денсаулық мәдениеттілігінің төменділігі, денсаулыққа қарамаушылық себептері, оқушылардың арасында 40%-ы салауатты өмір салтының теориясын білмейтіндігінен деп саналады. Демек, қазіргі кезде оқушылардың салауатты өмір салтын тәрбиелеу қажеттілігі, оны арнайы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып қалыптастыру қажеттілігі туады:

Қазіргі мектеп оқушысын салауатты өмір салтына тәрбиелеудің басты міндеттеріне мына төмендегілер жатады;

- халық педагогикасы элементтерін қолдану (ауызша халық шығармашылығы, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптары, ұлттық ойындар т.б.);
- мектеп оқушысының бойында салауатты өмір салтын қалыптастыруда тиімді психологиялық-педагогикалық шарттарды қолдану;
- «салауатты өмір салты» - ұғымын қалыптастыру;
- салауатты өмір сүру туралы оқушыларды ынталандыру;
- оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне көмек көрсету;
- өз денсаулықтарын сақтауда, салауатты өмір сүру дағдыларында жауапкершіліктерін қалыптастыру.
- арнайы денсаулық сақтау технологиясы арқылы салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру.

Барша азаматтардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтына бағытталған елбасының жолдауын – егемендіктің кілтін ұстар жастардың болашағына апаратын алтын сүрлеу десе болады

Соңғы кездері дәрігерлер мен қоса сырқаттардың да саны өсіп келеді. Осыған байланысты әр түрлі ғылым салаларына бағытталған, адам денсаулығының өзгерулеріне байланысты әркелкі денсаулық сақтау технологиялары іздестірілуде, ойластырылуда. Баланс – кез келген жүйенің арасындағы тепе-теңдік, гармония (үйлесім).

Стихиялар – бұл бізді қоршаған ортада орналасқан әр түрлі жағдайда пайда болған табиғи объектілер.

«Стихия» сөзінің 4 мағынасын ашып қарастыруға болады:

1. Еш нәрсе қарсы тұра алмайтын табиғат құбылыстары. Мысалы: найзағай, жер сілкінісі, цунамилер, циклондар, су тасқыны.

2. Ежелгі шығыс философиясында табиғаттың негізгі элементтерінің бірі болды. Мысалы, Қытай философы У – Синнің айтуындағы 5 табиғат элементі (ағаш, от, жер, металл, су).

3. Салыстырмалы түрде әлеуметтік ортаға әсер ететін берекесіз күш. Мысалы: қозғалыс, революция, эпидемия және т.б.



4. Қоршаған үйреншікті орта.

Осылайша, Стихия озiнiң айналасына әсер ететiн және артынын iзiн қалдыратын табиғи құбылыс, объект, процес.

Бұл стихияның параметрлерiне тәуелдi, адамның бақылауындағы және басқаруында болуы мүмкiн оқиға [3, 240].

Табиғаттың 4-шi стихиясының күшi жайында табиғаттың пайда болуы туралы айтуларда, аңыздарда, тарихи жазбаларда кездестiруге болады. Осымен байланысты 4 стихия балансын – ол адамның өзiнде, табиғатта, қоғамда, әрiптестерiнiң (достарының, туған-туыстарының, қызметтестерiнiң) арасындағы тепе-теңдiк жағдайын сақтауы деп болжам жасауға болады.

4 стихия балансы сауықтыру технологиясы от, жер, ауа, су жүйесi мысалы табиғаттың әрекеттестiгiнiң элементi ретiнде қарастырылады. Әрекеттестiк нәтижесiнде 5i стихия (5-шi элемент) пайда болады. Бұл өмiрлiк жолдың жүйесiнiң белгiсi ретiнде (мысалы адамның) Өмiр Ағашы болуы мүмкiн. От - өмiр жүйесiнiң даму мақсатының бағдарламасын кейiптейдi (мысалы, адамда, ғаламшарда).

Жер – өткен тәжiрибе және бұрынғы жетiстiктер жүйесi, келешектегi дамудың ресурсы.

Ауа – жүйенiң қоршаған ортамен әрекеттестiгiнiң белсендiлiгi [4, 21-23].

Су – әрекеттестiктiң нәтижесi, өмiрлiк тәжiрибе алмасу мен өмiр ағыны. 4 стихия адам өмiрiнiң аясын қалыптастыруды дамытудың 4 бағыты сияқты болып келедi.

Адам естi немесе ессiз, бiрақ ұдайы үлкен биiкке ұмтылады, тұтастыққа, өмiрiн жарасымды дамытуға тырысады. Бұл дамуды бiржақты басқарудың маңызды шарты. Және бұл процеске инновациялық сауықтыру технологиясы көмектеседi.

Сауықтырудың дәстүрлi емес әдiсi оқу-тәжiрибелiк сағаттарға сенiмдi түрде кiрiп, дәстүрлi әдiстердi толықтырады, студенттердiң дене шынықтыру пәнiне деген қызығушылығын арттырады және денсаулықтарын нығайтады. Бұл мақалада 4-шi стихияның балансы сауықтыру технологиясының кейбiр аспектiлерi, психологиялық қайта құрылу дисконфорттық жағдайлары қарастырылған.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Апанасенко Г.Л., Попова Л.А. Медицинская валеология /Серия «Гиппократ». - Ростов н/Д.: Феникс, 2000. - 248 с.
- 2 Здоровье и здоровый образ жизни / Сост. И.М. Егорова - Мн.: ВЭВЭР, 2006. - 160 с.
- 3 Лебедев Н.В. Жизнь природных стихий. – М.: Белые альвы, 2000. – 240 с.
- 4 Дикаревич Л.М. Жизненные циклы развития человека. Философия и практика здорового образа жизни для молодёжи /Материалы международной конференции 25/26 апреля 2009 г. Смольный университет Российской Академии образования. – Спб., 2009. - С. 21-23.
- 5 Поляков В.А. Баланс 4-х Стихий. Моделирование здорового образа жизни. - Мн.: ВЭВЭР, 2006. - 116 с.
- 6 Поляков В.А., Полякова И.Ю., Панова О.И., Меньшова А.Ю. Психосистемология: Теория и практика /3-е издание, дополненное и переработанное - М.: РНАУМПКП 2006. – 327 с.
- 7 Экология детства. Сборник научно-практических разработок Центра психолого-медико-социального сопровождения ЭЗУО г. Москвы / Сост. И.Г.Дмитриева, Л.Н.Гозунова, Н.Б.Котомина, В.А.Панов. - М., 2002. - 78 с.



## **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматривается деятельность педагогов, психологов и врачей, работающих в области профилактики отклонений в развитии человека. Выделяются факторы, которые приводят к формированию устойчивой мотивации к здоровому образу жизни (ЗОЖ), как к способу достижения гармонии (баланса) с окружающим миром.

## **RESUME**

The primary goal of the teachers, psychologists and doctors, working in the area of preventing of deviation in the development of man. There are the factors which lead to the formation of stable motivation for the healthy lifestyle as a way of achieving harmony (balance) with the outer world.

**Д.Е. Сагимбаева**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
пед. ғыл. канд., доцент

**Г.З. Тажитова**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, магистр

**Ж.И. Арыстанбекова**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, магистр

## **Ағылшын тілі сабақтарында сыни тұрғыдан ойлауды сөйлеуге бағытталған іс әрекетте қолдану**

**Аннотация**

Қазіргі таңда жоғары оқу орнына түскен тілдік емес мамандықтардың бірінші курс студенттері ағылшын тілінде ойларын білдіруде, берілген тақырыпты талдауда, шешімдер қабылдауда, жалпы еркін сөйлеуде қиындықтарға тап болып отыр. Мақалада ағылшын тілі сабақтарында сыни тұрғыдан қолдану студенттердің сөйлеу қабілеттерін қаншалықты артқаны жайлы баяндалды. Мақала авторлары шет тілін үйренуде сыни тұрғыдан ойлануды қолданудың маңыздылығын атап көрсетеді.

*Түйін сөздер:* ағылшын тілі, сыни ойлау, дамыту, маңыздылық, шығармашылық.

Еліміздің экономикасы жылдан жылға артып әлемдік кеңістікке бет бұруда. Шет елдермен байланыстар ашылып, халықаралық қатынастар артуда. Шет мемлекеттермен байланыс орнатуда қолданылатын тіл ағылшын тілі болғандықтан оны оқытуға талап және оны үйренуге деген сұраныс күшейіп отыр.

Еңбек нарығы тек қана кәсіби шебер мамандарды ғана емес, сонымен қатар шет тілін кәсіби мақсатта пайдалана алатын, атап айтсақ, кәсіптік конференцияларда, семинар, талқылауларда шетелдік мамандармен еркін сөйлесе алатын, түрлі баяндамалар жасап, шетелдік әріптестерімен хат жазысып, халықаралық жобаларға және басқа маңызды іс – шараларға қатыса алатын мамандарды қажет етеді.

Елімізде ағылшын тілін оқытудың негізгі мақсаттарының бірі бәсекеге қабілетті кәсіптік бағытта шет тілін еркін меңгерген жастарды оқыту болып табылады. Білім беру орындарында ағылшын тілі маңызды пәндердің бірі болып табылады. Тілді оқыту оқытушыдан жоғары білік пен дағдыны талап етсе, оны үйрену оқушыдан үлкен дайындық пен жауапкершілікті қажет етеді.

Орта мектепті бітірген оқушылар ағылшын тілінің грамматикасын жақсы меңгерген, ағылшын тіліндегі оқу, тыңдау материалдарымен жұмыс істей алады. Алайда оқушылар үшін ағылшын тілінде еркін сөйлей алу қиындық туғызады.

Жоғары оқу орындарында тілдік емес мамандықтардың бірінші курс студенттерінің ағылшын тілі сабақтарында студенттердің сөйлеу қабілеттерін арттыру мақсатында түрлі әдіс тәсілдер қолдану өте маңызды. Осындай тиімді тәсілдердің бірі сабақтарды сыни ойлауды қолдану.

Сыни ойлауды қолдану төмендегі біліктіліктерді арттыруға себеп болады:

- әр салада үнемі көбейіп және жаңарып отыратын ақпаратпен жұмыс жасау;
- басқа тұлғалараға қатысты немесе ортаға байланысты шынайы ойын білдіру;
- өзінің жеке идеяларының, тәжірибесінің негізінде өз ойын дамыта алу;
- қиын мәселелерді шешу;
- өз бетімен дайындалуға бейімделу;
- топпен жұмыс істеуге, дұрыс қарым – қатынас жасауға бағытталу.

Сыни ойлау жаттығулары студенттерді қарым-қатынас жасауда кездесетін мәселелерді шешуге септігін тигізеді. Сыни ойлау студенттердің тілді үйренуге деген жағымды көзқарасын оятады, сөйлеуге бағытталған мүмкіндіктерін ашады. Егер студенттерімізге газет-журналдар, мақалалар кітаптар оқуға берсек немесе жаңа сөздерді жаттауды ұсынсақ, олар бұл ұсынысымызға жағымсыз қарап, аса көңіл бөлмейді. Егер сыни ойлау әдісін жаңа сөздерді меңгеру мақсатында қолдансақ немесе оқу материалына сыни ойлауды енгізсек, олардың көзқарасы және нәтижесі өзгеше болады.

Ағылшын тілі сабақтарында сыни ойлауды енгізу студенттердің әрқайсысының жеке тұлға ретінде қарауларына көмегін тигізеді. Сыни ойлау тапсырмаларын орындауда бірнеше жауаптар, нәтижелер және шешімдер болуы мүмкін. Оқытушы өзін көмекші ретінде немесе әртүрлі идеялар туындағанда өзінің дұрыс және әділ баға беруші ретінде әрекет жасауы тиіс.

Берілген зерттеу жұмысымызды тілдік емес мамандықтардың ағылшын тілін оқитын екі топтың студенттерінің ағылшын тілінде сөйлеу деңгейі негізінде жүргіздік. Зерттеудің бастапқы деңгейінде және соңғы деңгейінде екі топ студенттерімен ағылшын тіліндегі сөйлеу деңгейлерін тексеру мақсатында сұхбат алынды.

Бұл мақалада тілдік емес мамандықтардың ағылшын тілі сабақтарында сөйлеу әрекетінде сыни ойлауды қолдану арқылы студенттердің ағылшын тілінде сөйлеу қабілеттерін арттырғанымызды баяндаймыз.

Соңғы жылдары білім беруде сыни ойлауды қолдану жайлы көп еңбектер жазылып, талқылануда, атап айтсақ, оны жаңашылдығы және шет тілдерін үйренудегі қажеттілігі, пайдасы. Дегенмен сыни ойлаудың тамыры тереңде жатыр. Ғалымдар Р.Пол және Л.Елдер сыни ойлау ежелгі Грециядан бастау алып Сократтың кезеңінде жалғасын тапқан деген шешімге келеді [1]. Сократтың сыни ойлау жайлы идеяларын батыстың және советтік ғалымдар қолдауын тапқан. Мысалы, Л.Выготский «Білім беру психологиясы» атты еңбегінде кез келген ойлау белгілі бір қиындықтарды шешуге байланысты табылған жауап екендігін атап көрсетеді [2]. Көптеген батыс зерттеушілері Д.Халперн [3], Ч.Темпл [4], С.Уолтер [5], орыс зерттеушілері И.Загашев [6], И.Муштавинская [7] сыни ойлауды оқытушы мен студенттің зерттеу мәдениетінің жоғары деңгейі деп анықтайды.

С.И.Заир- Бек сыни ойлау технологиясы студенттің шығармашылығына жол ашады деп айтса [8], Н.Бордовская [9] және А.Риан [9] сыни ойлауды жаттығудың бір түрі деп пайымдайды. А.Рианның ойынша сыни ойлау:

Біріншіден, студенттердің өздігімен жұмыс істеуіне, шығармашылықтарын дамытуға көмектеседі;

Екіншіден, сыни ойлау ашық, терең, өз бетімен ойлауды арттырады;

Үшіншіден, әртүрлі ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге себебін тигізеді;

Американдық ғалым Д.Кластер білім алу еске сақтаумен ғана байланысты емес, ол сонымен қатар өз бетімен ойлауға тікелей байланысты деп шешеді. Автордың ойынша, түсіну сыни ойлаудың алғышарты болып табылады [10]. Д.Кластер сыни ойлаудың төрт ерекшелігін атап көрсеткен:



- Сыни ойлау - өз бетімен ойлау;
- Түсінбей, ойламай ақпарат жаңа білім алу мүмкін емес;
- Сыни ойлау сұрақ қоюдан және мәселелерді шешуден басталады;
- Сыни ойлау - әлеуметтік ойлау;

Жоғарыда берілген ғалымдардың сыни ойлау туралы айтқан шешімдерін қорытындыласақ, сыни ойлау студенттерді шешім қабылдауға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесетін тиімді тәсіл болып табылады.

Университетте ағылшын тілі жалпы міндетті модуль ретінде барлық тілдік емес мамандықтарда жүргізіледі. Студенттердің ағылшын тілі деңгейлері әртүрлі болып табылады. Олардың кейбіреулері арнайы мектептерде оқып, ағылшын тілі жетік меңгерген болса, басқалары жалпы білім беретін орта мектептерді тәмамдап ағылшын тілінен білім деңгейлері орташа болып келеді.

Эксперименттік жұмысымызды студенттердің ағылшын тілінде сөйлеу деңгейлерін тексеру мақсатында ағылшын тіліндегі сұхбаттан бастадық. Сұхбатқа радиоэлектроника және биология мамандықтарының 50 студенті қатысты. Олардың сөйлеу деңгейлері ағылшын тілінде еркін сөйлеу, өз ойларын білдіру, грамматикалық ережелерді дұрыс қолдану, тілдік құрылымдарды пайдалану, сұрақтарға жауап беру арқылы тексерілді. Студенттер 10 баллдық шкала бойынша бағаланды. Студенттердің деңгейлері лексика – грамматикалық тест арқылы анықталды. Сұхбат нәтижесін төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 1 Студенттердің сөйлеу дағдыларын тексеру нәтижесі

Деңгей	Төмен деңгей	Төмен деңгей	Орта деңгей	Орта деңгей	Жоғары деңгей	Жоғары деңгей
Топ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
Еркін сөйлеу	31,25	43,75	50	43,75	18,75	12,5
Өз ойын білдіру	37,5	43,75	31,25	50	31,25	6,25
Грамматика	43,75	50	50	37,5	6,25	6,25
Тілдік құрылым	43,75	50	50	43,75	6,25	6,25
Сұрақтарға жауап	41,25	48,75	45	42,5	13,75	8,75

Жоғарыда берілген кестеден екі топтағы студенттердің ағылшын тілінде сөйлеу деңгейлері төмен екендігін байқадық.

Бақылау тобында сабақтар дәстүрлі әдістер арқылы жүргізілді. Эксперименттік топта сабақтарымызда сыни тұрғыдан ойлау жаттығуларын енгізудің үш сатысын қолдандық. Олар: ой толғау, қабылдау және қолдану.

Бірінші сатыда миға шабуыл, тақырыпты алдын ала болжау, кластер немесе проблемалық сұрақтар қолдандық.

Миға шабуыл – кез келген тақырып бойынша бұрыннан белгілі ақпарат;

Тақырыпты алдын ала болжау- кез келген тақырып бойынша меңгерілетін білімді болжау;

Кластер – оқу материалын график түрінде жүйелеу, топтау;

Проблемалық сұрақтар – кез келген тақырып бойынша шешімі табылмаған сұрақтарға жауаптар іздеу;

Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар студенттердің жаңа тақырыпқа деген қызығушылықтарын арттырып, берілген тақырыптар бойынша бастапқы білімдерін анықтады. Студенттер бұрын меңгерген білімдерін жаңадан алған ақпаратпен байланыстыра алды. Студенттер жаңадан алған білімдеріне сыни түрде ойланып, алғашқы қорытындылар жасай алады.

Екінші сатыда студенттер түсінбеген материалға көңіл бөліп, бұрын меңгерген білімдерін жаңа ақпаратпен ұштастырып, салыстырып, сұрақтар қойып немесе сұрақтарға жауап беріп, ненің қажет немесе пайдалы екендігін анықтап, талдау жасауға және салыстырып, өз ойларын білдіруге дайындалады. Бұл кезеңде орындаған жаттығуларға идеал, ой картасы, инсерт жатады.

Идеал – берілген ақпараттан ең дұрысын таңдап, өзінің жауабын дәлелдеу;

Ой картасы – берілген ақпарат негізінде мақсатқа жету үшін өз ойын жүйелеу;

Венн диаграммасы – екі затты алып, олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын салыстыру;

Үшінші кезең бойынша студенттер бастапқы екі кезеңде орындаған жаттығулар арқылы меңгерген жаңа білімдері жайлы ойланып, топтағы студенттермен пікірталасқа түсіп, өздерінің жеке ойларын білдіріп, тақырыпты талдауға қатысып, проблемаларды шешуге қатысады.

Эксперименттік жұмыс соңында бақылау және эксперименттік топ студенттерімен зерттеуіміздің практикалық бөлімінің бастапқы кезеңінде жүргізілген сұхбат қайта жүргізілді. Сұхбат нәтижесі бойынша бақылау тобының студенттерінің білім деңгейі 18%-ға артқан, эксперименттік топ студенттерінің сөйлеу қабілеттері әлдеқайда артқандығын байқадық. Сұхбат нәтижесін төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 2 Студенттердің сөйлеу дағдыларын тексеру нәтижесі

Деңгей	Төмен деңгей	Төмен деңгей	Орта деңгей	Орта деңгей	Жоғары деңгей	Жоғары деңгей
Топ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
Еркін сөйлеу	18,75	37,5	56,25	50	25	12,5
Өз ойын білдіру	18,75	37,5	56,25	50	25	12,5
Грамматика	12,5	37,5	62,5	43,75	25	18,75
Тілдік құрылым	25	43,75	50	43,75	25	12,5
Сұрақтарға жауап	25	43,75	43,75	50	31,25	6,25

Берілген кестеден эксперименттік топ студенттерінің ағылшын тілінде сөйлеу деңгейлерінің артқандығын көре аламыз. Ағылшын тілі сабақтарында студенттердің ағылшын тілінде сөйлеу деңгейлерін көтеру мақсатында сыни ойлауды қолдану олардың жаңа ақпаратты меңгерулеріне, бұрынғы білімдерін пысықтап, жаңа материалмен ұштастырып, өздігінше шешім қабылдай алуға, ағылшын тілінде өз ойларын еркін білдіріп, тақырыпты талдауға қатысуға жол ашады. Сабақтарда сыни ойлау төменгі деңгей студенттерінің ашылуына, өз беттерімен жұмыс істеуге талпынуларына себебін тигізеді.

Зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе, ағылшын тілі сабақтарында сыни ойлауды студенттердің ағылшын тілінде сөйлеу деңгейлерін көтеру мақсатында қолдану тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Сабақтарда үш сатылы жаттығуларды енгізу студенттердің ағылшын тілінде еркін сөйлеп үйренулеріне, жаңа тілдік материалды меңгерулеріне, өз ойларын білдіріп, тақырыпты талқылауға қатысуларына септігін тигізді. Алайда біз ұсынған жаттығулар ағылшын тілін төмен деңгейде меңгерген студенттердің білім деңгейлерін сәл көтеруге себеп болғанымен, аталған жаттығуларды орындау олар үшін қиын болды. Сондықтан әрдайым студенттердің білімін көтеруге және олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді іздегеніміз жөн.



## ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Елдер Л., Пол Р. The Aspiring Thinker's Guide to Critical Thinking, Foundation for Critical Thinking, Dillon Beach, CA.
- 2 Выготский Л. Психология в образовании. Педагогика Пресс, 2005. – 200 с.
- 3 Халперн Д.Ф. Critical Thinking Across the Curriculum: A Brief Edition of Thought and Knowledge. Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum Associates, Inc., 1995. - 172 с.
- 4 Темпл, Ч. Критическое мышление и критическая грамотность // Перемена. - 2005. - № 2. - С. 15-20.
- 5 Уолтер С., Стил Дж., Мередит К., Темпл Ч. Сыни ойлау негіздері: Әдістемелік құрал. - М., 1997. - С. 32-33.
- 6 Загашев И.О., Заир-Бек С.И. Критическое мышление: технология развития. - СПб.: Альянс «Дельта», 2003.
- 7 Муштавинская И.В. ТРКМ: научно – методическое осмысление // Методист. – 2002. - №2.
- 8 Заир – Бек С.И., Муштавинская И.В. Развитие критического мышления на уроках. – М.: Просвещение, 2007.
- 9 Риан А., Бордовская Н. Психология и педагогика. - С.Петербург, 2002. - 432 с.
- 10 Клустер Д. What is critical thinking?// Critical thinking and new types of literacy. - М.: CGL, 2005. - С. 5-13.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается важность использования критического мышления в целях развития навыков говорения на занятиях английского языка.

## RESUME

This paper considers the importance of using critical thinking for the purposes of developing students' speaking skills in the English classes.



**Ж.Е. Абдыхалыкова**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті,  
Ph.D докторы

**Университет  
студенттеріне  
академиялық  
қолдау көрсету  
кешенін  
ұйымдастырудың  
теориялық моделі****Аннотация**

Қазақстан ЖОО-ның үш сатылы білім беру бағдарламасына көшу жағдайында бакалавриат студенттеріне академиялық қолдау көрсетуді ұйымдастыру қажет етеді. Себебі мақсатты ұйымдастырылған академиялық қолдау көрсету кредиттік оқыту технологиясында білім алушылардың академиялық кедергілерінің алдын алу, жеке оқу траекториясын саналы қалыптастыруға, субъектілік позициясын артуға әсер етеді. Осы орайда, мақалада ҚР жоғары білім беру жүйесін реформалау мен жетілдірудегі кездесетін мәселелерді шешу үшін озық мемлекеттердің, соның ішінде АҚШ университеттеріндегі студенттің жеке тұлғаға бағытталған оқыту ортасын қалыптастырудағы бірнеше ғасырлық тарихы бар озық тәжірибелерінен зерделенген кредиттік оқыту технологиясы жағдайында студенттерге академиялық қолдау көрсетудің теориялық моделі ұсынылады. Теориялық модельде, университет студенттеріне академиялық қолдау көрсету бағытының мақсаты мен мазмұны, қағидалары, компонентері, бағыттары және формалары мен құралдары, нәтижелері сияқты элементтері анықталған.

*Түйін сөздер:* студенттерге академиялық қолдау көрсету, академиялық эдвайзер, тьютор, ментор, бағыт-бағдар беруші курстар

Кредиттік оқыту технологиясы білім алушылардан жеке оқу траекториясын жүзеге асыру, оқуға арналған уақытты рационалды пайдалану, әртүрлі бағыттағы өздік жұмыстарды орындау үшін жоғары білім беру жүйесі білім алушылардан белсенділік, бастамашылық, жауапкершілік, дербестік сияқты жекетұлғалық қасиеттерін көрінуін талап етеді. Аталған міндеттер мен жүктемелер әсіресе студенттер үшін академиялық бағыттағы қиындықтар туындатады. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің студенттерімен жүргізілген сауалнама қорытындысының эмпирикалық мәліметтерін анализдеу, сонымен қатар студенттер мен оқытушылармен жүргізілген сұхбаттасуларға сүйене отырып, студенттердің академиялық мәселелерін шартты түрде төртке бөлуге болады:



- 1) университетке бейімделу
- 2) оқу үдерісінде өзін-өзі ұйымдастыру
- 3) студенттің өздік жұмысы
- 4) университеттің білім беру үдерісінде таңдау жасау

Бұл мәселелер студенттің кәсіби дамуының негізі болатын жеке оқу траекториясын жоспарлау мен жүзеге асырудағы негізгі кедергілер, сондықтан академиялық қолдау көрсету бағытының мазмұны мен студенттің әрекеттесуі осы мәселелерді шешуге бағытталуы тиіс.

Білім алушыларға академиялық қолдау көрсету (Student Academic support) халықаралық термин ретінде, университеттік оқу бағдарламасын меңгеру барысында студенттің академиялық үлгеріміне, әлеуметтенуіне институционалды ұйымдасқан түрде әсер ету, олардың білімдегі қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, арнайы мамандар тарапынан кеңестер беру кешенін анықтайды [1, 46].


АҚШ-тың жоғары білім беру жүйесіндегі, оның ішінде студенттерге академиялық қолдау көрсетуді ұйымдастыру бағытына (Student Academic support ) теориялық, тәжірибелік талдау жүргізу, олардың жеке бір ұйымдасқан студенттерге қолдау көрсету кешені ретінде жұмыс атқаратынан аңғартады [2, 135]. Демек, отандық ЖОО-дағы білім алушылардың субъектік позициясын белсендіру, жеке дараландыру, оқу-танымдық дағдыларын, дербестігін, студентке өмір бойы білім алу дағдыларын қалыптастыруды көздейтін кредиттік оқыту технологиясында студенттерге академиялық қолдау көрсетуді кешенді түрде жүргізуіміз қажет етеді. Білім алушыларға академиялық қолдау көрсету кешенін ұйымдастыру барысында институттың мақсаты мен міндеттері, студенттердің академиялық, әлеуметтік қажеттіліктері, факультеттің мүмкіндіктері, оқу бағдарламалары мен курстарының күрделілігі, университеттің қаржылық жағдайы, құрылымы сияқты маңызды мәселелерді ескерген жөн.

Педагогикалық ғылымда соңғы жылдары В.Г. Афанасьев [3], В.А. Веников [4], Б.А. Глинский [5] және т.б. ғалымдардың еңбектеріне негізделген моделдеу әдісі кеңінен қолданылады. Моделдеу-зерттеу объектісінің мәнін толық айқындауға мүмкіндік береді. Ал ғылымда кең тұрғыда модель сөзі кейбір шартты жағдайларда зерттеу жұмысының түпнұсқасының қасиеттерін қайта жасайтын аналог, түпнұсқаның орнын басушы (ақиқаттың үзіндісі) деген мағынаны білдіреді.

Зерттеуіміздің міндеттеріне орай, АҚШ–тың жоғары білім беру жүйесіндегі студенттерге академиялық қолдау көрсету тәжірибесінің озық бағыттарын, бағдарламаларын, қазақстандық кредиттік оқыту технологиясында студенттердің жеке оқу траекториясын жүзеге асыруға ықпал ету мақсатымен енгізілген жаңа педагогикалық, академиялық қызметтердің іс-әрекетін ескере отырып, кредиттік оқыту технологиясында *университет студенттеріне академиялық қолдау көрсету кешенін ұйымдастырудың теориялық моделін* ұсынамыз (сурет 1). Құрылымдық-теориялық модель, университет студенттеріне академиялық қолдау көрсету іс -әрекетінің мақсаты мен мазмұны, академиялық қолдау көрсету қағидалары, компонентері, бағыттары, субъектілердің әрекеттесу формалары мен құралдары, академиялық қолдау көрсетудің нәтижесі мен рефлексия элементтерінен тұрады.

Ендігі кезекте, университет студенттеріне академиялық қолдау көрсету кешенінің құрылымдық моделінде көрсетілген әрбір элементтерін жекелеп қарастырып, түсініктеме беруді қажет етеді.

Университет студенттеріне академиялық қолдау көрсетудің құрылымдық-теориялық моделі



Сурет 1 - Университет студенттеріне академиялық қолдау көрсетудің теориялық моделі



*Студенттерге академиялық қолдау көрсетудің мақсаты:* кредиттік оқыту технологиясында білім алушылардың академиялық кедергілерінің алдын алу, жеке оқу траекториясын саналы қалыптастыруға әсер ету. Осы орайда, академиялық қолдау көрсету субъектілерінің әрекеттесуінің басты мақсаты, студенттің дербес жеке оқу траекториясын құруда, кәсіби қалыптасуында кездескен қиындықтарды студенттің пайдасына шешуге жағдай жасау.

Ғылыми әдебиеттерге теориялық анализ жасаудың негізінде, сонымен қатар студенттік жас кезеңінің ерекшеліктерін (ересектік жасқа өту, дербестікке қажеттілік, өзін-өзі басқару, өзін-өзі жетілдіру, осы жас кезеңіне тән мінез бітістері мақсаттылық, батылдық, белсенділік, оқу іс-әрекетінің көмегімен өмірлік мәселелерін жетуге дайындығы, әлеуметтік тәжірибе жинау) ескере отырып, білім алушылардың жеке оқу траекториясы мен білім алу дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайтын төмендегідей студентпен академиялық қолдау көрсету қызметкерлерінің әрекеттесу қағидаларын айқындадық:

- 1) *Адамгершілік құндылықтарының басымдылығы қағидасы;*
- 2) *Еріктілік;*
- 3) *Субъектік ұстанымын белсендіру;*
- 4) *Теңқұқықтық қағидасы (субъект-субъектік қарым-қатынас);*
- 5) *Икемділік қағидасы;*
- 6) *Бірлесіп жұмыс атқару (кооперация) қағидасы;*
- 7) *Жеке даралану қағидасы;*

Әлемдік озық академиялық қолдау көрсету бағдарламаларына талдау жасау барысында іріктеліп алынған академиялық эдвайзер, тьютор, ментор бағдарламалары мен бірінші курс студенттеріне арналған бағыт-бағдар беруші курстары, университет студенттеріне академиялық қолдау көрсету кешенінің құрылымдық моделінің компоненттерін құрады.

*Дамытушы академиялық эдвайзер (Develepmental Academic advising)* - қолдау көрсетудің негізгі компоненті ретінде, білім алушылардың жеке - дара сенімі мен көзқарастарына сыйластықпен қарау негізінде, студенттің қажеттілігі мен университет талабы арасындағы қарама - қайшылықтарды екі жақтың пайдасына шешуге, студенттің әлеуметтік, әлеуеттік, отбасылық, жас және жеке дара, ұлттық, гендерлік ерекшеліктеріне назар аударуға, студенттің академиялық мүмкіндіктерін біртіндеп айқындау арқылы, жеке оқу траекториясын саналы қалыптастыруға, жүзеге асыруға университет ресурстарын жүйелілікпен пайдалануына, кредиттік оқыту технологиясының студентке қажетті тұстарын, басымдықтарын, студенттің кәсіби маман ретінде қалыптасуына әсер ететін күнделікті университетішілік іс-шараларды телефон, электронды пошта, жеке-дара кездесулер арқылы жеткізуге жауапты болады.

*Тьютор* қызметін, оқытушылар, немесе ерікті түрде (волонтер) оқу үлгерімі бойынша жоғары көрсеткіштер көрсеткен жоғары курс студенттері, немесе магистратура, докторантура білім алушылары атқарады. Тьютор қызметі, пәндердің силлабусы негізінде, оқу курсының күрделі тақырыптарын, немесе студенттің өздік жұмыстарын жеке-дара, немесе шағын топта, білім алушылармен бірлесіп талдаудан, пікірталас жүргізуден тұрады. Тьютор бағдарламасының мақсаты - белгілі бір пән бойынша студенттің оқу тәжірибесін арттыру, академиялық артта қалушылықтың алдын алу арқылы студенттің жеке оқу траекториясының саналы жүзеге асыруына әсер ету.

*Ментор* қызметін, кафедра оқытушылары, немесе ерікті түрде (волонтер) университеттік тәжірибесі мол жоғары курс студенттері, немесе магистратура, докторантура білім алушылары атқара алады. Ментор бағдарламасының мақсаты – 1, 2 курс студенттерін, жоғары білім беру жүйесіне бейімделуіне ықпал ету; студент-оқытушы байланысын жетілдіру; бірінші курс немесе ауысып келген студенттерді университеттің бір мүшесі ретінде сезіндіру; оқу мотивациясын арттыру; оқу мәселелері

бойынша пайдалы кеңестер беру. Менторлықты, оқытушылар, немесе ерікті түрде (волонтер) оқу үлгерімі бойынша жоғары көрсеткіштер көрсеткен жоғары курс студенттері, немесе магистратура, докторантура білім алушылары атқарады.

*Бірінші курс студенттеріне арналған бағыт-бағдар курсының* мақсаты, білім алушылардың кәсіби дамуы мен жеке оқу траекториясын құруға кедергі келтіретін академиялық мәселелер мен кедергілердің алдын алу, университет ортасына бейімделуге әсер ету; студенттің өзбетімен білім алуда субъектік позициясын белсендіру. Курстың соңында *студенттер*, университет саясаты; студенттер ісімен айналысатын университет қызметтері мен функциялары, академиялық қолдау көрсету қызметкерлері эдвайзер, тьютор т.б. университеттің оқыту үдерісі; ЖОО-да өздік жұмысты ұйымдастырудың мақсаты, міндеттері; оқу-танымдық дербес іс-әрекетті ұйымдастыруды жоспарлау; оқу-танымдық іс-әрекетті басқару және бағалау; ақыл-ой еңбегінің мәдениетін қалыптастыру; жеке оқу жоспарын саналы құру туралы түсініктер қалыптасуы қажет. Бағыт-бағдар беру курстарын, арнайы дайындықтан өткен академиялық эдвайзерлердің жүргізуі міндетті.

Жоғарыда айтылғандай, жоғары білім беру жүйесінің үрдісін талдау, кредиттік оқыту технологиясын пайдалану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі міндеттері: білім көлемін біріздендіру, оқытуды барынша дараландыру үшін білім алушыларға жағдай туғызу, білім алушылардың өзіндік жұмыстарының рөлі мен тиімділігін күшейту және т.б. талаптары мен басымдықтарын, сонымен қатар, ақпараттық технологиялар даму жағдайында студенттердің талаптарын ескере отырып, академиялық қолдау көрсету қызметінің келесі функцияларын айқындадық: студенттің кәсіби дамуына әсер ету; жобалау; басқару; рефлексия және өз білімін жетілдіру.

*Студенттің кәсіби дамуына әсер ету функциясы* студенттің жеке оқу траекториясын жобалауда және жүзеге асыруда болатын кедергілер мен күрделі мәселелерді шешу; студенттің дербестік, жауапкершілік пен шығармашылық қасиеттерінің көрінуіне жағдай жасау; үздіксіз өзбетімен білім алуға, өзін-өзі кәсіби дамытуға ынталандыру; оқыту үрдісінде студенттің қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін айқындау; студенттің субъектілік тәжірибесіне сүйену; оқыту үдерісінде қиындық немесе түсініксіздік танытатын жағдайларда көмек көрсету; шешімін табуға әсер етуден тұрады.

*Басқару функциясы* университетшілік әріптестерімен, басқа да академиялық қолдау көрсету компоненттерімен (тьютор, ментор), оқытушы-профессор құрамымен, сонымен қатар басқа жоғары оқу орындары мен ұйымдармен, кәсіби мекемелермен тығыз байланыста болуды қажет етеді. Себебі, университеттің студенттер ісімен айналысатын қызметтерінің ынтымақтаста бірлесіп жұмыс істеуінсіз, студенттерге толыққанды академиялық қолдау қызметімен қамтамасыз ету мүмкін емес.

*Білімін жетілдіру және рефлексия функциясына* өзіндік іс-әрекетін талдау, академиялық қолдау көрсету компоненттерінің (эдвайзер, ментор, тьютор) кәсіби іс-әрекетінде мақсатты және дербес түрде жаңа кәсіби білімдер мен дағдыларды үйренуге, біліктілігін арттыруға дайындығы жатады.

*Академиялық қолдау көрсету үдерісінің формалары мен құралдары*, олардың компоненттері мен студенттің әрекеттесу мақсатымен, сонымен қатар кеңес беру мазмұнына сай іріктеліп, жүргізіледі.

Студенттің жас кезеңінде жоғары білім алу, студенттің қоғамдық байланыс пен міндеттерді ескере отырып, өмірлік мақсаттарды жүзеге асыру құралы болуымен ерекшеленеді. Соған байланысты, академиялық қолдау көрсету формаларына кеңес беру, модерация, тренинг, коучинг, практикалық сабақтарды жатқыза аламыз. Әрине, әрбір әсер ету формасы академиялық қолдау көрсету мамандары мен студенттің әрекеттесуінің мақсаты мен мазмұнына сай таңдалады.

Ұсынылып отырған әрбір академиялық қолдау көрсету формаларының басымдықтары мен шектеулері бар. Олардың ұтымды пайдалануы проблемалық жағдайдың, білім алушыларға әсер ету ерекшеліктеріне байланысты жүргізіледі. Студент



пен академиялық қолдау көрсету компоненттерінің әрекеттесуінде әртүрлі құралдарды қолдану, академиялық кеңес беру үдерісінің мазмұнын сипаттайды. Технологиялық мәдениет дәуірінде ақпараттық коммуникация құралдары (интернет, электронды пошта, форум, чат, блок, телефон, факс және т.б.) студент пен академиялық қолдау көрсету персоналдарымен үнемі байланыста болуға мүмкіндік береді. Дегенмен ақпараттық коммуникативтік технологиялар, бетпе-бет қарым-қатынас жасауды алмастыра алмайды, біздің моделімізде қосымша байланыс жасау құралы ретінде қарастырылады.

*Академиялық қолдау көрсетудің нәтижесі*, білім алушының жеке оқу траекториясын саналы қалыптастыруда, жүзеге асыруда кезіктіретін академиялық проблемаларын мақсатты орындауда біртіндеп шешімін тауып, келесі түрде беріледі:

- білім алу үрдісінде субъектілік қарым-қатынас, дербес білім алу, жеке оқу траекториясы мен кәсіби келешегінде белсенділік, жауапкершілік, бастамашылық (инициатива) көрсетуі.

- академиялық қиындықтарды шешу және жеке оқу траекториясын жобалау мен жүзеге асыруда жағымды мотивацияның қалыптасуы;

- академиялық мәселелерді шешуді саналы түрде ұғынуы;

- оқу үлгерімінің артуы;

- меңгерілген тәжірибені дербес анализдеу және рефлексия жасау алуы .

*Академиялық қолдау көрсету нәтижелеріне талдау жүргізу және рефлексия* (кері байланыс) орнату академиялық қолдау көрсету моделінің негізгі компоненті болып табылып, академиялық қолдау көрсету үлгісін тиімділеуге, субъектілердің өздерінің іс-әрекетін сырт көзбен бақылауға, кеңес берудің басымдықтары мен кемшіліктерін ескеру, студент пен эдвайзер немесе тьютордың болашақтағы біріккен іс-әрекетіне түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, кредиттік оқыту технологиясының талаптары, студенттен жоғары ұйымдасқан деңгейде дербестік, өз уақытын ұйымдастыру, дербес білім алу дағдыларының қажеттілігіне жоғары сұраныс туындатады. Ол үшін студенттің білім алудағы субъектік позициясын, жеке оқу траекториясын саналы қалыптастыруға әсер ететін жаңа педагогикалық технологияларды қолдануымыз қажет. Бұл жағдайда, ұсынылып отырған АҚШ-тың академиялық қолдау көрсету бағытындағы тәжірибелерінен зерделенген академиялық қолдау көрсетудің теориялық моделі, отандық университеттердің оқу-тәрбие үдерісін студентке бағытталған оқытуды қағидаларына сай ұйымдастыруда қолданыла алады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Brubacher J., Willis R. Higher Education in Transition. - New Brunswick: Transaction Publishers, 2002. - 436 p.
- 2 Winston R.B. Counseling and Helping Skills. Student Services: Handbook for the Profession. (4th ed.). - San Francisco: Jossey-Bass, 2003. - 564 p.
- 3 Афанасьев В.Г. Общество: системность, познание и управление. - М: Политиздат, 1988. – 335 с.
- 4 Веников В.А. Теория подобия и моделирования: (применительно к задачам электроэнергетики). - М.: Высш. школа, 1984. – 439 с.
- 5 Глинский Б.А. Моделирование и когнитивные репрезентарии. - М.: Альтекс, 2000. – 147с.

---

## **РЕЗЮМЕ**

В данной статье на основе зарубежного опыта обоснована теоретическая модель академической поддержки студентов в условиях кредитной технологии обучения. В теоретической модели определены структурные компоненты: цели, задачи, содержание, принципы, формы, средства, результат академической поддержки студентов в условиях университетского обучения.

## **RESUME**

In this article, based on international experience there was substantiated a theoretical model of academic support of students in the conditions of credit technology. In the theoretical model there were defined structural components: goals, objectives, content, principles, forms, tools, results of academic support of students in the conditions of the university education.



### Аннотация

Мақалада салауатты өмір салтына құнды қатысты қалыптастыру мәселесі құндылық категориясы ретінде қарастырылған. Философияның арнайы білім саласы ретінде аксиологияны қалыптастыру процесі қазіргі заманда ғана өзекті бола бастамағаны, оның ежелгі әлемде құндылықтардың сипаты мен шығуы туралы белгілі бір идеялар қалыптасқаны сөз етіледі.

*Түйін сөздер:* салауатты өмір салты, аксиология, құндылық, педагогика.

### Е.А. Абылкасимов

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті,  
Ph.D докторанты

## Салауатты өмір салты - құндылық категориясы

Құндылық ұғымы зерттеуге қиын көп жағдайда қарама-қайшы және бірімді емес құбылыс. Бүгінгі күнгі осы проблемаға арналған қолда бар әдебиеттерге талдау жасау, құндылық ұғымы мен оған берілген анықтамалар, бұл ұғымның мазмұнына үлкен назар аударылып отырғандығын аңғартады. Сонымен қатар құндылықтың мәнін түсіну әртүрлі баламалы тұжырымдар мен тұжырымдамалар түрінде ұсынылған.

Құндылықтың философияның ерекше бөлімі ретінде қалыптасу процесі Жаңа заманнан басталған. Дегенмен құндылықтың мәні мен оның пайда болуы туралы белгілі бір көзқарас Көне заманның өзінде-ақ болған. Көне гректер дәстүрлеріндегі құндылық көзқарасы оның тұрмысымен анықталып, ал құндылық сипаттамасы оның ұғымына кірген. Құндылық оның тұрмысынан бөлінбейтін, басынан бастап, соның ішінде бар және міндетті нәрсе ретінде қарастырылған.

Адамдардың рухани жетілуінде дін мен философияны салыстырған әл-Фараби философия дәлелдеуді, ал дін сенуді қажет етеді, бірақ екеуі де адамдардың ақиқатқа жетуіне көмек бере алады, деп көрсетеді. Философия мен дінді, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым ретінде қараған, ол адам баласын жаратылыстың ең ұлы құндылығы деп есептейді. Сондықтан олардың арасындағы құнды қатынасты жоғары қояды [1].

Ұлы ойшылдың «Бақытқа жету туралы», «Бақытқа жету жолының көрсеткіші», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактаттары осы құндылық мәселесіне арналған [2].



Әл-Фараби түсінігі бойынша: «барлық заттың өлшемі, ол – басты құндылық, адамзат қоғамының бақытқа жетуіне деген кәміл сенім, осы кемелденудің арқасында адам мен ғарыш арасында, адамның өзінде үйлесімдік орнайды», деп көрсетеді. Ойшылдың бұл ойы қазіргі білім берудегі синергетикалық тұғыр заңдылықтарына сәйкес келеді.

Ұлы ойшыл «...адам кемелденудің шыңына жетуге талпынады» деп көрсетеді, бұл бүгінгі ғылыми көзқарастағы акмеологияға («акме» – көне грек сөзіне «шын» кез-келген нәрсенің «ең жоғарғы нүктесі» деген мағынаны білдіреді) сәйкес келеді. Оның ойынша, мұндай адамда төрт ізгілік көзі болады:

- теориялық ізгілік;
- ойшылдық ізгілік;
- этикалық ізгілік;
- білімге негізделген өнер, деп тұжырымдаған [3].

Жетілу үшін ең қажетті нәрсе жүрек қайраты мен жылуы, ал бұл жетілудің «басты құралы», деп көрсетуіндегі тұжырым, қазақтың ұлы ойшылы Абайдың ойларына сәйкес келеді.

Ұлы Дала тұрғындары ата-бабамыздың әлемге деген ерекше қарым-қатынасымен құндылықтық-нормативтік жүйесін жасауда қазақ жыраулары үлкен рөл атқарды. Қазақ жыраулары Ұлы Даланың қайталанбас болмыс кітабын жазды. Көшпенділік әлемі өзгелерге ұқсамайтын өз мәдениетінің номадтық құндылықтарды қамтитын өзіндік мифологиясын дүниеге әкелді [4].

Бақсы, күйші, жыраулар құндылықтарды тек насихаттап қана қойған жоқ, бұл құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырды.

Жыраулар поэзиясында оның тәрбиелік-педагогикалық бағытына назар аударған. Олар құндылықтарды жариялауды ғана мақсат етпейді, осы құндылықтарды тәртіптің мөлшері, қажетті принцип ретінде жариялады. Жыраулар Дала жұртының ұстазы болып қоймай, өздері маңызды саяси қызметтің де ауыртпалығын көтере білді.

Табиғатқа етене жақындық, табиғат пен көшпенділердің рухани және эмоциялық бірлігі әлеуметтік әріптестіктің ерекшеліктерін, олардың құндылық-нормативтік кешендерін анықтайды. Көшпенділердің өмір салты, шаруашылық әрекеті, адамгершілік қасиеттерге, тұлғаның құндылық ұстанымдарына ерекше талап қойды. Адам ерекше зеректік, адамгершілік, сабырлық, төзімдік қасиеттерінсіз қатаң далалық өмір жағыдайында өмір сүре алмас еді [5].

Бұлжымас рухани құндылықтар мен дәстүрлі дүниеге қатынас үлгілеріне жүгіну қазақ көшпенді қоғамының әрбір мүшесінің күнделікті өмірін анықтады. Көшпенділік әрекет ретінде келмекке кеткенімен оның түпкілікті мәдени құндылықтары белгілі бір өзгерістермен, жаңғырумен бүгінгі заманғы қазақ халқы діннінің өзіндік сипаттарын анықтайды.

Орта ғасырларда құндылықты діни мазмұнмен байланыстырды. Өрлеу дәуірінде, керісінше, адам құндылығын және адами құндылықты бірінші орынға шығарды.

Құндылықты философияның жеке категориясы ретінде қарастыру ХІХ-ғасырда Г.Лотценің еңбегінен басталды. Құндылықтар адамның орындау міндеті сипатына ие, яғни: «құндылықтың анықтамасы» «адамның толымды, мейірімді, адами болу үшін орындауға тиісті іс-әрекеттерді біріктіреді» [6].

Құндылық проблемасы бойынша зерттеуде үлкен қосқан немістің классикалық философиясының өкілі И.Кант. И.Кант бойынша барлық құндылықтар (принциптер, идеялар) таза форма болып табылады, яғни ол рухта болатындықтан оны ұстап көруге болмайтындықтан ол жаппай мәнділікке ие бола алады. Сонымен, «моралдық мінез-құлық барлық уақытта ол адамның жасағысы келетіні емес, ол сондай болуы керектігін белгілейтін моралдық заң болып табылады». «Құндылық пен норма іс-әрекеттің басқарушысы, ал кез келген құндылық бұл мақсат болып табылады, ол кез келген



санадағы норманың құраушысы болып табылатын идеал болғандықтан оған жетуге тырысу қажет».

Сонымен қатар сыртқы әлемнің құбылысы (зат, құбылыс, оқиға, іс-әрекет), сезіну (идеал, образ, ғылыми тұжырым) дерегі де құндылық бола алады [7].

Классикалық неміс философиясының басқа өкілі – Г.Гегель утилитарлы және рухани құндылықтың екі түрінің аражігін ажыратуға баса назар аударды. Утилитарлы (экономикалық) құндылық товар ретінде кіреді. Бұл құндылықтар барлық уақытта салыстырмалы, яғни сұранысқа, дәміне, әлеуметке т.б. байланысты болады. Ал рухани құндылықты Г.Гегель рухтың еркіндігімен байланыстырады. Абсолютті құндылық өзінің табиғаты бойынша рухани болып табылады [8].

Орыс философиясында да шетелдегі сияқты құндылық теориясына деген үлкен қызығушылық XIX ғасырдың екінші жартысында туындады, бірақ құндылық саласына байланысты белгілі бір идеялар оған дейін көп бұрын философтар еңбектерінде айтылған болатын. Құндылық проблемасы бойынша орыс философтарының зерттеулердегі ең басты назар аударатын мәселе құндылық үш тағаны – Ақиқат (Шындық), Жақсылық, Сұлулық (Әдемілік). Бұл проблеманы орыстың діни философтары В.С.Соловьева, П.А.Флоренский, С.Л.Франк, Н.О.Лосский және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты зерттелген.

Ал, қазақ жерінде ежелгі түріктік заманнан қазіргі заманға дейін құндылық проблемасына ғұламалар, ақын-жыраулар, би-шешендер, қазақ зиялылары да басты назар аударған. Олар: Қорқыт, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, И.А.Яссауи, А.Иүгінеки, М.Қашқари, Х.Кәтиби, С.Сарай, Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкірім т.б. ақын-жырау, би-шешендер және XX ғасыр зиялылары.

Бұл зерттеулерге талдау жасап, ғалымдар құндылық бағдары адам санасын, әлеуметтік прогрестің алға жылжуын қамтамасыз ететін күш деген тұжырым жасаған [9].

Оның негізіне бағдарланған мемлекет интеллектуалды сипатта сапалы деңгейге көтерілетіндігі байқалады. Керісінше, құндылық дамуының жеткілікті деңгейі болмаған жағыдайда үлкен зұламат, күйзеліс, зардапты жағыдайлардың болғандығына тарихтан көптеген мысалдар келтіруге болады [10].

Бұдан әрі, біз зерттеп отырған проблеманың отандық ғылымда, соның ішінде жалпы педагогикада пайда болуының тарихи алғы шарттарын анықтап алу маңызды болып көрінеді. Тарихи әдебиеттерге талдау жасау отандық ғалымдардың зерттеліп отырған құндылық проблемасына соңғы кезде басты назар аударуына саяси және әлеуметтік–мәдени жағыдайлардың әсер еткендігін, соның ішінде елдің ішкі және сыртқы саясаттын ырықтандыру процесімен байланысты болғандығы байқалады. Бұл процестің салдарынан экономикалық және саяси өмірде түбігейлі өзгерістер ғылымда ізгілендіру мен гуманитарландыру жүргізілді. Бұған дейінгі қол жетімсіз болған ғылыми ақпаратқа еркін мүмкіндіктің ашылуы кеңес философтарына құндылық проблемасына маркстік-лениндік теория тұрғысынан қарауға мүмкіндік берді.

Құндылықты категориясын философия теориясы тұрғысынан А.Г.Здравомыслова, М.С.Каган, В.А.Ядов және т.б. қарастырып, білім берудің аксиологиялық бағдарын анықтауға үлкен үлес қосты.

Қазіргі кезде педагогика ғылымында мәдениеттанушылық, синергетикалық, аксиологиялық, акмеологиялық т.б. тұғырлар белгілі бір деңгейде қалыптасты [11].

Аксиология тұғырының сипаттамасына тоқталайық.

Біздің зерттеу мәселесі үшін жоғары атап айқандай, аксиологиялық тұғыр доминанты болып келеді, сондықтан оны арнайы қарастыруды жөн көрдік.

Философия арнайы білімінде саласы ретінде аксиологияны қалыптастыру процесі қазіргі заманда ғана өзекті бола бастады, бірақ ежелгі әлемде құндылықтарды сипаты мен шығу туралы белгілі бір идеялар қалыптасқан болатын.

Аксиологиялық тұғыр педагогикалық білім беруде ХІХ ғасырдың аяғында пайда болды. Ұлы педагог К.Д.Ушинскийдің ғылыми көзқарасының арқасында, педагогикада «адам ұғымы табиғи, әлеуметтік-мәдени, материалдық, денелік және рухани бірлестікте зерттелетін ерекше феномен ретінде қарастырыла бастады. К.Д. Ушинский адамның жеке басының құндылығы оның санасын қалыптастырып, оған жақсылыққа жол ашатын оның тәрбиесінде», – деп көрсетті [12].

Адамның жеке басының құндылығы мен жеке тәрбиесімен бірге К.Д.Ушинский жалпы адамзаттық құндылықтармен байланысты ұлттық тәрбиені бірге қарауды ұсынды [13].

Аксиологиялық тұғыр бұл білім беру жүйесін перспективті бағытта жетілдіруіне байланысты ұсынылған және жеке тұлғаны дамыту үшін педагогикалық ресурстарды пайдаланудың оңтайлы кәсіби даму жолын көрсететін философиялық-педагогикалық стратегия [14].

Педагогикалық аксиология педагогикалық қызметтің адам өмірінің құндылығы ретінде қарастыратын педагогиканың білім тарауы. Педагогикалық аксиологияның пәні жеке тұлғаның мінез-құлқы және қарым-қатынасында құндылық санасын қалыптастыру. Педагогикалық аксиология құндылықты жеке және қоғамдық сананың синтездік құрылымы ретінде қарастырады. Бұл құрлымдар жеке тұлғаның және қоғамның іс-әрекетінің бағдары мен идеалды үлгісі болып табылады. Педагогикалық аксиология философтардың этникалық ілімі мен құндылық туралы трактатарының теориясына сүйене отырып, педагогикалық іс-әрекеттің құндылықтарын бөліп қарастырады. Бұл құндылықтар мұғалімнің кәсіби мәдениетінің іргетасы мен гуманистік идеалдарын анықтайды [15].

В.А. Слостенин «Субъектно-деятельностный подход в образовании» атты еңбегінде субъектілік, іс-әрекеттілік тұғыр турасында төмендегі пікірді алға тартқан: «Педагогикалық аксиология философтардың этикалық ілімі және құндылықтарды теориясы түсіндіру негізінде, педагогикалық білім беру қызметінің құндылықтарын көрсете отырып, гуманистік идеалдар мен мұғалімдердің кәсіби мәдениетінің негізін анықтайды [16].

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрмұратов С.Е. Әл-Фараби іліміндегі рухани құндылықтар // Наследие аль-Фараби и мировая культура: Материалы Международного конгресса «Наследие аль-Фараби и мировая культура», 28-29 сентября 2000 г. / Гл. Ред. А. Нысанбаев. – Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2001. – 175-181 с.
- 2 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. - Алматы: Ғылым, 1973. – 235 б.
- 3 Аль-Фараби. Избранные трактаты. - Алма-Ата: Ғылым, 1994. – 298 с.
- 4 История Казахстана: народы и культуры: Учебное пособие / Масанов Н.Э. и др. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 608 с.
- 5 Танирбергенова Г.Т. Нравственные начала национального самосознания. Дисс. ... канд. филос. наук. – Алматы, 1996. – 98 с.
- 6 Баева Л.В. Ценности изменяющегося мира: экзистенциальная аксиология истории. - Астрахань: Изд-во АГУ, 2004. - 282 с.
- 7 Казакина М.Г. Ценностные ориентации школьников и их формирование в коллективе / М.Г. Казакина. - Л., 1989. - С. 12-68.
- 8 Современная философия науки: Знание, рациональность, ценности в трудах мыслителей Запада. Хрестоматия. - 2-е изд., перераб. и доп. / Сост.: А.А. Печенкин.- М.: Логос, 1996. - 397 с.



- 9 Омаргазин Р. Дух как онтологическая основа духовности // Адам әлемі – Мир человека. - 2006. - № 3. – 69-76 с. [Омаргазин Р. Дух как онтологическая основа духовности // Адам әлемі. – Мир человека. - 2006. - № 3. – 69-76 с.].
- 10 Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіз-дер. Ұжымдық монография / З.К. Шәукенованың жалпы редакциялауымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 375 б. - 6-8 бет.
- 11 Каган М.С. Человеческая деятельность / М.С. Каган. - М., 1974. - 370 с., Ядов В.А. О диспозиционной регуляции социального поведения личности / В.А. Ядов // Методологические проблемы современной психологии. - М.: Наука, 1975. - 416 с.
- 12 Добротворская С.Г. Ориентация студентов на здоровый образ жизни через осмысление жизненных целей и ценностей / С.Г. Добротворская // Педагогическое образование и наука: научно - методический журнал. - 2002. - № 1. - С. 51-55.
- 13 Васильева О.С. Психология здоровья человека: эталоны, представления, установки: учебное пособие для студентов высших учебных заведений / О.С. Васильева, Ф.Р.Филатов. - М.: Издательский центр «Академия», 2001. - 352 с.
- 14 Артюхович Ю.В. «Обучение ценностям»: аксиологический подход к проблемам образования [Текст] / Ю.В. Артюхович // Гуманитарные науки: Сборник научных трудов. Вып. № 10. - Ставрополь: СевКавГТУ, 2003. - С. 15.
- 15 Слонимская Л.И. Сформированность потребности здорового образа жизни у студентов-первокурсников педуниверситета / Л.И. Слонимская, Т.И. Вершинина // Здоровье, образование, спорт, туризм: актуальные проблемы на современном этапе развития общества: материалы Междунар. науч.-практ. конф., посвящ. 75-летию БГПИ-БГУ. Улан-Удэ, 27–28 апр. 2007 г. - Улан-Удэ: Изд-во Бурят. гос. ун-т, 2007. - С. 202-205.
- 16 Слостенин В.А. Субъектно-деятельностный подход в образовании [текст] / В.А.Слостенин, Г.И. Аксенов // Научные труды / МШУ. - М.: Прометей, 2000. - 258 с.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье проблема здорового образа жизни (ЗОЖ) раскрывается не только как ценностная категория, но и как категория философских знаний общечеловеческих ценностей, которая зародилась еще в глубокой древности.

### RESUME

The issue of healthy lifestyle is revealed in the paper as a category of value, as a category of philosophical knowledge of human values which began to develop in ancient times.

ӘОЖ 378.1(5К)

**Аннотация**

Мақалада дуальды оқыту жүйесінің өзектілігі мен Қазақстандағы кәсіби білім беретін оқу орындарына енгізілуі жайлы жазылған.

*Түйін сөздер:* дуальды оқыту жүйесі, кәсіпорын, жоғары оқу орны, экономика.

**Л. Нәби**

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,  
пед. ғыл. канд., доцент

**А.Н. Калжанова**

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,  
магистрант

**Қазіргі таңда  
дуальды оқытуды  
енгізудің өзектілігі**

Қазіргі таңда дуальды оқыту жүйесі барлық елдерде өзекті мәселелердің бірі болғандықтан, елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында: «Дуальды кәсіптік білім беруді дамытудың маңызы зор. Бұқаралық маман кадрларының жетіспеушілігін еңсеруге мүмкіндік беретін заманауи қолданбалы біліктілік орталықтары қажет», – деді [1].

Оқытудың дуальдау жүйесі дегеніміз не соған анықтама берсек: Дуальды оқыту жүйесінде кәсіптік білім беру - өнеркәсіп өміріне дайындық жүргізу үшін білім алушының теориялық және практикалық дағдысын қалыптастыру мақсатында жүргізілетін негізгі оқыту жүйесі болып табылады. Дуальды оқыту әдісі әлемнің көптеген ірі дамыған мемлекеттерінде: Германия, Австрия, Дания, Нидерланды, Швеция, Англия, Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдерінде жоғары нәтиже беріп жүргізіліп келеді. Яғни білім алушыны жан-жақты дайындау. Сонымен қатар, еңбек нарығындағы жұмыссыздық мәселесін шешу, жас білім алушының жаңа технологияны меңгере отырып, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай жұмыс күшін қалыптастыру. Сондықтан дуальды оқыту жүйесі өнеркәсіп саласына қажетті мамандарды даярлау мәселесін толық қанағаттандыратын негізгі жүйенің бірі болып табылады. Сондай-ақ, дуальды оқыту жүйесі арқылы, білім беру мен кәсіпорын арасында тығыз байланыстың орнауына да үлкен септігін тигізеді. Осыған орай, бұл оқыту жүйесінің тиімділігі жан-жақты талқыланып, ҚР Білім және ғылым министрлігінің шетелдердің тәжірибелерін зерттей келе,



техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне енгізу басшылыққа алынды. Сондай-ақ, дуальды оқыту жүйесінің басымдығы оқытуды өндіріспен тығыз байланыстыруында, ал қазіргі таңда елімізге бұл жүйе елбасының тапсырысымен қолданысқа ене бастады және де бұл оқыту жүйесінің техникалық салада алар орнын айқындап берген болатын. Сондай-ақ, колледждерде дуальды оқыту әдісін енгізу туралы нақты тапсырма да жүктеген. Осыған байланысты елімізде кәсіптік-техникалық білім беру саласында жаңа жүйе жасалына бастады [2].

Жоғары оқу орнын бітірген түлектердің ортақ мәселесі тәжірибенің аздығы болғандықтан, дуальды оқыту жүйесі - бұл оқытудың ең тиімді жолы болып табылады. Бұл жүйе жаңа заманның қарқынды дамуына кадрларды жан-жақты дайындауға ықпалын тигізіп, сонымен қатар отандық кәсіпорындарға керекті жұмыс күшін дайындауға көмектеседі.

Кәсіби білім берудің дуальды формасы оқытудың дәстүрлі оқыту мен өндіріс орнындағы тәжірибе өтуімен сипатталады. Бұл процесс теорияны практикада қолданумен жүзеге асады. Дуальды оқыту жүйесі дегеніміз – бұл теория мен практиканы біріктіру болып табылады, яғни әрбір студент өз оқу орнында дәріс, семинарлар, кітаптардан ғана ақпарат алмай, сонымен қоса кәсіпорында алған білімін тәжірибеде қолдануға толық мүмкіндігі туындайды [3]. Қазіргі таңда бұл оқыту жүйесі жұмыссыздықпен күресте тиімді болып келеді, өйткені әрбір кәсіпорын өзіне қажетті маман дайындауды көздеп, студенттердің жемісті жұмыс жасауына қолдау көрсетіп, олардың ішінен кадрларды таңдайды. Осындай оқыту түрінде студенттер білім алудың 70-80%-ы түрлі кәсіпорындарда өткізеді де, 20-30%-ы ғана оқу орнында теориямен танысып, аудиториялық жұмыс атқарады. Дуальды жүйе маман даярлауда өндіріс, білім алушының және мемлекеттің мүдделерін біріктіруге бағытталған кәсіптік білім берудің түрі. Бұл өндіріс орны үшін экономикалық жағынан тиімді, яғни маманды қайта даярлауға, жұмыс орнына бейімдеуге уақыт кетпейді. Білім алушы жастар үшін өмірдегі өз орнын ерте табуға мүмкіндік туады, жұмысқа ерте араласып, бейімделеді.

Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі кез келген кәсіпорынды білікті мамандармен қамтамасыз ету – бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Мұндай жағдайда жас мамандардың оқу үрдісінде алған білімдерін жүзеге асыру жоспарланатын кәсіпорын қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қосымша оқу, тағылымдамадан өту, қайта даярлау қажеттілігі туындайды.

Дуальды оқыту жүйесі - бұл заман талабы. Дуальды оқыту жүйесі дегенде, біз оқытудың бір уақытты екі мекемеде жүргізілгенін түсінеміз, яғни бір оқу орны - бұл ЖОО болса, ал екінші оқу орын - бұл кәсіпорын. Негізінен дуальды оқыту жүйесі Германия елінен бастау алады. Соңғы жылдары басқа елдер де Германияның дуальды оқыту жүйесінен үлгі алып, оны өз елдерінің ерекшеліктеріне сай бейімдеуге тырысып жатыр. Өйткені бұл жүйе Халықаралық жұмыс күшінің сапасын бақылау институтының пікірі бойынша – озат оқыту жүйесі және барлық Европалық Одақ үшін үлгі болып табылады. Қазіргі таңда бұл жүйе әлем бойынша 60 елде енгізілген.

Бұл жүйе елімізде алғаш рет ол 2009 жылдан бастап енгізіле бастады. Отандық «ҚазМұнайГаз» бұл жүйені алғаш болып енгізді. Германия мемлекеті бұл бастауда елімізге барынша көмек көрсетуге тырысады [4]. Дуальды оқыту жүйесін тиімді енгізудің жолдарын көрсетіп, бағыт-бағдар беру Германия мен Қазақстан елдері арасындағы ынтымақтастықтың бір көрінісі ретінде санауға болады.

Осындай оқыту жүйесі техника, экономика және әлеуметтік қамтамасыздандыру сияқты салаларда кең қолданылады. Яғни бұл жүйе инженерлік іс, машина жасау, металл өндіру, менеджмент, туризм сияқты мамандықтарды қамтиды, бірақ гуманитарлық мамандықтарда енгізу әлі күнге дейін қолға алынбай жатыр.

Айтылып кеткендей, дуальды оқыту жүйесі кәсіби білім берудің теория мен практика арасындағы арақашықтықты жоюға көмектеседі.

Параллельді түрде теория мен практиканы жүргізу келесі мәселелерді шешуге көмектеседі:

- машықтанушы керекті тәжірибе алады. Оқу орнын бітіргеннен кейін оған тұрақты жұмыс табу оңай болады;
- осындай оқыту түрін жүргізу кезінде кәсіпорындар әрдайым жоғары құзыреттілігі бар мамандармен қамтамасыз етіліп отырады;
- студенттердің жұмыс істеуге жоғары мотивациялары пайда болады, өйткені оларда болашақ маманның психологиясы пайда болады;
- жұмыс орнына орналасқанда жоғары оқу орнын жаңа бітірген түлектер ұжымда өздерін еркін ұстайды;
- ЖОО мен кәсіпорын бірлесіп жұмыс істеген кезде студенттердің практикалық білімдері жоғарылайды да, жоғары оқу орнының оқытушылары жұмыс берушілердің талаптарына сай студенттерді теориялық біліммен қамтамасыз ете алады;
- қызметкерлерді оқытудың дуальды жүйесі жұмысының барысында білім алу мен дағдыларды қалыптастырудың жоғары мотивациясы құрылады, себебі олардың білімінің сапасы жұмыс орындарында қызметтік міндеттерін атқаруға тікелей қатысты;
- сәйкес мекеме басшыларының өз қызметкерін практикалық оқытуға қатысты қызығушылығы;
- тапсырыс берушімен өзара тығыз байланыста жұмыс істейтін оқу орны оқыту барысында болашақ мамандарға қойылатын талаптарды ескереді.

Дуальды оқыту жүйесінің тиімділігі оған қатысып жатқан барлық жақтарға: түлектердің жұмысқа орналасуына, ЖОО – берілген теориялық материалдың тиімділігіне және мемлекеттегі жұмыссыздықтың азаюы мен экономикалық өрлеуге ықпал етеді. Нәтижесінде маман дайындаудың дуальды жүйесі дәстүрлі оқыту әдістеріндегі кемшіліктерді, теория мен тәжірибе арасындағы алшақтықты жояды, студент өзінің ертеңгі жұмыс орнымен танысады, оған ие болу мүмкіндігін сезінеді, сондай-ақ, ол бәсекеге қабілетті болса ғана кәсіби маман ретінде бағаланып лайықты табысқа қол жеткізе алатындығын түсінеді.

Президенттің жолдауында білім беруді жаңғырту мақсатында осы саланың қолжетімді болуына, түлектердің біліктілігіне тәуелсіз баға беретін жүйе құруға, білім берудің тәрбиелік жағын күшейтуге, отаншылдық рухты биіктету мәселелеріне де айрықша назар аударды. Бұл орайда тәрбие жұмыстарының басты өзегі – жастардың белгілі бір кәсіппен айналысуына жол ашуға, жақсы кәсіби маман атану арқылы өзінің материалдық жағдайын жақсартуға болатынына көзін жеткізетіндей дәрежеде болуы тиіс. Жаңа Қазақстандық қоғамның мақсаты - кәсіби еңгейі жоғары мамандар әзірлеу.

Дуальды оқыту жүйесі оқытудың барлық кезеңінде компанияда өндірістік оқыту мен оқу орнында теориялық оқытуды біріктіреді. Осы орайда озық елдерде енгізілген дуальдық оқыту жүйесін қолдап, жұмыс берушілердің, салалық министрліктер, оқу орындары мен жергілікті атқарушы органдардың мүдделері көрсетілген «Әлеуметтік серіктестік» Заңын қабылдау қажеттілігі туындайды. Оқу орындарымен «Әлеуметтік серіктестік» заңнамасы бойынша тығыз байланыста жұмыс жасайтын жұмыс берушілерді қорғайтын және оларға салық төлеу кезінде жеңілдіктер беретін заңнамалар қажет, себебі Германияда осы жүйеге қатысты 8 заң қабылданған екен. Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелеріндегі өндіріс шеберлерінің біліктілігін әлемдік деңгейге көтеру қажет. Осы аталған шаралардың нәтижесінде қазіргі заман сұранысына сай жоғары деңгейдегі аграрлық мамандарды даярлауда білім беру мекемелері бизнес-құрылымдармен тығыз ынтымақтастықта болса, алдағы жылдары тәжірибе жүзінде енгізілген дуальдық оқыту жүйені еліміздегі техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында көреміз.



2011-2020 ж.ж. Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру бағдарламасында: «Еліміздің экономикасының барлық салаларының ғылым мен өнеркәсіппен ықпалдастығы үшін құзыретті де, бәсекеге дайын мамандар дайындау процесінде ЖОО-ның алатын орны жоғары», – деп айтылған [5].

Жұмыс берушілердің көбі ЖОО-ны бітірген түлектердің алған кәсіби білім сапасымен толыққанды қанағаттанбайды. Бұның бір себебі ретінде білім беру бағдарламасы мен экономика және жұмыс берушілердің сұраныстары арасындағы сай келмеушілікті жатқызуға болады. Осындай экономикалық жағдайда дуальды оқыту жүйесін жұмыссыздықпен күресте енгізудің маңыздылығы көрінеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрсұлтан Назарбаев: Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам, 2012.
- 2 <http://zkoipk.kz/nisconf2s/699-conf.html>
- 3 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118 zakon.kz
- 4 Стратегический план Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2011-2015 годы // [zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html](http://zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html)
- 5 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 гг.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается вопрос актуальности внедрения дуальной системы образования в вузах Казахстана, которая предусматривает обучение в учебном заведении с периодами производственной деятельности для формирования компетенций будущих специалистов.

### RESUME

This article is devoted to the actuality of implementation of the dual system of education at the higher institutions of Kazakhstan, which provides training in an educational institution during the periods of productive activities to improve the formation of competence of future specialists.



**Д.Х. Байдрахманов**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті,  
пед. ғыл. канд., доцент

**М. Қоңқал**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, магистрант

## **Модульдік оқыту технологиясының білім алушылардың білім сапасын арттырудағы рөлі**

**Аннотация**

Мақалада қазіргі білім берудің оқу-тәрбие үрдісінде оқыту технологияларының алуан түрлерін ұтымды қолдану, оқушылардың үйлесімді әлеуметтенуіне жаңаша қарым-қатынастарды жүзеге асырып отыру үздіксіз педагогикалық процестің мақсатты құбылысына бет алауы тұжырымдалады. Оқу орындарында жастарға білім беру мен тәрбиелеу үрдісі оқушы тұлғасы мен кәсіби-тұлғалық қасиеттерінің қалыптасып дамуына, өз бетімен іс-әрекет құралдарын жүзеге асыруға айрықша көңіл аударылады.

*Түйін сөздер:* оқыту технологиясы, әдіс, модульдік оқыту, педагогикалық технология

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологиялар таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарының өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді [1].

«Модуль» ұғымы термин ретінде алғаш математика ғылымында пайда болды. Бұл термин латынның modulus (өлшеуіш) сөзінен шыққан. Векторға арнап бұл терминді алғаш рет 1814 жылы Швейцария математигі Жан Роберт Арган қолданған. Көшу модулін алғаш рет енгізген ағылшын математигі Роджер Коутс [2, 272].

Шетелдік ғалымдар модульдік білім беру идеясының туындауын 1960-жылдардың аяғы мен 1970- жылдардың басына жатқызады.

Модуль арқылы оқытуды экспериментті және практикалық түрде тәжірибеде қолдану АҚШ, Батыс Еуропа елдерінің колледждері мен жоғары оқу орындарында, ТМД елдеріндегі жоғары оқу орындарында қазір кеңінен жүзеге асуда. Қазіргі білім берудің оқу-тәрбие үрдісінде оқыту технологияларының алуан түрлерін ұтымды қолдана, оқушылардың үйлесімді әлеуметтенуіне жаңаша қарым-қатынастарды жүзеге асырып отыру үздіксіз педагогикалық процестің мақсатты құбылысына бет алады. Модульдық



оқу бағдарламаларының бірнеше түрлері болды. Олар: «оқу пакеті», «білімді игеру пакеті», «жеке білім алу пакеті» және т.б. Білім беру мазмұнының өлшемдері концепциясының тәжірибесін қорытындылаудың нәтижесінде өмірге «модуль» және «модульдік білім беру» деген ұғымдар келді. Кейбір пікірлерге сүйенсек, модуль дегеніміз – ол белгілі бір концептуальды өлшемді қамтитын оқу материалының пакеті болып табылады.

Модульдік оқыту – білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

Ал «модуль» дегеніміз – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгілеген деңгейіне (жоспарланған алдағы нәтиже) жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы. Басқаша айтқанда, адамның өзіндік дамуының деңгейі. Жалпы «модуль» сөзі «оқытудың мазмұны мен технологиясын» білдіреді. «Модуль мазмұны» өзіндік мағына беретін оқу материалының көлемі ретінде ұсынылады.

Модуль дегеніміз – қандай да бір жүйенің, ұйымның анықталатын біршама дербес бөлігі (Ожегов С.И.). Оқу модулі қайта жаңартушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен: кіріспеден, сөйлеу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады.

Қазіргі таңда ағылшын тілі сабағын оқытуға жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қалыптастыру – заман талабына айналды. Модульдік оқыту ХХ ғасырдың 60-жылдарының аяғынан бастап дами бастады. Оның негізгі мәні – сабақтың жоспары, ақпараттар жиынтығы және сабақтың дидактикалық мақсаттарына қол жеткізуге бағыт беретін әдістемелік нұсқаулардан тұрады.

Модульдік технологиялардың ерекшелігі – тек білімді меңгерту емес, оқушының танымдық қабілетін есту, көру, қимыл ойлауды, ынтаны қабылдау қабілетін дамыту арқылы және оны бекіту, шығармашылық деңгейін арттыру арқылы жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, В.Ф.Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы, В.М.Монаховтың, В.П.Беспальконың және басқа көптеген ғалымдарың технологиялары кеңінен танымал [3, 4, 5, 6]. Қазақстанда Ж.А.Қараевтің, Н.Оралбаеваның, М.М.Жанпейісованың және т.б. ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде қолданылуда [7].

«Педагогикалық технология» - ұғымы 1960 жылдары дамыған елдердің баспа беттерінде көріне бастады. 1961 жылы АҚШ-та, «Педагогикалық технология», 1964 жылы Англияда «Педагогикалық технология және оқыту процесі», 1965 жылы Жапонияда, «Педагогикалық технология» журналдары, 1971 жылы Италияда жарық көрді. ЮНЕСКО «Педагогикалық технология» серияларын бүкіләлемдік білім бюросының бюллетендерінде шығара бастады. Біздің елімізде «педагогикалық технология» ұғымы 60-жылдардың аяғында пайда болып, 70-жылдары оны қолдаушылардың саны артты, -деп пайымдалған [8, 206].

Әлемде қоғамдық қарым-қатынастардың үдемелі өзгеріп жаңа келбет алу бет бұрыстары әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымның модернизациялануымен шектелмей, дүние жүзілік білім беру кеңістігінде де біршама динамикалық түрлендірулер жүрде.

Осыған сәйкес, отандық және шетел мемлекеттерінде жастарға білім беру мен оларды тәрбиелеу педагогтің үстемдік тұрғыда оқытудан тұлғалық бағдарлы оқытуға көшудің жаңа парадигмалары(үлгі) қалыптасуда. Оқу орындарында жастарға білім беру мен тәрбиелеу үрдісі оқушы тұлғасы мен кәсіби-тұлғалық қасиеттерінің қалыптасып

дамуына, өз бетімен іс-әрекет құралдарын жүзеге асыруға айрықша көңіл аударылуда. Осы өзекті мәселені шешуге өткен ғасырда шетел мен Отандық ғылыми-педагогикалық қауымдастық педагогика ғылымы мен оның тәжірибесіне біршама үлес қосты. Оған кепіл болатын – оқытудың жаңа технологиялары.

Дәстүрлі оқытудың мазмұны мен әдістемесі білім алушының пән бойынша оқу материалын теориялық мазмұнда игерсе, ал тәжірибеде қолданылуы шектеулі болғаны белгілі. Бұл, әрине, оны тәжірибелі іс-әрекеттерді белгіленген алгоритм бойынша орындауға көп еліктетті, бірақ әрбір әрекетті дәл, нақты орындауға ұмтылдырды. Оқу үрдісіндегі оқу әрекеттері педагогтің басшылығымен орындалуы жиі байқалды.

«Оқыту технологиясы» ұғымын алғаш рет педагогика ғылымына енгізген А.Макаренко, қазір бұл ұғым оқу-тәрбие үрдісінде кеңінен қолданылып жүр. Ал «педагогикалық технология» ұғымына алғаш рет жүйелі зерттеу жүргізген Т.Ильина болды [9, 23].

Педагогикалық технологияға алғаш анықтама берген ғалымдардың бірі – орыс ғалымы В.П.Беспалько. Оның пікірінше: «Педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер оның құрамды бөлігі ғана» [10].

И. Талызинаның пікірі бойынша, педагогикалық технологияның басты мақсаты – іс жүзінде дидактикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын ең тиімді әдістерді анықтау. Педагогикалық технология оқыту үрдісін ғылыми жүйелеу бағытында, яғни оқыту тәжірибесінде қолданылатын ғылыми негізделген талаптар жүйесі болып табылады [11, 123].

«Педагогикалық технология дегеніміз – оқушы мен мұғалім үшін барлық жағынан өте қолайлы жағдайлар жасай отырып, оқыту үдерісін жобалаудың, оны ұйымдастырудың және өткізудің бүге-шігесіне дейін ойластырылған, әрі бірлесіп жүзеге асырылатын педагогикалық қызметтің моделі» (В.М. Монахов) [6].

Көптеген шетелдік ғалымдар технология деп оқытудың объективтік факторларының жиынтығын (бағдарламаланған оқыту құралдары, дидактикалық материалдар, құрал-жабдық, техникалық құралдар, т.б.) қандай да бір үрдісте нәтижеге жету құралы ретінде қарастырады. Мәселен, поляк педагогі Ф.Янушкевич оқыту технологиясының мәнін ашқанда «оқыту технологиясы - ғылыми ұстанымдар жүйесінде қолданыс табатын бағдарламаланған оқыту үрдісін айтады және оқу мақсатына жетуге бағытталған оқу тәжірибесінде қолданылады, көбіне оқытылатын пәнге емес, оқушыларға бағытталады, оқыту әдістері мен тәсілдерін сынақтан өткізуге, эмпирикалық талдау жасауға және оқытуда аудиовизуальды құралдарды кеңінен қолдануды талап етеді», - деп анықтама берген.

Дәстүрлі тағы бір анықтама бойынша технология дегеніміз – педагогика ғылымы мен мектеп тәжірибесінің дамуындағы сабақтастықты сақтай отырып, педагогика мен методиканың инструментальдық және әдістемелік құралдарын түбегейлі түрде өзгерту.

ЮНЕСКО-ның бір құжатында педагогикалық технологияға мынандай анықтама берілген. Педагогикалық технология дегеніміз – бүкіл оқу процесін бағалаудың жүйелі әдісі және білімді адамдық және техникалық ресурстарды ескере отырып игеру және білім берудің ең тиімді әдістеріне жету мақсатындағы олардың өзара ынтымақтастығы [12, 251] болып табылады.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі - баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Педагогикалық технология - мұғалім мен оқушының іс-әрекеттерінің біріккен жүйесі арқылы іске асатын, ақпаратты білім беру нәтижесі және рефлексия негізінде білім алуға бағытталған, бір үлгідегі педагогикалық жүйе. Педагогикалық жүйенің мынадай құрылымы бар: 1) оқу және тәрбиелеу мақсатында нақты жүйелі дидактикалық,



педагогикалық зерттеу жүргізу; 2) оқушы меңгеруге тиісті ақпарат мазмұнын толықтыра отырып, жүйелеу; 3) қажетті дидактикалық, техникалық оқу құралдарын дұрыс қолдануын қадағалау; 4) тәрбиелеу және диагностикалық оқыту жүйесін дамыту; 5) оқушыларға жоғары деңгейде сапалы білім беру.

Педагогикалық технологияға – В.П.Беспалько «Практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе» – деген анықтама берген. Ал педагогикалық жүйені тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, мақсаты бір – бірімен өзара байланыстағы әдіс-тәсілдер деп қарастырады [10].

Әлемдік білім берудегі дамудың стратегиялық бағытының бірі – оқытудың дәстүрлі репродуктивтік стилінен өтіп, оқушылардың таным белсенділігін, өз бетімен ойлау қабілетін жетілдіретін білім берудің енді дамып келе жатқан моделіне көшу, оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастыруы мен мазмұнына өзгеріс енгізуіне лайық жол табу, жаңа технологияларды қолдану. Осы міндеттерді шешуге оқыту технологиялары жағдай жасайды, себебі сабақтарды іс-әрекет жасау арқылы өткізу негізінде мүмкіндік береді.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарын біріктірген пәндер мен әдістемелердің оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, түрлері мен әдістемелерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, соңында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды, әсіресе, осы бағытта модульдік технологияның орны ерекше.

Психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды (тақырыпты) оқып-үйрену үш негізгі кезеңнен: кіріспе – ынтасын ояту, операциялық – танымдық және рефлексиялық – бағалау кезеңдерінен тұруы тиіс [13].

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. – 2007. - 15 тамыз.
- 2 Роджерс К. Причины успеха. – Москва, 2000.
- 3 Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. – М.: Педагогика, 1986.
- 4 Шаталов В.Ф. Эксперимент продолжается. – М.: Педагогика, 1986.
- 5 Эрдниев П.М., Эрдниев Б.П. О системном подходе к дидактике. – М.: Столетие, 1996.
- 6 Монахов В.М. Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса. – Волгоград, 1995. – 100 с.
- 7 Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде / аударған Қайшыбекова Д.А. – Алматы, 2002.
- 8 Наренова А.Б. Модульдік оқыту технологиясы. «Инновациялық педагогикалық технологияларды жоғары оқу орынында жүзеге асару мәселелері» ғылыми-практикалық семинар конференциясының материалдар жинағы. - Ақтөбе: Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, 2007.
- 9 Макаренко А.С. Коллектив и воспитания личности. – Москва, 1983.
- 10 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - Москва, 1989. - 47 с.
- 11 Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. - М., 1984.
- 12 Момынбаев Б. Кәсіптік педагогика. – Алматы: Білім, 2006.
- 13 Фридман М.М. Формирования познавательных интересов у школьников. – М., 1997.



## **РЕЗЮМЕ**

В статье уделяется особое внимание развитию личности, профессиональных способностей обучающихся, с использованием в учебно-воспитательном процессе различных инновационных технологий.

## **RESUME**

In this article a special attention is paid to the development of a personality, the development of professional-personal skills in contemporary educational institutions. It is necessary to use different innovative technologies in modern teaching and learning in the educational process.



### **Аннотация**

В статье раскрывается сущность профессиональной педагогической рефлексии и самопознания, обосновывается необходимость развития рефлексивной способности у социального педагога. Автор описывает способы и механизмы профессионального самопознания.

*Ключевые слова:* социальный педагог, рефлексия, самопознание.

### **Г.К. Курманаева**

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, докторант PhD

## **Научные подходы к развитию у социального педагога способности к рефлексии и самопознанию**

В условиях развития современного социума большое значение имеет проблема профессиональной подготовки социальных педагогов. Быть востребованным специалистом в своей области может стать лишь тот, кто не только будет иметь хорошую профессиональную подготовку, но будет постоянно стремиться к саморазвитию, легко адаптироваться к потребностям общества и стремиться к самосовершенствованию. Высоким педагогическим мастерством является доведенная до совершенства функциональная грамотность педагога, а также его умение применять эти навыки на практике. Социальный педагог становится мастером своего дела лишь через много лет работы, его профессиональный рост и постоянное обучение продолжают на протяжении всего периода работы. Для того чтобы достичь успехов в своей деятельности, социальный педагог должен стараться постоянно развивать свои внутренние ресурсы, воспитывать волю и характер, мышление и потенциальный рост. Именно от умения управлять механизмом своей деятельности и зависит его успех как самостоятельной личности. Педагогическая рефлексия является одним из таких способов управления. Понятие «рефлексия» (от латинского слова *reflexio* «обращение назад») изначально появилось в философии и обозначало процесс самопознания, раскрывающий субъекту его внутреннее состояние. Рефлексия как бы побуждает взглянуть на собственную мысль «со стороны», когда с помощью рефлексивного сознания происходит проверка своих знаний, критическое осмысление этапов своей деятельности. Ее ярко выраженная творческая направленность обнаруживает себя в такой форме, как самопознание, для которого главным

Соғыс жылдарынан соң, 1954-1960 жылдары елде тың игеру науқаны басталды. «1960 жылы 26 желтоқсанда Тың өлкесі құрылып, Ақмола оның орталығы болды. 1961 жылы 20 наурызда Ақмола қаласының аты Целиноград болып өзгертілді» [4, 488]. Қала атауының өзгеруі және тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты Ақмоланың саяси-мәдени өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Қаладағы қазақтардың саны күрт 10-15 пайызға дейін төмендеп кетті. Оның ономастикалық келбеті де адам танымастай өзгерді. Годонимдер жүйесінде номинативтік мәні түсініксіз атаулар орын алды. Қала көшелері *Вагонная, Пивная, Совхозная, Северная, Южная, Заводская, Локомотивная, Первоцелинников, Кирпичная, Складская, Встреча, Ремонтная* секілді атауларға толды. Ал, қаланың басқы көшелеріне *Пролетарная, Московская, Коммунистическая, 9 мая, Советская* секілді демонстративтер мен *Ленин, Карл Маркс, т.с.с.* меморативтер берілді. Кеңестік дәуір жылдарында Астана қаласында қазақ топырағының этногенезіне байланысты онимдер тіпті жоқтың қасы болды. Ал, шын мәнінде, «көше, алаңдар – қоғамдық санада өзіндік орнын әлдеқашан тапқан әлеуметтік-экономикалық, мәдени-саяси құндылық. Көшесіне, алаңына қарап-ақ қаланың, елді мекеннің қай өңір екенін, тұрғындары әлеуметтік жіктелудің қандай сатысына жататынын, сол көшенің, олардың түнгі өмірінен не күтуге болатынын бағамдау қиын емес» [8, 317].

ІІІ кезеңнің қазақ ономастика ғылымы үшін берері көп. Тәуелсіздік алғаннан бастап (1991 жылдан – бүгінге дейін) Астана қаласының ономастикалық кеңістігі бірте-бірте ұлттық сипат ала бастады. 1991 жылы Целиноград қайта Ақмола атауын иемденді. 1997 жылы 10 шілдеде Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. Ал 1998 жылы қала атауы Астана болып өзгертілді. Қала ономастикасын ұлттық мазмұнға сай қалыптастыру 1997 жылдан басталғандығын көреміз. Статистикалық мәліметтер бойынша, 1997 жылы 34 көшенің аты ауыстырылыпты. Мәселен, *Студенттер – Абылай хан, Революция – Сәкен Сейфуллин, Октябрь – Мұхтар Әуезов, Комсомол – Желтоқсан, Делегат – Сарыарқа, Ленин – Абай, Авдеев – Шоқан Уәлиханов* көшелері болып ауысқан. 1997 жылдан 2005 жылға дейін 71 жаңа атау пайда болған. Елорда көшелері атауларына ұлттық мазмұн беруде 2007 және 2009 жылдардың орны ерекше. Бұл жылдары тиісінше 432 және 201 көше қайта аталған немесе жаңа атаулар берілген. Осындай қарқынды үдерістің арқасында 1997 жылдан бүгінгі күнге дейін 817 көшеге жаңа атаулар берілген. Оның ішінде ескі атаулардың ауыстырылғаны – 400, жаңа атау иемденгені – 417. Осынша уақыт ішінде осындай қарқынды ономастикалық жұмыстар еліміздің Астанадан басқа бірде-бір өңірінде болған емес.

Астана қаласы тарихының годонимдер жүйесін, оның номинациялану принциптерін қарастыра келе түйеріміз, оның урбанонимдер қатарының ең ескі де тарихи бөлігі екендігін аңдаймыз. Елорданың көше атаулары өз бойына тарихи-саяси шындықты жинаған. Қала қала мәртебесін алған тарихтан бері *Ақмола (Ақмолинск) – Целиноград - Ақмола - Астана* сынды бірнеше номинациялану, реноминациялану процестерін басынан кешірсе, көше атаулары да дәл осы жолдан жүріп өткен. Қала тарихын талдай, саралай отырып, барлық кезеңде де көше атауларына атау беруде, қайта ат қоюда, негізінен, семиотикалық (таңбалылық) принципті ұстанған деп түйеміз. Семиотикалық принциптің демонстративті және меморативті түрлері әр кезең ономастикалық картасында әртүрлі деңгейде. Таратып айтқанда, І кезеңнің (1862-1919) қала көшелерінің атауларынан меморативті годонимдерді біз кездестірмедік. Бұл кезеңде қала көшелерін 100% демонстративті годонимдер қамтыған. ІІ кезеңде (1920-1990) демонстративті және меморативті годонимдердің қала көшелерінің бойынан өріс алуы бір шамалас (демонстративті годонимдер – 52%, меморативті годонимдер – 48%). Меморативті годонимдердің аталмыш кезеңде бірден қарқын алуы кеңестік биліктің саяси-идеологиялық ұстанымдарымен байланысты деуге болады. Астана қаласының І және ІІ тарихи кезеңдерінде көше атауларынан қазақ ұлттық дүниетанымына сай келетін, ұлттық болмысты танытатын белгілер жоқтың қасы. Тек бірді-екілі меморативті годонимдердің




тізбесінен ғана қазақ ұлтының келбетін көрсететін онимдерді табуға болады (*Габдуллин* секілді, оның өзі орыс харпімен таңбаланған). Қаланың ІІІ кезеңінің (1991-2015) ономастикалық картасы алдыңғы екі дәуір келбетіне қарағанда, әрине, мүлдем өзгеше. Бұл кезеңде таза ұлттық сипат (қала көшелерінің 90-93%-ы) ала бастаған годонимдердің көп бөлшегін меморативтер (55%-ын) құрайды, ал демонстративті түрі шамамен - 45%. Қала годонимдер жүйесінің тілдік келбеті келесі кестеден анық сипатын табады.

1 Кесте Үш тарихи кезеңдегі Астана қаласы годонимдерінің номинациялану көрінісі

Кезеңдер	I КЕЗЕҢ (1862-1919)	II КЕЗЕҢ (1920-1990)	III КЕЗЕҢ (1991-2015)
Годоним түрлері			
Демонстративті годонимдер	100%	52%	55%
Меморативті годонимдер	0%	48%	45%
<i>Барлығы:</i>	100%	100%	100%

№ 1 Диаграмма Астана қаласының үш тарихи кезеңі годонимдерінің пайыздық көрсеткіші:



Әрине, қазіргі Астана қаласы ономастикалық кеңістігіндегі тың серпіліс, оң өзгеріс, жаңғырулар тәуелсіздікпен, ұлттық жаңарумен бірге келді. Жас мемлекет, жаңа астананың бұл даму концепциясы, Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, өткеннің рухани бай мұрасы мен заманауи жетістіктердің үздігін бойына сіңіру ұстанымымен өзектес жылжып келеді. Бұл мәселе М. Азарухудың «German reunification and the politics of street names: The case of East Berlin» (1997) еңбегіндегі мына ойлармен де сабақтас: «Названия улиц всегда должны напоминать о ключевых событиях, личностях истории страны и иметь мощное символическое значение. Они представляют прошлое нации и напрямую связываются с географической темой» [9, 481].

Сонымен, Астана қаласы көше атауларының номинациялану уәждері бүгінгі Қазақ Мемлекетіне *не беріп отыр және не беруі тиіс* дегенде мынадай түйін жасауға болады:

1. Қаланың ономастикалық картасы (көше атауларының номинациялануы) Астананы өзге өңірлерден, біріншіден, ерекше таңбалап көрсетуге қызмет етсе, екіншіден, ел орталығын қазақыландыруға, ұлттандыруға атсалысуға көмектесуде.

2. Астана көшелерінің ат қою, қайта атау саясаты Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін нығайту идеяларымен, ҚР-дың Тіл саясатымен, Қазақстанның мәдениеті мен мемлекеттік тіліне деген құрметті күшейту көзқарастарымен сәйкес жүргізіліп келеді.
3. Елдің мәдени-экономикалық даму жағдайында (қала көшелерінің абаттандырылуы, құрылыс жұмыстарының қарқынды жүруі) келесі бір кезек күтіп тұрған мәселе – кейбір ескілік атау қалдықтары мен аты жоқ көшелерге ат беру болып табылады.
4. Кейбір көше атаулары қала тұрғындары мен қонақтары үшін түсінбестік туғызуы мүмкін. Мәселен, бұрындары физикалық-жағрапиялық нысандардың орналасуына байланысты көшелерге атау берілсе (орманды жерге *Лесная* көшесі деп, бұлағы бар жерге *Родниковая* деп атау тағылса), ал қазіргі таңда бұл нысандар жойылып кеткенімен, көше атаулары сол күйінде сақталған.
5. Көше атауларын реноминациялау процесінде тұрғылықты халықтың көзқарастарын біліп отыру аса маңызды деп ойлаймыз. Тұрғындар арасында осы мәселеге байланысты сауалнама жүргізіп отыру годонимия жүйесін қайта қарауда өзінің оң нәтижесін берері сөзсіз.
6. Көше атауларын қайта атауда кейбір қайталаушылықтар орын алған. Бұл қала тұрғындарына қиындық туғызуы әбден мүмкін.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жанұзақов Т. Қазақ тілі ономастикасының негізгі проблемалары. Филол.ғыл.док...дисс. – Алматы, 1976. - 23 б.
- 2 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ф. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. - Алматы: Санат, 1997. - 256 б.
- 3 Артықбаев Ж. Қараөткелді астана етуді алаш арыстары да армандады // Астана плюс журналы. – Астана. – 2013. - № 2-3.
- 4 «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998, V Том. - 720 б.
- 5 Дубицкий А.Ф. Город на Ишиме. - Алма-Ата: Казахстан, 1986. - 152 с.
- 6 Касымбаев Ж., Агубаев Н. История Акмолы (XIX – начало XX века). – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – С. 176.
- 7 Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты. 250-Қор, 1-Тізімдеме, 3-Іс.
- 8 Әбжанов Х. Көшелер мен алаңдар //Астана. Құрастырған Ж. Жағыпарұлы. – Астана, 2013. - 316-321 бб.
- 9 Azaryahu M. German reunification and the politics of street names: The case of East Berlin. *Political Geography*, 1997, 16(6), P. 479-493.

### РЕЗЮМЕ

Статья посвящена изучению истории систем номинаций, реноминаций годонимов города Астаны. Настоящая работа подготовлена в рамках фундаментального исследования по гранту Министерства образования и науки РК. В ней использованы данные из архивов города Астаны. Авторы предлагают общественному вниманию наименования улиц, которые существуют в настоящее время и которыми должны именоваться в перспективе, характеризующие историю и культуру государства.

### RESUME

The article is devoted to the study of the history of the system of nominations, renominations of godonums of Astana-city. This research is carried out within the framework of the state grant of the Ministry of Education and Science of RK. There were used the data of Astana-city archivies. The authors draw the society's attention to the present names which are to be named in the course of time and which will illustrate the history and culture of the state.



## **Г.К. Сарсикеева**

Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
филол. ғыл. канд., доцент

## **М. Әбдіхамитұлы**

Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
магистрант

# **М.Әуезовтің «Абай жолы» тетралогиясындағы әйелдер бейнесі**

## **Аннотация**

Бұл мақалада "Абай жолы" тетралогиясындағы әйелдер бейнесінің әдеби-көркемдік тәсілдері мен ұлттық ерекшеліктерінің сақталуы және түпнұсқадан орыс, ағылшын тіліндегі аудармалардағы ауытқушылықтар салғастырмалы сараптау негізінде сипатталады. Шығармадағы қазақ әйелдерінің мінез-құлқын суреттеудегі М.О.Әуезовтің әдеби-тілдік шеберлігі баяндалады. Қазақстан Республикасының гендерлік саясаты шеңберінде әйелдердің әлеуметтік рөліне қысқаша мағлұмат беріледі.

*Түйін сөздер:* жанр, гендерлі теория, динамика, лингвистикалық аударма ерекшеліктері.

Қазақ көркем әдебиетінің шыңына айналған әлемге әйгілі М.Әуезовтің "Абай жолы" тетралогиясы әлі де болса сан түрлі ғылым саласында зерттеуді қажет ететін дүние екені мәлім. Қазіргі таңда бұл тетралогияның әлемдегі 140-қа жуық, оның ішінде, ағылшын, француз, неміс және т.б. тілдерге аударылды. Тетралогия ерекшеліктерінің бірі – ол философиялық - эстетикалық тұрғыдан зерттеулердің әлі де қажеттілігін және де шығарманың жер жарған өзіне лайықты атағы қазіргі оқырманның қызығушылығын арттыра түсуіне ықпал етуі. Осы бір туындыдағы мәселелердің бірі – ол әйелдер тағдыры, олардың ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы көшпелі қоғамдағы әлеуметтік рөлі, бала тәрбиесі, махаббат лирикасы және т.б.

Мақаланың басты мақсаты: жалпы гендер теориясына сүйене отырып, ХІХ ғасырдың ІІ жартысында болған әрқилы тарихи оқиғалар негізінде М. Әуезовтің "Абай жолы" тетралогиясындағы әйелдер бейнелерін салыстырмалы түрде суреттеу.

Қойылған мақсатты шешу барысында келесі мәселелерге тоқталдық:

а) Қазақстан қоғамындағы әйелдер рөліне байланысты көзқарастар және осы мәселеге байланысты туындаған еңбектер;

б) М.Әуезовтің "Абай жолы" тетралогиясындағы әйелдер бейнесін салыстырмалы түрде (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) айқындау.

Гендерлік саясат – бұл жыныс белгілері бойынша дискриминацияны жою және тең қоғамды қалыптастыру үшін жүзеге асырылатын саясат. Сондықтан гендерлік саясат ел дамуының басты бағыттарының бірі және оның кешенді модернизациясы болып табылады. Азаматтық қоғамның мемлекеттік құрылымдары мен ұйымдарының өзара ықпал етуінің кешенді тетігін құру гендерлік саясаты әйелдердің құқықтарын қорғау және халықаралық тәжірибемен алмасудың маңызды тұсы болып табылады. Ал гендерлік теңдік дегеніміз - бұл жынысына тәуелсіз қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени саласына қатысу үшін өз мүмкіндіктерін еркін пайдалануға мүмкіндік тудыратын ерлер мен әйелдердің тең құқықтық мәртебесі мен құқықтарын жүзеге асыруда теңдей мүмкіндіктер.

Қазақстан Республикасының гендерлік саясатының негізі болатын 1995 жылғы Ата Заңда *мемлекеттің басты қазынасы – адам* деп көрсетіле отырып, әйел мен ердің тең екендігі бекітілді. Ата Заңның 14-бабында заң және сот алдында барлық азаматтардың тең екендігі, соның ішінде жыныстық белгілері бойынша ешкімнің де дискриминацияға тартылмайтындығы, ал 27-бапта аналық және әкелік тең деңгейде қорғалатындығы айтылған.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан ер мен әйелдің құқығы мен заңдық мүддесін қорғау саласында елеулі жетістіктерге жетті. Отбасы, әйелдер мен балалардың мәселелерін шешу үшін 1995 жылы Елбасы тарапынан ҚР Президентінің жанындағы Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат бойынша кеңес құрылды. 1997 жылы 5 наурыздан бастап «Қазақстан Республикасындағы әйелдердің жағдайын жақсартудың мемлекеттік саясат тұжырымдамасы» бекітілді. Осы уақыттан бастап гендерлік саясаттың қазақстандық үлгісін қабылдау және жүзеге асыру басталды. 1998 жылы Қазақстан БҰҰ-дың «Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық формаларын жою туралы» Конвенцияға қосылды. Сондай-ақ, осы жылы Кеңес ҚР Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер ісі бойынша ұлттық комиссияға айналды [1, 12].

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «...шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман әлемінде, әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты ерекше қадірлейтін халықтың бірі де, бірегейі де - біздің қазақ...», - деп ерекше атап өтті [2, 26].

Көк Тәңірі, Жер-Су мен Ұмай ананы айтпағанның өзінде, түрік халықтарының арғы Ата-тек туралы түсініктері тарихтың алыс қойнауларында қалыптаса бастаған. Қазақтардың арғы бабаларының прологикалық санасындағы, мифологиялық және алғыфилософиялық дүниетанымындағы «әйел бейнесі» ұғымының рәміздік мәнін Үркер, Жетіқарақшы, Бикеш, Шолпан туралы космогониялық аңыздар, «Күн астындағы Күнікей қыз», «Ай астындағы Айбарша», «Бақыт құсы», «Алтын балық», «Жеті өнерпаз» және т.б. ертегілер, Аспан мен Жер, Тәңірі мен Ұмай діни-мифологиялық жұптары арқылы ашылады.

Орхон жазуында да апа-қарындастары қалып қойып, оларға ажал қауіп төнгенде, Күлтегіннің оларды жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланады.

Түркілер әйел-ананы отбасының құты мен ырысы, ұйтқысы мен жылуы деп таныған. Сондықтан да болар, түркі дүниесін терең зерттеген тарихшы-ғалым Лев Гумилев «Көне түріктер» деген іргелі зерттеуінде «Түркілер әйелдерді сал-серілердей қатты құрметтейтін. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген. Түркілерде анасының шыққан тегіне айрықша мән берген», - деп жазған [3, 18].

Қазақ әйелдері ұрпақ тәрбиесінен өзге қоғамның барлық істеріне қатысып, өздерінің көзқарастарын білдірген. Хандар мен сұлтандардың, батырлар мен билердің ақылшы кеңесшілері ретінде кең далаға танылған. Мұндай жайт өзге ұлт өкілдері зерттеушілерінің назарында болған. Мысалы, зерттеуші ғалым А.К.Гейнс: «Киргизская женщина играет большую роль не только как хозяйка семьи, но и как член общества. На сходках киргизов женщины подают голос наравне с мужчинами, в особенности по вопросам, касающимся»



общественных нужд. Иногда даже мнение женщин имеет некоторое преимущество над мнением мужчины», - деп пайымдаған [4].

Ауызша тарих пен жазба деректер қазақ хандығында аналар мен қыздардың өзіндік орны, атқарар рөлі болғандығына дәлел бола алады. Өлемдегі кез келген халықтың өз алдына ұлт болып ұйысуына, егемен ел, дербес мемлекет болып қалыптасуына әйел-аналардың сіңірген еңбегі зор. Тарихта есімдері алтын әріптермен өрнектелген Тұмар ханым, Ұмай ана, Гүлбаршын мен Құртқа, Ақжүніс пен Назым, Айша бибі, Абақ ана, Домалақ ана мен Қыз ене, Қасым ханның анасы Жаған бике, қолбасшы Бопай ханым, Абайдың әжесі Зере мен анасы Ұлжан, ел билеген Айғаным мен Ұлпан секілді аналарымыз ұлт тәрбиелеп, халық қалыптастырып, мемлекетімізді баянды етуге мол үлес қосты.

Қыздарын болашақ ана ретінде санаған халық «Ұл туса – ұрпағым өседі, қыз туса – ұлтым өседі», - деп, қыз баланың дүниеге келуін ерекше қуанышпен күткен. «Қыз – аз күнгі қонақ» деп тазаны кигізіп, дәмдіні жегізіп, төрінен орын берген.

Белгілі ғалым-этнограф Х.Арғынбаевтың (Қазақ отбасы - 1996) тұжырымдамасын ескерсек «...киімнің асылын қыз бала киетін, алтын, күмістен жасалатын өте қымбат сәнді әшекейлер де, өте әдемі және қымбат ер-тұрмандар мен жүрісі жайлы жорғалар, әдемі сәйгүліктер, парлар жеккен пәуескелер бойжеткенге арналатын. Алысты жақын, жатты жекжат етер, ел мен елді таныстырып, табыстырар дәнекер көріп құрметтеген де қазақтың қыздары» деп топшылайды.

«Әйел теңдігі» мәселесінің қарқынды даму жолы әсіресе жиырмамыншы ғасырда байқалады. Зар заман ақыны Шал ақынның шығармаларында қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі әйел бейнесінің келеңсіз құбылыстарымен сипатталып жырланса, ал Ж. Аймауытов, С. Көбеев, М. Дулатов және т.б. қазақ зиялыларының еңбектерінде әйел тағдырына байланысты қиыншылықтары мен әлеуметтік мәселелері басты тақырыпқа айналды. Негізінен, әйел қоғамның тең құқылы мүшесі ретінде өмір сүріп, әрекет етуге, табиғи жаратылысына тән ерекшеліктерді ескеріп, ортадағы өз орнын білуге тиіс екенін сезіну, басқаларға түсіндіру, насихаттау кең көлем алды. 1905-1907 жж. бірінші орыс, 1917 ж. ақпан революцияларынан кейін, Алаш зиялылары ұлттың жанғыртылуымен бірге, әйел теңдігі, әйелдің саясатқа араласуы, өз еркімен күйеуге шығуы және т.б. мәселерді көтерді. Ахмет Байтұрсынұлы, Алихан Бөкейханов, Мыржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Елдес Омаров, Халел Габбасов, Мұхамеджан Тынышпаев сынды қайраткерлермен қоса, қазақ халқының мәдени-ағарту ісіне, әйел азаматшалар да белсене араласып, әсерін тигізді.

М.Әуезовтің XX ғасырдағы шығармаларындағы негізгі тақырыптың бірі — әйел теңдігі. Шығармаларында өмір шындығына берік табан тіреп отыратын жазушы сол кезеңдегі қазақ әйелінің басындағы хал-ахуалды асырмай да жасырмай, қаз-қалпында көрсетеді. Бірде жазушы ата-анасының еркімен күйеуге шығып, тағдырына мойынсынған әйел тарихын («Сөніп жану») әңгімелесе, екінші шығармасында сүйгеніне қосыла алмай, құсадан өлген Ғазиза («Кім кінәлі») жайын сөз етеді. Тағы бірде («Үйлену») әке әміріне көнбей, көңіл сүйген жігітімен қашып кеткен қыз хикаясына тоқталады.

Қазақтың сөз өнеріндегі «*Әуезов әйелдері*» деп атауға болатын айырықша әсем әдеби бейне галереясы ұлы тетралогияның жан тебіренер ғажайып жаңа кейіпкерлердің бейнелерімен толықты. Төрт кітапта үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты жүзге тарта әйел кейіпкерлері бар. Романның буларға арналған беттері оқырманның көзі мен көңілін қатар жаулап, жан-жүрегін қоса баурайды. Бұлар жүрген жерлер кейде шетсіз-шексіз мұхит бойын түгел жайлаған шарапатты жылы ағыс (Гольфстрим) секілді, кейде қиырсыз кең-байтақ құрылықтың ойы-қырын тегіс сәулелендіре шүлен шұғыласына бөлеген күн нұры тәрізді, кейде көк жиекті керіп әкеткен кербез теңіздің көз жеткісіз көк айдынына сән берген аппақ ақ шағалалар сияқты...

«Абай жолы» тетралогиясын бейнелер жүйесіне қарай сұрыптап оқытуда М. Әуезов бүкіл шығармадағы кейіпкерлерді топтарға бөліп жинақтап талдаудың үлгісін береді.

«Абай жолы» тетралогиясын зерттей қарастырғанымызда, 627 ірілі-ұсақты кейіпкерлерге ұшырасамыз. Бітібаеваның сараптамасына сүйене отырып, шығармадағы әйелдер бейнелерін бес топқа бөлдік:

1. Аналар бейнесі: мысалы: «Қарашығым, қоңыр қозым, Абай жаным» -дейді Зере әжесі;
2. Абай ғашықтары: Әйгерім, Тоғжан – арналған өлең жолдары: «Көзімнің қарасы»;
3. Күндестер: Күңке, Айғыз;
4. «Ер мінезді еркелер» - Мәніке, Салтанат, Нұрғаным, Еркежандар;
5. Абайдың туыстары - Мәкен, Мағрипа деп әйелдер галереясын топтап ыңғайлы етіп береді.

М. Әуезовтің суреттеу өнерінде әйел-ана ма, жар-жұбай ма, бұла-бойжеткен бе... Әйтеуір қияпаты бөлек қазақ қызының мінез-құлқын, іс-әрекетін, сыр-сезімін, қимыл-қылығын дәл, терең, нәзік суреттеуге келгенде, жазушы шеберлігінің алдына жан салмайды. Сонда әр бейненің тастан қашалғандай бедер табатыны сондай, әрқайсысы - бір адам ғана емес, бір топ адамның жиынтық бейнесі боп оқырманның көз алдында тұрып, есінде қалады. Сонда әр кейіпкер – өз алдына бір тип, яғни әркімнің қашанғы таныс-бейтанысы боп шығады. Сонда бар ожданы тап-таза иманнан құйылғандай мейірім-шафхатқа толы Зере - әжелердің үлгісі; салқын қанды, сарабдан, сабырлы ақыл иесі Ұлжан - аналардың үлгісі; «сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілмен» бар сыры мен назын Абайға ғана құпия баян ететін «ақ еті атқан таңдай аппақ» ару Тоғжан - алыстан қарайлайтын қол жетпес арман секілді махаббат таңының үлгісі; әні сәніне, сәні әніне астасқан асыл, аяулы Әйгерім - жас жігіттің нақ сүйер сұлу жарының үлгісі. *Зере* – байсалды ақыл иесі, сабырлы ел анасы, ұрпағына мейірбан, Абайдың сүйікті әжесі. *Ұлжан* – асқан сабыр иесі, ұстамды, Құнанбайдың адал ақылдас өмірсерігі, Абай даналығының бастау бұлағы. *Күңке* – Құнанбайдың бөлек ауыл отырған бәйбішесі, мінезінің шайпаулығынан жұртқа жұғымсыз жан. *Айғыз* – Құнанбайдың тоқалы, төркіні кедей болғандықтан қазақ-ошақ маңында қалған. *Нұрғаным* – жасы Абайдан кіші Құнанбайдың ерке тоқалы. Мінезі батыл, ірі істерді атқаратын жан. Өз теңіне қосылмаған Нұрғаным тағдырға деген өшін, Құнанбайға деген қыжылын ешқашан жасырмай, әр ісіне батыл қарсы шығып отырған. Осы бір себептен де Базаралымен жақын болған. Бақытын таппаған қазақ қыздарының бірі, қалыңмал құрбаны. *Қаражан* – Тәңірбергеннің бәйбішесі, Абайдың жеңгесі. Мінезі қытымыр, қатал, сараң, тек қара басын ойлайтын Тәкежанның өзіне сай әйел. *Мәніке* – Ысқақтың әйелі. Ақылды, тәсілқой, айтқыш болғанымен өрескел сезімсіздігі бар, күйеуіне айтқанын істететін, өз бағасын білетін, паң, еркетотай әйел. *Еркежан, Зейнеп, Торымбала* – Оспанның әйелдері. Бәрі де – малға сатылған, тағдырына еріксіз көнген, қазақтың ибалы да көнбіс мінез әйелдері. *Сарыпаң* – Құнанбай маңайында Құнанбайдың абыройын сақтаған, Ұлжанның күтушісі, егде әйел. *Керімбала, Үмітей* – бақыты үшін күресуге дайын, бірақ арманына жете алмай кеткен қазақтың мұңлық қыздары. *Салтанат* – Абайды сүйген, сол үшін де ол қамалғанда абақтыға жүз сом беріп құтқарып, азаматық, достық пейіл көрсеткен, Абай құрмет тұтқан ер мінезді қыз. *Мәкен* – Абайдың апасы, досы Дәрменнің сүйген жары, Абайдың ара түсуімен бақытын тапқан қыз.

Үлгілерді талдау барысында біз келесі өлшемдерді есепке алдық:

а) Мәнмәтінді (контекст) есепке алу (толық есепке алынғандығы немесе алынбағандығы; мәнмәтінді оқу барысындағы ішкі сезімдер: эмоциялар және сезім әрекеттері);

ә) үзінділердің лингвистикалық ерекшеліктері: фонетикалық, лексика-грамматикалық (екпін/ мажорлы не минорлы үндестілігі, мәтін ырғағы);

б) стилистикалық тәсілдер;



в) ұлттық компонент (реалиа - культуремена) аудармалары.

М.Әуезовтің Абай жолы атты тетралогиясының түпнұскасынан орыс тіліне және орыс тілінен ағылшын тіліне аударылған мәтіндерге жүгінсек, ақынның идеясы мен сөздерінің мағыналарының біршама [ауытқушылықтарына](#) жол берілгеніне тап боламыз.

Осы мақаланың шеңберінде шығарманың әртүрлі тағдырлы кейіпкерлері: Кәмшат, Тоғжан және Әйгерім бейнелеріне байланысты салғастыру тәсілі негізінде сараптама жасадық. Кәмшат - екі шиеленіскен рулық қауымды елдестіру мақсатында құрбан болған сәби қыз. Тоғжан - Абайдың орындалмай кеткен асыл арманы. Әйгерім - Абайдың сүйген жары, өмірінде ерекше орын алған жұбайы.

Келесі мысалдарға назар аударсақ :

*Және сонымен қатар жымия күлген ерні аппақ маржандай тістерін айқын көрсеткендей болды. Үнсіз күлкімен езу тартып кеткен сияқты* [4, 182].

*Лицо ее расплылось в улыбке, белые зубы блеснули, как жемчуг* [5, 184].

*Smile spreaded across her face, white teeth sparkled like pearls* [6, 183].

Бұл үзіндіде Кәмшатты суреттеуде стилистикалық тәсілге сүйене отырып, жазушының соматикалық фразеологизмге *езу тартып* жол бергенін байқаймыз. Бірақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларда түпнұсқадағы "үнсіз күлкімен езу тартып кеткен сияқты" сөйлемі келтірілмеген. Ал ағылшын тілінде аудармашы *компрессиялық*, яғни сөйлемдерді қосып аудару тәсілін қолданған. Фонетикалық ерекшелігіне көңіл аударсақ, екпіні жоғары, яғни сүйсіну сезімі, позитивті көңіл - күйде берілген.

*Екі көзі сексеуілдің шогындай жайнап тұр өзінің* [4, 198].

*Ее глаза сияют, как горящий уголь саксаула* [5, 198].

*Her eyes like burning embers* [6, 199].

Жоғарыда атап өткеніміздей, екінші мысалда да автор соматикалық фразеологизмді алға тартқан. Мт (түпнұсқа) - "екі көзі", Мо (орыс тілі) - "ее глаза", Ма (ағылшын тілі) - "her eyes", көздерін сипаттауда екі тілдегі аудармада *грамматикалық алмастыру* тәсілін пайдаланған немесе лексикалық тәсілде бұны "калька" деп те атайды. Стилистикалық тұрғыда «көздері сексеуілдің шогындай» деп метафоралық мәндегі теңеуді ұтымды пайдаланған.

*Алқызыл бетті, томпақ Кәмшат аурудан кейін секілді солып, бозарып кетті. Оның қолдары мен аяқтары тым жіңішке болып кетті. Жүзі қайғы-мұңды бейнелеп тұрғандай. Кірпіктері ұзарып, ауыр қайғыны басынан кешірген кәрідей беті қуарып, әжім пайда болды* [4, 213].

*Румяная, полненькая Камшат теперь высохла и побледнела, как после тяжелой болезни. Ее ручки и ножки стали невероятно тонкими. Лицо выражало беспомощное страдание. Ресницы точно удлинились, щеки ввалились и покрылись морщинами, как у взрослого человека, перенесшего большое горе или сильный голод* [5, 213].

*The once rosy and chubby Kamshat was thin and pale as after a long illness, and her arms and legs were incredibly thin. Her little face expressed helpless suffering, and her sunken cheeks were wrinkled like a grown up's who had been starved or had gone through some terrible experience* [6, 214].

Кәмшаттың бұндай күйге тап болуына бірден-бір кінәлі кейіпкер - Құнанбай. Оның өрімдей жастығына қарамастан Бөжейдің қолына зат секілді тапсыра салуы – Кәмшаттың өліміне әкеліп соқты. Өйткені жаңа өсіп келе жатқан сәби қыз еш қараусыз қалды. Алайда, Бөжей жаман адам емес еді, ол, керісінше, ақылды, парасатты, ашуын ақылға жеңдіре алатын адал азамат. Бір қынжылатын нәрсе - олардың іштей тынып, сыртқа білінбейтін және таусылмайтын шиеленістері еді. Ал енді бұл үзіндіде Кәмшаттың бейнесін - тағдырдың тәлкегіне түскен кінәсіз құрбан деп танымыз.

*Ақ қағаздай боз, жасқа толы көздерімен Әйгерім Абайды күтіп алып, аттан түсуге көмектесіп, есік ашып, киіз үйге шығарып салды. Күндіз-түні жұбайынан жырақта ол көз жасын төкті* [4, 274].



*Бледная, словно полотно, с глазами, полными слез, Айгерим встретила Абая, помогла ему сойти с лошади, открыла дверь и проводила в юрту. И днем и ночью, втихомолку от мужа, она проливала слезы [5, 274].*

*Pale like linen with eyes full of tears, Aigerim met Abai, helped him to come down from horse, opened door and guided him to yurta. Days and nights she was crying without saying a word to her husband [6, 275].*

Кезекті үзіндіде Әйгерімнің Абайға деген құрметі, сыйластығы, қазақ әйелдеріне тән жұбайын күтіп алуы, жайғастыруы және көз жасын ешкімге көрсетпей тасада жасырынуы бір сарынды ырғақпен бейнеленген. Осы бір әрекетінен-ақ Әйгерімнің, шын мәнінде қандай екенін бірден аңғаруға болады. Екі тілдегі аудармада сөйлемнің әр мүшесі мен мағынасы толық сақталған. Лексика-семантикалық жағынан "конкретизация" үлгісінде аударылып, орыс-ағылшын тілдік оқырмандарға түсінікті суреттелген.

*Ал енді сен менің атымды бұлбұл құстың дауысындай сыңғырлап сала бердің [4, 316].*

*А сейчас ты произнесла мое имя так, как будто запела какую - то нежную, прекрасную песню! [5, 316].*

Ал Әйгерімнің екінші сипаттамасында оның әншілігінің бір ұшқынын бейнелейтін көрініске куә боламыз. Автор оның дауысын бұлбұл құсқа теңеп, эпитетті және салыстыру тәсілін дәлме-дәл пайдаланған. Алайда, ағылшын тіліндегі аудармасы жоқ. Мт-дағы "бұлбұл құстың дауысындай", Мо - "запела какую -то нежную" - деп, метафорикалық мәндегі теңеумен аудармаған.

Тоғжан жайында тек позитивті теңеулер мен мінездемелерді аңғаруға болады. Мысалы, төмендегідей:

*Үлкен үйдің ортасында ала көлеңкелеу жанған шам бар. Бұл үйге, әсіресе, өзгеше көктем нұрын енгізген бір жан бар, бұл Тоғжан [4, 346].*

*Посередине юрты тускло мерцал светильник. Кроме Суюндика с женой и двух его сыновей - Адильбека и Асылбека, здесь было еще одно существо, с появлением которого в юрту, казалось, врывалась свежая прелесть весны. Это была дочь Суюндика – Тоғжан [5, 346].*

*A lamp glimmered feedly in the depths of the yurta. Besides Syindik there was another creature there - the loveliness of the spring itself [6, 347].*

Ана тілімізден бөлек орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалардың өзіндік өзгешеліктері бар. Алайда, кейбір сөз орамдары мен сөз құрылымдарында айырмашылықтар көрінеді. Атап айтсақ, Мт - "жан" сөзі Мо- "существо" немесе Ма- "creature"- деген баламаны аңғару қиын емес. "Тоғжан" есімі Мт және Мо-да анық айтылғанымен Ма -да мүлдем айтылмаған. Мт - "көктем нұры", Мо - "свежая прелесть весны", Ма - "the loveliness of the spring", әр тілде өзіндік лексикалық, стилистикалық ерекшеліктерімен аударылған.

*Орташа үлкен қырлы мұрыны енді анық көрінді. Қырынан қарағанда біртүрлі сүйкімді екен. Жұмсақ жұмыр иегінің астында жұқа гана бір толқындай боп, нәзік бұтағы білінеді. Жылтырап таралған шашы қап-қара қалың өріммен, ерекше аппақ, нәзік мойнына қарай құлап түсіпті. Үлкен де, кіші де емес, әшекей сырғасы діріл қағып, дамыл алмай сілкіне түсіп тұр [4, 386].*

*Ее движения были неторопливы, даже, пожалуй, медлительны. Казалось, что каждый шаг ее звенит серебряными переливами дорогого украшения [5, 386].*

*She was carrying a silken cover, and moved unhurriedly, even slowly. Her every step made sweet silvery music [6, 387].*

Бұл үзіндіде Тоғжанның қимылы мен әшекейі айрықша екпінмен беріледі. Әрбір сипаттауда нәзіктік, биязылық, қазақ қыздарының сұлулығына тән инабаттылық пен ибалылық көркем суреттелген. Автордың ішкі жан тебіренерлік көтеріңкі деңгейдегі «толқу» эмоциясын әр оқырман іштей сезінбей қоймайды.



*Қарлығаш қанатының ұшындай үп үшкір болып самайға тартылған қас жүрекке шабар жендеттің жебесіндей* [4, 438].

*Тонкие брови, острые и длинные, как крылья ласточки, разлетаются к вискам.* [5, 438-ст]

*Her eyebrows long and sharply defined like the wings as swallow* [6, 439].

*Айналып аққу құстай қондың көлге* [4, 512].

*Ты, словно лебедь, прилетел на озеро родное сел* [5, 506].

*You're like swan came flying, to the home lake landed* [6, 508].

Жоғарыдағы мысалдарда Тоғжанның қимыл, іс-әрекеті және "табиғи бейнесі" ерекше тілдік қолданысқа ие. Теңеулер, эпитеттер, гипербола және басқа да стилистикалық тәсілдерді М.О. Әуезов өз нақышында бере алғанымен орыс, ағылшын аудармаларында дәл түпнұсқадағы үлгісіндей аударылмағандығы айқын. Тоғжанды бейнелеуде автор соматикалық фразеологизм, модульді лексика-семантикалық құрылым және серпіні жоғары теңеулерді сәтті қолданған.

Мақаланың мазмұнын қорытындылай келе, Қазақстандағы гендерлік теорияның дамуының нәтижесінде әйелдердің қоғамдағы әлеуметтік рөлі көпқырлы және көпсалалы мәнге ие екені айқындалды. Ежелгі дәуірден бастап бүгінге дейінгі әйелдің әр саладағы белсенділігі ұлғайып келе жатқаны даусыз. Ғасыр өте жинақталған әйел бейнесіне М.Әуезовтің «Абай жолы» тетралогиясы сара жол салып кетті.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: «Атамұра», 1999. – 43 б.
- 2 Гумилев Л. Көне түріктер. - Алматы, 1993. – 103 б.
- 3 Айтбайұлы Ө. Тіл мүддесі не ойлатпас саналыға! // Тіл майданы. - Алматы, 2000. – 238-244 б.
- 4 Әуезов М. Абай жолы. I-, II-т. — Алматы: Қазақ мемл. көркем әдебиет баспасы, 1961. - 3-132 б.
- 5 Ауезов М. Путь Абая. Роман-эпопея: В 2 т. - Алматы: Жазушы, 2007. - С. 184-506.
- 6 Auezov M. Abai. Progress Publishers. - Moscow, 1975. - С. 199-499.

## РЕЗЮМЕ

В предлагаемой статье изучаются женские образы в эпоху Абая, а также своеобразие национальных особенностей художественных переводов тетралогии «Путь Абая» с оригинала на русский и английский языки как и переводческие отклонения на основе сопоставительного анализа. Раскрывается художественное мастерство М.О.Ауэзова в изображении характера казахской женщины и дается краткий обзор социальной роли женщин в рамках гендерной политики Республики Казахстан.

## RESUME

The image of women in the epoch of Abai, and accomplishing of national peculiarities of fiction features in the translation of the tetralogy "Abai's way" from the original version into Russian and English translation as well as deviations on the basis of comparative analysis are researched. The authors describe the masterpiece skills of M.O. Auezov in characterising the Kazakh woman.

УДК 82-2 (574)

### Аннотация

Статья посвящена современной казахской драматургии периода 1991-2006 годов. Автор рассматривает жанровую природу, специфику и классификацию современной казахской драматургии. Преемственность традиций казахского театра, система образов, пьесы на современную тематику и проблематику стали предметом системного и разностороннего анализа данной статьи.

*Ключевые слова:* драма, трагедия, комедия, историческая тематика, социально-бытовая драма, классическая казахская литература, театр, конфликт, образы.

### А.Т. Жаманкозова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,  
канд. филол. наук, доцент

## Современная казахская драматургия: жанровая природа и тематическое содержание

Казахская драматургия берет начало с пьесы Мухтара Ауэзова «Енлик-Кебек», основанной на эпическом материале. Пьеса Мухтара Ауэзова «Енлик-Кебек» впервые была поставлена на подмостках самодеятельного театра, состоящего из 2-х юрт, в 1917 году в городе Семее. Мухтар Ауэзов был в числе ее первых зрителей. Он впервые воплотил в драматургии, не имевшей условий для своего развития по причине кочевой жизни казахов, все, что характерно было для духовной культуры народа – праздники, ритуалы, игры. Доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК Рымгали Нургали писал: «Важная роль, сыгранная Ауэзовым в создании казахской реалистической драматургии, не была случайной. Она была обусловлена знакомством с европейской драматургией, приобщением к передовым традициям в театральном искусстве. Школой драматического мастерства для Ауэзова стали переводы произведений Шекспира, Гоголя, Погодина» [1, 17].

С тех пор казахский театр развивался динамично и плодотворно. Было более 70-ти постановок различных произведений. Изучению жанровой природы и художественных особенностей казахской драматургии посвящены труды известных казахских ученых: К.Мухамеджанова «Пьесы» и «Мысли об искусстве» в 2-х томах, С.Ордалиева «Очерки казахской драматургии», А.Тажибаева «Зарождение и развитие казахской драматургии», Р.Нургалиева «Древо обновления».



Под термином современная казахская драматургия мы понимаем период с 1991-го по 2006 год, согласно общепринятой в литературоведении периодизации [2]. Современная казахская драматургия - это тонкое понимание человеческого сердца, проблем становления человека в обществе, сила любви и страсти, безнадежность горя и откровение отчаяния. В период с 1991 по 2006 год появились пьесы С.Жунусова «Личности и тени», «Преступники», Ш.Муртазы «Письмо Сталину», «Письмо пятерых», «Красная стрела», Д.Исабекова «Тюрьма», «Актриса», А.Тарази «Поэт. Ангел. Любовь», А.Кекильбаева «Хан Абылай», Ш.Кусаинова «Томирис», М.Байсеркенова «Последние дни Абылай хана», Т.Нурмагамбетова «Свадьба пятерых холостяков», С.Балгабаева «Казахи, вернувшиеся со свадьбы», «Век без любви», Р.Мукановой «Вечный образ ребенка», И.Сапарбаева «Цыганская серенада», О.Боранбаева «Голубой волк», С.Сматаева и Т.Теменова «Синее такси» и т.д. Тематика этих произведений обширна: роль личности в истории, радости и горести простого человека, чистая любовь, коварство и подлость. Современный стиль описания, простота композиции, красочная линия сюжета, тонкость и колоритность диалогов – художественные особенности современной драматургии.

Современная казахская драматургия представлена в жанрах комедии и драмы. Классификация пьес, на наш взгляд, характеризуется тремя тематическими группами. Актуальной становится историческая тематика, о чем свидетельствуют историко-биографические пьесы, созданные в этот период. Здесь следует отметить пьесы А.Кекильбаева «Хан Абылай», М.Байсеркенова «Последние дни Абылай хана», Ш.Кусаинова «Томирис». Оба автора раскрыли в образе главного персонажа героический дух, волю к победе и огромную любовь к своему народу. Учитывая, что очень мало документальных источников о хане Абылае, эти произведения несут большую идейно-воспитательную функцию. Появление таких произведений считается началом открытия и познания мира Абылая с театральных подмостков.

Безусловно, внутренний и внешний облик хана Абылая каждый из авторов решает по-своему. Так, у А.Кекильбаева раскрываются практически все годы правления хана, много исторических событий, пьеса превращается в хронологическую систему событий жизни правителя. Например, Абылай хан (1711-1781 гг.) представлен как крупный государственный деятель, реформатор, внесший огромный вклад в сохранение независимости Казахстана, государства, расположенного между Китаем и Россией. Пьеса начинается с вхождения Абылая на престол. В драме раскрыты борьба кланов, жизнь хана и его политический путь, его мечты и цели, горечи и обиды. С одной стороны, Россия, с другой стороны, Китай, с третьей – битва с джунгарами и победа над ними – вот мудрая политика хана. Удержать Китай и Россию от нападения на Казахстан, разбить джунгар и сохранить независимость и земли казахов – сложная задача, с которой успешно справляется великий хан великой степи. В такой сложной исторической ситуации сохранить мир и спокойствие среди казахов, усмиряя и подавляя интриги внутри государства, способен только мудрый правитель.

Драма состоит из 2-х частей. В первой части – Абылай в плену, во второй части – восхождение на престол. 2 части представляют собой 2 эпохи, но главная мысль заключена в прологе пьесы. Автор напоминает, что перед зрителем представлен образ великого правителя, понимающего и принимающего на себя огромную ответственность перед народом и историей.

М.Байсеркенов в пьесе «Последние дни Абылай хана» раскрыл 3 дня из жизни правителя, три *последних* дня. Перед нами старый и больной Абылай, который вспоминает всю свою жизнь: победы и неудачи, радости и горести. События разворачиваются сквозь призму оценивания главного героя. Абылай выступает и как действующее лицо, и как сторонний наблюдатель. Сюжет пьесы передается через внутренние и внешние монологи героя. Драматург раскрыл психологический портрет правителя. Жизнь хана, его политическая борьба, противники и сподвижники – все передано через поток сознания

главного героя. Диалоги с Бухар-жырау выступают как идеологические столкновения двух исторических личностей. В пьесе задействованы всего 3 героя: Абылай хан, Бухар-жырау и Сеис (начальник стражи хана, верный слуга). В пьесе проходят два времени: историческое и современное. Мы видим хана как великого государственного деятеля. Но, с точки зрения сегодняшнего дня, мы понимаем, что хан не властен над временем и историей. Всеу властитель – Время. Оно и есть История. Пьеса М.Байсеркенова предстает как хроника событий жизни правителя. Несмотря на множественность и панорамность воспоминаний Абылая, автор придает пьесе философское звучание.

Пьеса Ш.Кусаинова «Томирис» посвящена сакской царице Томирис, жившей 530 лет назад до нашей эры и описанной в трудах древнегреческого историка Геродота. Персидский царь Кир, завоевавший всю Азию, обратил свой взор на сакские земли. Все чаще он думает о том, что женившись на Томирис, земля саков не только войдет в его владения, но и словно пестрый ковер, ляжет к его ногам. Автор раскрывает глубину и силу характера Томирис, для которой независимость Родины становится смыслом жизни. Пьеса наполнена героизмом и лирической тональностью описания главного персонажа.

Второй обширной группой пьес современной казахской драматургии стали пьесы на современную тематику. Писатель Д.Исабеков в драме «Актриса» раскрывает трудную судьбу творческой личности, актрисы, живущей чистым миром грез и театра. Актриса, не испуганная подлостью и коварством, становится игрушкой в руках режиссера, попадает в сплетни коллег, но в финале пьесы предстает сильной духом женщиной, сумевшей пронести в себе любовь к искусству и верность чистым помыслам своей души.

В основу драмы Б.Мукай «Омирзая» положен извечный конфликт отцов и детей. Пьеса посвящена судьбе казахской интеллигенции. Отец, разочарованный в сыне, испытывает боль от бессилия и невозможности изменить ситуацию. Старец, для которого понятия чести и достоинства были ценностями жизни, глубоко переживает за судьбу своего сына. Последний из всех сил стремится подняться по служебной лестнице, попирая понятия справедливости и добра. Погоня за карьерой, попрание нравственных ценностей, с одной стороны, разочарование отца - представителя казахской интеллигенции, с другой - составляют сложную архитектуру пьесы. Персонажи выписаны живо и глубоко. Реалистичность сцен и современная обстановка интерьера позволяет зрителю быть соучастником происходящих событий. Как мы живем с такими людьми? Что происходит с нашими современниками? Эти вопросы красной нитью проходят в постановке драмы. Сама пьеса расценивается как отечественная интеллектуальная драма.

Пьеса С.Балгабаева «Казахи, вернувшиеся со свадьбы» состоит из двух частей, раскрывает «подвиги» группы танцоров, развлекающих казахов на празднествах, а на самом деле желающих пожить за счет торжеств (тоев). Раскрывая образы танцоров, автор проводит невидимые параллели с другими персонажами. Перед зрителем раскрывается панорама характеров, типов героев, с которых С.Балгабаев срывает маски, высмеивая пороки и лживые речи.

Действие начинается на перроне маленького железнодорожного вокзала, затем переносится в купе мягкого вагона. Ответственный специалист Мэлс Алибаевич возвращается после проверки района вместе с историком Асайем Мусеевичем. Автор раскрывает пороки современного общества: подхалимство Кошкарбая, мздоимство Мэлса Алибаевича и Асайя Мусеевича. Изрядно подвыпившие персонажи хвалятся друг перед другом, представляя себя важными персонами государства. В финале пьесы действующие лица, перепутав поезда, бегут в свой вагон, а посторонний старец вздыхает им вслед. С.Балгабаев, высмеивая тщеславие, мздоимство и пьянство своих персонажей, поднимает серьезную проблему: кто стоит у власти сегодня? Что хорошего принесут своему народу мэлсы и кошкарбай?



В следующей драме «Век без любви», которая отнесена к жанру социально-бытовой, С.Балгабаев раскрывает семейный конфликт. Действие разворачивается на фоне любовного треугольника, участниками которого становятся профессор Кайырбай, его жена Фарида, доцент и молодая библиотекарь Назикеш. Автор проводит мысль о том, что семья – это ячейка государства, а ребенок – его будущее. Ради молодой Назикеш Кайырбай оставляет семью. Он надеется, что та родит ему сына. Но Назикеш родила дочь. Разочарованный герой спивается. В финале Назикеш оставляет дочь Фариде и уезжает с богатым мужчиной. Кайырбай возвращается к Фариде. Исковерканные судьбы любящих людей. Потерянные годы, брошенные дети. Что происходит с обществом? Почему появились назикешы, для которых долг материнства ничего не значит? Такие мысли навеивает пьеса. Критики обрушились на автора, упрекая его в слабых, до конца не продуманных диалогах. Однако все сходилось в одном: убедительной и сильной получилась сцена, в которой Назикеш отдает новорожденную дочь Фариде. Плач ребенка на руках мачехи, и Фарида, прижавшая к груди чужого младенца – финальная сцена пьесы. Фарида выступает символом матери и материнства. Автор показывает, что матерью является не та, что родила ребенка, а та, что воспитала. Он не снимает ответственности ни с Кайырбая, который решил испытать судьбу с молодой женщиной и предал 30 лет брака, ни с Назикеш, которая поверила обещаниям Кайырбая и разрушила семью. Пьеса направлена, прежде всего, на обличение нравов современного общества. Она должна стать уроком тем семьям, в которых есть хотя бы намек на подобную ситуацию.

Классическая казахская литература во все времена остается актуальной и привлекательной для драматургов, режиссеров и сценаристов, поэтому обширный пласт современной казахской драматургии представляет драматургия, созданная на основе классической казахской литературы. Ярким примером служат произведения М.Жумабаева «Грех Шолпан», Ж.Аймауытова «Болезнь любви», С.Торайгырова «Камар сулу», не сходящие со сцены казахского драматического театра на протяжении долгих десятилетий. Известный театральный режиссер А.Рахимов поставил пьесу по роману Сабита Муканова «Светлая любовь». За внешней канвой событий романа следует отметить особое режиссерское решение образа Буркита. Р.Рахимов существенно сократил фабулу романа, оставив сюжет и образы главных героев без изменений. Новым стало решение образа Буркита, который в корне меняется в финале пьесы. Отсидев 10-летний срок, Буркит возвращается в родные места и просит прощения у всех, кого обидел. Наблюдая за Батес, он искренне желает ей счастья. В этом заключается сила мужской любви: Буркит любит Батес, но уходит, оставляя ее с тем, кого любит она. Умение осознать собственные ошибки, способность к прощению, благородство души – вот в чем сила и величие настоящей мужской любви. Такого нового взгляда и решения образа Буркита в казахской драматургии не было.

Особое место занимают произведения, посвященные образу великого поэта и мыслителя Абая Кунанбаева. Драмы Б.Атабаева «Говоря об Абае...», И.Сапарбаева «Абай-Тогжан», А.Кенжебекова «Мечта Абая» раскрывают образ казахского поэта с разных сторон.

Завершая краткий обзор современной казахской драматургии, следует отметить расцвет жанра комедии. Причем комедия представлена не в чистом жанре. Показательной особенностью современной казахской комедии является ее жанровая неопределенность, распространение необычных и экспериментальных форм. Современные комедии напоминают «горячие» репортажи газетных хроник, они актуальны, но в них нет художественности, хотя в них затрагиваются те же важные для человечества вопросы, что и у классиков. Востребованность такой комедии во многом связана с тем, что пьесы затрагивают актуальную тематику, связаны, прежде всего, с современностью, интерпретируют глобальные социальные перемены. Комедия перешла в жанр

развлекательно-юмористического шоу. С одной стороны, продолжил свою работу юмористический театр «Тамаша», с другой - появились новые юмористические театры «Шаншар», «Бауржан-шоу», «Улыбка». В них практикуются юмористические монологи, сцены по подобию «Кривого зеркала» Е.Петросяна, юмористические монологи чередуются с цирковым и эстрадным искусством. В результате, программы превращаются в театр нескольких актеров, а современная казахская комедия совместила в себе смежные искусства: сценические монологи и диалоги комедийных актеров перемежаются танцем, песней и цирковым искусством.

Таким образом, доминирующими жанрами современной казахской драматургии стали драма и комедия. Среди многообразия жанрово-стилевых направлений преобладает традиционное для казахского театра социально-психологическое направление.

Жанровая природа казахской драматургии периода 1991-2006 гг. представлена историко-биографическими пьесами, исторической хроникой, социально-бытовой драмой, классическими сюжетами казахской литературы, интеллектуальной драмой, развлекательно-юмористическими шоу-комедиями. Это обусловлено, на наш взгляд, тем, что современная казахская драматургия тяготеет к философичности, пытается осознать роль и значение личности в потоке истории и становлении государства. Драматургам важно показать жизнь простого человека, приблизить театр к современным проблемам общества. Вместе с тем, конфликты и проблемы современников решаются драматургами с позиций нравственности и добра.

Прослеживается тенденция переосмысления исторических событий, правителей и жырау, их вклад в становление казахской государственности. Драматурги, пытаясь приблизить историю, дают новое прочтение событий с позиций современного дня. Авторам важно показать возникновение и становление казахской государственности, насчитывающей 550-летнюю историю. Решение образов исторических личностей представлено с позиций патриотизма и духовности. Драматурги ставят задачей раскрыть непреложность главной истины – любви к Родине и единства народа во все времена.

Трагедии, за исключением уже существующих классических образцов казахского театра, таких как «Карагоз», «Енлик-Кебек» или исторической трагедии «Хан Кене» М.Ауэзова, в рассматриваемом периоде не создавались. Это, на наш взгляд, объяснимо исторически. Так называемое застойное время, время несвободы в искусстве, унижительное для художников всякого рода запретами, вспоминается как «удивительно театральное», поскольку в театре застоя не было. Основу репертуара составляли тогда преимущественно спектакли, протестующие против навязывания идеологической пропаганды. Именно поэтому в советское время в казахской драматургии был расцвет жанра трагедии, как одной из форм протеста и несогласия. С обретением независимости и снятием всякого рода запретов в искусстве перед драматургами встали проблемы иного уровня, о которых мы пишем выше. В размышлениях драматургов о сегодняшнем дне в современной казахской драматургии высоко ценятся критерии правды и художественности.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Нургалиев Р. Древо обновления. – Алма-Ата: Жазушы, 1989. – 368 с.
- 2 Пояснительная записка к серии «История казахской литературы» в 10 томах // [litart.academset.kz/?q=ru/node/78](http://litart.academset.kz/?q=ru/node/78)



## **ТҮЙІН**

Мақала қазіргі заманғы қазақ драма кезеңінің дамуына арналған. Автор 1991-2006 жылдар аралығындағы қазақ драмасының жанр ерекшеліктері мен жіктелуін толық қарастырады. Мақалада қазақ театр жүйесінің дәстүр жалғастығына, қазіргі заманғы қазақ драматургиясының тақырыптары мен проблемаларына жүйелі және кешенді талдау жасалады, мақалада жанр табиғаты анықталады.

## **RESUME**

The article is devoted to the development of the modern Kazakh dramatic art of the period of 1991-2006. The author considers genre features, specifics and the classification of the Kazakh dramatic art for the 15-year period of independence of the country. The continuity of traditions of the Kazakh theater, the system of images, plays on modern subject and a perspective became a subject of the system and versatile analysis of this article.



УДК 811.161

**С.С. Джансеитова**

В тексте автор эксплицирует описание главного национального блюда, состоящего из *жая*, жирного мяса конины и *сұр*, соленого сушеного мяса, а также свежего мяса молодого барана. Эта комбинация дает блюду особый изысканный вкус, который трудно описать словами. Однако автор смог передать и описать это действие, заключающее в себе культурную информацию, поскольку он сам является носителем этой культуры. М. Ауэзов не только смог описать содержание, но и раскрыл и передал читателю национальный вкус казахского дастархана, а через данный концепт – гостеприимство народа.

Далее приведем примеры культурологических единиц, которые отражают особенность бытовой жизни народа. (*Жидебайдағы қыстаудың ең үлкен бөлмесі осы. Кілемді, текеметті, алашалы, көрпелі, меймандос, мол үй*) [1, с. 94]. Как видим, в контексте дается описание комнаты в зимовье, где принимают гостей. Комната разукрашена коврами, которые передаются в примере разными названиями, как: *текемет, алаша, көрпе*. Они все используются для одной цели в качестве ковра, но имеют разницу в отделке, форме, структуре и качестве. Текемет – войлочный ковер с вяленным расплывчатым узором голубого, золотисто-желтого, красного, а также натуральных цветов шерсти (белого и коричневого) [2]. В толковом словаре казахского языка дается толкование слова «алаша»: (*Түрлі түсті жіптен арқау салып жолақтап тоқитын тақыр кілем, төсеніш*) [3], что значит тонкий вязаный ковер из разноцветных шерстяных ниток. Көрпе: (*Жамылып жату, төсену үшін матаның арасына мақта не жүн салып, қабып тіккен үй мүлкі, жұрқан*) [3], в переводе – узорчатое ватное одеяло, предназначенное для укрывания и украшения комнаты. Изготовление данных бытовых предметов связано с образом жизни казахского народа, так как в их прикладном искусстве главными материалами являются шерсть, шкуры. Данные бытовые предметы изготавливались из природного натурального материала, основываясь на народном эстетическом воззрении.

Как видим, данные культурологические единицы являются ощутимым препятствием для других лингвокультурных общностей, если не владеть культурными и языковыми знаниями, в которых отражена национально-культурная специфика данного этноса.

– Искусство и культура:

- а) фольклор: *жыр, айтыс, өсиет, қисса, дастан, терме* и т.д.;
- б) музыка и танцы: (*Қозы-Көрпеш-Баян сұлу*), (*Қобыланды батыр*), (*Жүсіп-Злиха*) и т.д.;
- в) музыкальные инструменты: *домбыра, қобыз, сыбызғы* и т.д.;
- г) обычаи и традиции: *әмеңгер, сыбаға, қалың мал, келіннің жасауы, құда түсу, көрімдік, неке қию, шашу* и т.д.;
- д) религиозные ритуалы: *жоқтау, ас беру, жаназы шығару, жетісін беру* и т.д.;
- е) праздники, игры: *боқырау, құлжа, тайга шабу, тоғыз құмалақ, асық ойнау* и т.д.;
- ж) мифология: *үшкіру, құмалақ салу, балгер* и т.д.;
- з) культы: *қалпе, қазірет, фатиха, дұға, намаз, ораза, қажы, сахаба, тәсбиғ* и т.д.

Необычайно яркие, зрелищны и красивы обычаи и традиции казахов, которые передают их культурное своеобразие:

(*Осы абысын, жеңге, келін атаулының бір машығы – жылына екі мезгіл Құнанбай үйлеріне сыбаға әкелуші еді. Бір сыбаға көктемде. Қыстай қыдырып араласа алмай жүрсе, жазғытұры ең алғаш сыбайлас қонғанда Зере отырған үлкен үйден бастап осы Күнкенің үйіне де бір-бір келеді. Қыстан сақтап шыққан сұрлерін әкеледі. Екінші рет,*

қазіргідей қыстау-қыстауға айырыла көшерде әкелетін) [1, с. 80]. В данном контексте можно увидеть описание традиции *сыбага*, которая до настоящего времени существует среди казахского народа. Эта традиция связана с почитанием старших, пониманием и поддержкой близкой связи с родственниками. Автор описывает в романе сцену, в которой снохи два раза в год приносят в дом Кунанбая и его матери сыбагу, то есть долю мяса, сохранившейся с зимы. Этим он показывает значение дома Кунанбая, который является «Қара шаңырақ», что значит дом предков, где хозяином становится младший сын семьи. В романе автор акцентирует особое внимание на родственные отношения, обязанности родственников по отношению к членам одной семьи.

Приведем еще один пример из традиции казахского народа, в котором ярко выражаются родственные отношения и ответственность за своих родных. (*Оның өз топшылауы бойынша, бұндайдың арты жесір қатынға әмеңгер іздеу. Мал шығармай біреудің үйіне тегін қатын кіргізіп беру*) [1, с. 35]. В примере дается выражение (*жесір қатынға әмеңгер іздеу*) в переводе искать мужа, то есть *әмеңгер* для овдовевшей женщине. Это не значит найти кого-то со стороны, а выбрать среди близких родственников того, кто возьмет ответственность за нее и за ее детей. *Әмеңгер* обычно является младший или старший брат умершего мужа, который несмотря на свой семейный статус берет вдову в жены и принимает ее детей. Эта традиция связана с тем, чтобы женщина не ушла с аула и от родственников, а дети не осиротели без отца и жили среди своих родных. Традиция имела свою значимость в кочевое время, когда без мужчин было тяжело переезжать с одного места на другой. По этому поводу в народе существуют пословицы: (*Балалы үйрек көлден кетпес, балалы әйел елден кетпес*) или (*Әйел ерден кетсе де, елден кетпейді*), в переводе: утка с утятами не уходит с пруда, а женщина с детьми с аула, а вторая пословица гласит, что женщина хоть и расстается с мужем, но не расстается с родной землей (аул). Традиция *әмеңгер* - это не только брачные узы, а целая система родственно-племенных связей, в которой заложена глубокая мудрость казахского народа.

Текст, будучи источником культуры, содержит богатую культурологическую информацию, отражающую историко-культурные ценности народа, которые основываются в мифах, фольклоре и обрядах. Фольклор – устное народное творчество, отражающее его жизнь, воззрения и идеалы. Каждый народ создает свой фольклор на основе пережитых им исторических событий. Первоисточниками их могли быть краткие песни о подвиге людей, отличившихся воинской доблестью, рассказы о несчастной любви молодых и народной фантазии. Казахский фольклор включает в себя жанры разного вида: жыр, айтыс, өсиет, қисса, дастан, терме, сынсу, жоқтау, жар-жар, беташар и т.д. Приведем примеры из романа, в котором описывается духовная жизнь казахского народа: (*Нелер ескі заман жырларын, айтыс, өсиет әзілдерін де көп айтып береді*) [1, с. 57]. В романе даются несколько примеров из устной народной мудрости.

Жыр – песня – тесно вошла в повседневную жизнь казахов, сопровождая их в радости и в горе. В казахской народной поэзии песни делят на две большие группы. Первая группа - обрядово-бытовая поэзия, связанная по происхождению с древними обрядами, другая - лирические песни, отражающие чувства и переживания людей. Такие как: *той бастар* (песня открытия торжества), *бет ашар* (песня, открывающая лицо невесты), *бесик жыры* (колыбельная песня), *коштасу* (связанная с горечью разлуки со всем, что дорого и близко), *естірту* (песня о извещениях печальных событий), *жоқтау* (песня о причитаниях) и т.д. Все они разнообразны по тематике, богаты идейно-смысловым содержанием, эмоционально экспрессивны, свидетельствуют о высоких душевных качествах казахского народа.

Следующий вид фольклора – айтыс. Айтыс - одна из излюбленных и распространенных форм народного творчества, публичное поэтическое состязание народных певцов-импровизаторов (акынов) в Казахстане, популярное и в настоящее



время. Песенное исполнение поэтических импровизаций на заданную тему происходит с использованием народного музыкального инструмента домбры. Айтыс требует от исполнителей высокого мастерства и знания, т.к. представляет собой сложный синтез ряда искусств - поэзии, музыки, драматического представления, публичного исполнения и публичного признания таланта. В жанре айтыса особенно разносторонне и глубоко выявляется поэтический дар народа. Таким образом, фольклор является культурным достоянием и единицей, передающей особенность этнической картины мира в тексте.

3. Этнические объекты:

а) этнонимы: *керей, уақ, Тобықты, Жігітек и т.д.*;

б) клички: *Телқара, Бесқасқа, Кенже и т.д.* Казахи часто придумывали прозвища для близких людей. Это связано с традицией, согласно которой новые члены семьи (молодые снохи) не называют по имени своих новых родственников. Им приходилось придумывать прозвища для братьев и сестер мужа, например, такие как Еркежан, Еркетай, Кенже и члены семьи с таким же уважением обращались к вновь принятым в семью, называя жену брата *жеңге*.

*(Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындай беріп еді, Жұманның қатыны, Қалиқа деген бір жеңгесі:*

*– Телғара! Айналайын Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! – деп мойнынан құшақтай алып, бетінен сүйеді)* [1, с. 15]. В данном примере автор еще раз показывает национальную особенность обращений не по имени. В романе описывается как сноха *Қалиқа* обращается к Абаю, который является ей деверем (младшим братом мужа). Она называет его *Телғара*, это ласкательное прозвище данное Абаю. Как видим, автор пытается показать национальную особенность уважения и почтения родственников, уважение старших младшими. И по сей день эта традиция остается приоритетной у казахского народа, сохраняя свою национальную особенность.

5. Географические наименования: *Қорық, Қарашоқы, Тақырбұлақ, Шыңғыс, Сахра, жайлау, қыстау и т.д.* Приведем примеры из географических реалий, которые содержат в себе национальный характер.

*(Биыл Құнанбайдың өз ауылдары да, жақын ағайындары да күземді елден ерекше ерте алды. Және бұрын күзеуден бір қар жаудырмай көшпеуші еді. Қазірде қарашаның ортасына жетер-жетпесте қыстауға қарай тартты)* [1, с. 45]. В этом культурологическом контексте автор дает информацию о том, что ауыл (село) Кунанбая рано съехал с осеннего пастбища на зимнее, то есть с *күзеу* в *қыстау*. Эта информация дает представление о том, что казахи издревле вели кочевой образ жизни и круглый год меняли места жительства: на это указывают существующие термины *көктеу* – весеннее, *жайлау* – летнее, *күзеу* – осеннее и *қыстау* – зимнее. Постоянное перемещение объяснялось поиском удобного места для пастбища, так как скотоводчество и по сей день остается основным видом жизнедеятельности казахского народа.

6. Наименование родственных связей: *тоқал, бәйбіше, жиен, келін, абысын, жеңге, келін, нағашы, ене и т.д.* Родственная связь почитается казахским народом высшей ценностью жизни. Подобное отношение имеет свое значение, заложенное в определенных нормах семейных взаимоотношений (обычаях, традициях). И поэтому описанию отношений казахов с семьей, друзьями, жителями аула уделяется много места в романе.

*(Қасындағы орта жаста, ақ сары әйел – Абайдың өз енесі, Түсіптің қатыны.*

*– Ал, шешелер, көрімдік!*

*– Көрімдік кәне!*

*– Болмаса балаларыңды көрсетпейміз, беті ұялады! – деп, алғашқы келген келіншектер, күлген бойларында, шымылдықтың шетін ұстады.*

*– Алыңдар! Көрімдік сендердікі! Бірақ бізге баламыздың жүзін көрсетіңдер, алыңдар! – деп үлкен бәйбіше қолына шашуын алды...)* [1, с. 246]. Как видим, в данном примере представлено несколько реалий: *әйел, ене, қатын, шеше, келіншек, бәйбіше,*

которые имеют национальную особенность и иерархию в системе наименований членов семьи. В романе автор показывает значение в семье *ене* (тещи). Она вправе первой увидеть свою невестку и воспитывать ее, так как является ей второй мамой. У казахов первую жену называют *бәйбіше*, а последующих жен называют *тоқал*. Подобное явление связано с системой правовых отношений – шариадом, при котором мужчине позволялось брать в жены четыре жены при условии их материальной обеспеченности.

7. Пословицы и поговорки, фразеологизмы: *қаралы уыл, қаралы көш, қолаң жібек шаш, биенің бас сауымына шейін, тай шаптырымдай-ақ жер, қарға тамырлы и т.д.* Пословицы и поговорки, фразеологизмы являются одними из важных культурологических единиц. В них присутствуют «следы» культуры – мифы, архетипы, обычаи и традиции, отражающие исторические события и элементы материальной культуры. Приведем пример из романа (*Осындай қамның бәрі биенің бас сауымына шейін түгел бітті*) [1, с. 246]. (*Биенің бас сауымына шейін*) фразеологизм обозначает отрезок времени. Казахи часто употребляют для описания времени домашних животных, так как забота о них являлась их основной деятельностью.

Как видим, в романе известного казахстанского писателя М. Ауезова «Путь Абая» представлено полное описание жизни, нравов и обычаев казахского народа. Текст изобилует культурологическими единицами, в которых отражены национальное своеобразие, среда обитания, образ жизни и менталитет этноса. Данные культурологические единицы представляют собой лакуны, демонстрирующие отсутствие в когнитивном сознании народа представление о концептах другого народа (собственно культурологические лакуны). Исследование художественных текстов предполагает эмоциональное общение с автором через культурный диалог, а понимание культуры народа помогает понять ее семиотику, расшифровать тексты и определить значение используемых в ней знаков.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Әуезов М.О. Шығармалары. 12 томдық. IV том / Әуезов М.О. – Алматы: Жазушы, 1968. – 400 б.
- 2 Большая советская энциклопедия. - М.: Советская энциклопедия, 1969. - 1978.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 4 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 208 с.
- 5 Сорокин Ю.А. Текст и его национально-культурная специфика / Ю.А. Сорокин, И.Ю. Марковина // Текст и перевод. – М.: Наука, 1988. – С. 74-81.
- 6 Сорокин Ю.А. Опыт систематизации лингвистических и культурологических лакун: Методологические и методические аспекты / Ю.А. Сорокин, И.Ю. Марковина // Лексические единицы и организация структуры литературного текста: сб. науч. тр. - Калинин, 1983. – С. 35-52.

### ТҮЙІН

Мақалада халықтың ұлттық-мәдени өзгешелігін бейнелейтін тілдің ұлттық - ерекшелік белгілері сипатталып, талданады. Тұрмыстық, жасанды – мәдени бірліктермен, этникалық нысандармен, туыстық қатынас атауларымен және мақалдармен, географиялық атаулармен экспликацияланатын мәдени бірліктер келтіріледі.

### RESUME

In the article national and specific units of the language which reflect national and cultural features of the Kazakh are described and analyzed. The article gives examples of cultural units that explicated household, artificial cultural units and ethnic objects, geographical names, names of family relations and proverbs.



### Аннотация

Мақала Т. Ізтілеуовтің шығармашылығына арналған. Авторлар ақынның шағын шумақтарының көркемдігін қарастырып, рубаиларына тоқталған.

*Түйін сөздер: өлең, дастан, жыр, жырау, шағын жанр, ақын.*

### Б.Ш. Баешова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филол. ғыл. канд., аға оқытушы

### Ә.Қ. Абылханова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, магистр

## Т. Ізтілеуовтің шағын шумақтарының көркемдігі

Қазақ жері өнер адамдарына кенде болған емес. Кең байтақ еліміздің қай түкпірінде болмасын күмбірлеген күй мен сыңғырлаған ән әуелеп, ғасырдан ғасырға жетіп отырды.

Қаламы ұшқыр, ойы терең, дүлдүл ақын Тұрмағамбеттің ақындығы өзінің туған өлкесіне ғана емес кең байтақ қазақ жеріне «Сыр сүлейі» деген атпен әйгіленді. Сыр өңіріндегі талай ақын, дарындыға дәріс беріп, ұлағатты ұстаз атанған Тұрмағамбет Ізтілеуұлының өлеңдерін сол кездің талай әдебиетсүйері сүйіп оқыған. «...Тұрмағамбет өлеңдерін Әбділда мен Мұхаметжан да, Қалмақан мен Нартай да, Әбдікәрім Оңалбаев пен Қуаныш Баймағамбетов те бала күнінен жаттап өскен, олардың да ақындық сезімдерін оятуға себепші болған» [1, 7].

Тұрмағамбет тума талантты, дарынды ұстаз. Оның өзіне ғана тән өткір де өжет мінезі бар. «Ол сегіз қырлы, бір сырлы өнердің бұрқыраса – дауыл, жауса – жасын, жазылса – жайлау, қайсар, отты да, бірбеткей, қаршыға тұлғалы мінездің адамы» [2, 115].

Қашан да білуге, оқуға құштар ақын жүрегі сонау бала кезден – ақ ілімге сусап жүретін. «Көшпелі қазақ жерінен Орта Азияның атақты қаласына білім іздеп, шөліккеп келген Тұрмағамбет, оның бай кітапханасынан Шығыстың ежелгі мол мәдени мұрасы – дарқан шығармаларын тауып алып мейірлене оқиды. Әсіресе, арабтың «Мың бір түні» мен үндінің «Тотынамасын», парсының «Шахнамасы» мен Омар Хайям, Хожа Хафиздің сұлу сазды нәзік лирикасын, Шайхы Сағдидың «Гүлстаны» мен «Бостанын», Низамидің «Іскендірнамасы» мен «Қысрау - Шырынның», Навоидың «Ләйлі – Мәжнүні» мен «Жеті шұғыласын», Рудаки мен Физулидің, Жәми мен Бедилдің хисапсыз мол дүниелерін бас алмай қызыға оқып, құмарта сусындайды, Бируни, Мұхамед Әл – Фараби, Әбу

- Әли ибн Сина, Бабур, Ұлықбек сияқты философтар мен тарихшылардың асыл қазыналарын ерінбей ақтарады» [1, 9].

Жас ақынның Шығыс әлеміне деген осы саяхаты оның үлкен аудармашылығына, асқан жыраулығына бірден – бір себеп болған еді. Шығыс тілдері – араб, парсы, түрік – шағатайды еркін меңгерген Тұрмағамбет Шығыс әлеміне сара жол сала бастайды. Шығыстың классикалық таңдамалы шығармаларын өз халқына жеткізуді мақсат ете отырып, ғұмырын ғылымға, өнер жолына арнайды. Сол жолда аянбай еңбек етеді.

Небәрі он төрт жасында – ақ қалам ұстаған Тұрмағамбет тұңғыш туындысы «Қара қоңырды» жазса, кәмелеттік жасқа толғанда «Мәрді дихан» атты дастанын дүниеге алып келген еді. Адалдық пен адамгершілік, инабаттылық пен ізгілікті тақырыбына өзек еткен ақын шығармалары қашан да тереңділікке, биіктікке пара – пар. «Адамдық іс», «Жақсы мен жаман», «Қабанға қарсы ұмтылма ер дегенде», «Толымды жігіт» сынды еңбектері осының айғағы.

Назиралық дәстүрмен оннан астам дастан жазған қаламгер айтыс өнеріне де ден қойған. Оның «Тұрмағамбет пен Шәді Төрениң айтысы», «Кете Жүсіп пен Қаңлы Жүсіпке айтқан аралық сөз», «Кете Жүсіп пен Қарасақал Ерімбетке айтқан арарлық сөз» сынды еңбектері қазақтың жазба айтыс өнеріне қосқан өзіндік үлесі.

Халқына қашан да жақын ақын жүректі Тұрмағамбеттің шығармашылығының негізгі өзегі: бай – манаптарды, би – болыстарды, яки билік басындағы шенеуніктерді мінеп – шенеу, халықты сауатты өмірге, ағартушылыққа, өнер мен ғылымға, талмай еңбек етуге шақыру, үстем таптың қанаушылық әрекеттерін жирендіре жырлау. Өзі ағартушы болғандықтан көп жырларында балаларға өсиет, нақыл мен кеңес айтып, адами тұрғыда тәрбиелеуге тырысқан. Өзі жырға қосқан Лұқпанша жыр толғайды:

Татулықтың қызығы -  
Кеудеңнен жаның шыққанша,  
Әр түрлі үгіт айтамын  
Өтіп кеткен Лұқпанша.

Ақын Т. Ізтілеуұлының шығармашылығын сөз еткенде оның шағын жырларын айтпай кетпеске болмас. Қаламгер Тұрмағамбет өз дәуірінің шағын жанр жазудың майталманы. Поэзияның бірегей жанры болып саналатын төрттағандарды ақын 1907 – 1939 жылдар аралығында жазған. Әр қаламгердің өз стилі, өзіндік жазу үрдісі бар. Тұрмағамбет ақынның төрттаған толғаудағы өзіндік стилі: әрбір төрттік шумақтарына тақырып қойып жырлаған. «Көңіл» атты төрттағанында:

Ей, көңілім, талпи берме, бет алдыңа!  
Бетіңше талпынғанмен кете алдың ба?  
Үш түгіл алтайыға, алты қостым,  
Сонда да, біреуіне жете алдың ба? –

деп, көңіл қанша талпынғанмен, өмір өз заңдылығымен дамып, өз ағысымен ағатынына, бәрі де адам ойлағандай бола бермейтініне өкініш білдіреді. Осылайша өз көңілімен сырласа отырып, өз-өзіне басу айтып, жұбанады. Алға талпынған көк дөнен көңілін сабырға шақырып, тежейді де. Оптимист ақын толғауы тоқсан өмірге қайта араласып сала береді.

«Ой» дейтін төрттағанында ой мен нәпсіні қой мен көкжал бөріге теңей отырып, екі ұғымды бір-біріне қарама-қайшылықта қарастырады.

Негізінде, нәпсім – бөрім, ойым – қойым,  
Нәпсіге ойды «жемей», жоқ қой тойым.  
Біле алмай қайсысына қарарымды,  
Болып жүр осы уақытта дел-сал бойым, -

деген төрттағанынан үлкен пәлсапалық ой мен өмірлік тәжірибені аңғаруға болады. Нәпсінің ойды құрдымға түсіретіні ақынды беймазальлыққа кезіктіріп, тығырыққа тіреп отыр. Бұл – кез-келген адам баласының бойынан көрініс табатын құбылыс екені белгілі.



Осындай көңіл мен сезім арасындағы нәзік дәнекерді дөп басып жырға қосу да асқан шеберлікті, суреткерлікті қажет етеді.

Бал дәуренді, жастық ғұмырды аңсау, сағыну кез – келген ақын – жазушыларымыздың сүйікті тақырыбы. Тұрмағамбет ақын да өзінің өткен өмірге деген сары сағынышын «Түс» деп аталатын шумағында былайша келтірген:

Жаманнан жақсы көрем таяғымды,  
«Артық, - дейім – арық аттан аяғымды».

Ойласам, ұйқыдағы түс сияқты:

Күлкі, ойын, жастық дәурен баяғымды, -  
деп өзінің бұла шақтағы мөлдір дәуренін енді қолы жете қоймас, қанша қуса да қолға түсе қоймас ұйқыдағы түспен теңестіреді.

Ақын «Мінез» деген төрттағанында адам баласының бойында кездесетін менмендік, өзімшілдік әрекеттің зиянды екенін тілге тиек етеді. Бір ешкімге керексіз езінді болмауды меңзейді:

«Қоям, - деп, - халыққа қарсы» - бір өзінді,  
Байқамай болып жүрме тірі езінді.

«Әрқашан алам десең – төрден орын»,

Түзеп ал, татаусыз қып мінезінді! – деп тек осал мінезінді түзегенде, қыңырлық пен тәкаппарлықтан арылғанда ғана құрмет пен беделге ие болатындығын ескертеді. Сөз болған шумақтарынан аңғарғанымыздай ақын төрттағандарының тәрбиелік мәні өте зор. Өткірші өмірдің мәңгілік емес екендігін, сол жалған ғұмырда тек ізгілік ету керектігін тілге тек етеді. Оның ұстаз-ақындығы да осындай жырланынан қылаң беріп қалады.

Ықылым замандардан бері қарай сыры табылмай келе жатқан өлім мен өмір тақырыбында да қалам тартқан. Өзінің «Өмір» деп аталатын төрттағанында:

Дүниеден өмір бітіп өтсем де өзім,  
Аралап жердің жүзін жүрер сөзім!

«Көре алмай кейінгі кеттім-ау!» деп,

Арманда болмай-ақ көзім! – деп жырланатын жолдардан ақынның оптимистік көзқарасын аңғаруымызға болады. «Өлім» атты беймәлім құбылыстан сескенбейтінін, өлсе де артында сөзі қалатынына толық сенімді. Өзінің жауһар қазына іспеттес асыл сөздері мәңгілік екенін, ешқашан өлмейтіндігі туралы сыр ұқтырады. Асыл қазына іспетті даналық пен сыршылдыққа, сұлулық пен көркемдікке толы өлең-жырларының, нақыл – ақыл сөздерінің жердің жүзін шарлайтынына, бақилық өмір сүретіне күмән келтірмейді.

Ал адам баласының талқаны таусылғанда ажал құшып, о дүниелік болатыны сөзсіз. Өлім оғы келгенде пенде жер құшып, мәңгілікке жанары семетінін ақын өзінің «Өлім – оқ» төрттағанында былайша жырлайды:

Жасыңда жаңа соққан пышақтайсың,  
Қаржалып қартайған соң ұсақтайсың.  
Өкпеңнен өлім оғы өткен күні –  
Көз жұмып, қара жерді құшақтайсың.

Жастықты өткір пышаққа, кәрілікті әлжуастыққа теңей жырлаудың өзі нағыз суреткердің қаламына бейім құбылыс. Оның жырларының басым бөлігі де сол аз ғана ғұмырда, пышақтай жас кезінде сыйластықты сақтай білу, жаныңдағы адамның қадірін білу керектігін де сөз етеді. Ақынның «Іні» деп аталатын төрттағанында бірге туған бауырдың бағасын біл, ол бақытты сезінумен бірдей дегенді алға тартады:

Есерлік естен кетпес жасыңдағы,  
Бақытты білу қиын жасыңдағы.  
Ерттеулі белдеудегі бедеу аттай,  
Ініңнің қадірін біл жасыңдағы.

Сайып келгенде Тұрмағамбет ақын төрттаған жанрының шебер майталманы. Шағын жанр жазуда өзіндік із салған дарынды ақын. Оның шағын шумақтары адам жанының



нәзік пернелерін шертетін сезімдерге бай. Тәрбиелік мәні зор, ақыл – кеңеске толы мазмұнды туындылар. Ақын толғаған әрбір төрттаған тұнып тұрған философия десе боларлық. Тұла бойы пәлсапаға тұнған төрттағандардың көркемдігі де басым.

Тұрмағамбет ақын ежелден келе жатқан байырғы жанрды қайта жаңғыртқан қаламгер. Бұл сөзіміздің дәлелін белгілі зерттеуші И. Жеменейдің мына пікірінен де аңғаруға болады: «Тұрмағамбет төрттағандарды ежелгі түркілік жәдігер ретінде жатсындырмай, әдебиетімізге қайтарып алып келген ұлы ақындарымыздың бірі екені мәлім» [3, 173].

«Сыр сүлейі» атанған Сыр бойының дарынды перзенті – Тұрмағамбет Ізтілеуұлының елі үшін еткен еңбегі ерен. Ақынның өмірден өзі өтсе де, сөзі жердің жүзін аралап жүрері хақ. Оның есімі қазақ әдебиетінен өшпес орын алып, поэзия көгінде мәңгі қалықтары даусыз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ізтілеуов Т. Назым. – Алматы: «Жазушы», 1971. – 199 б.
- 2 Карбозов Е. Өлең өрнегінің шебері // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2003. - №1. - 114-119 б.
- 3 Жеменей И. Мұхаммед Хайдар Дулат. – Алматы: «Зерде», 2007. – 352 б.

### РЕЗЮМЕ

Статья посвящена поэтическому творчеству Турмагамбета Изтилеуова. Авторы, рассматривая четверостишие поэта, выделяют художественные ценности рубаи.

### RESUME

The article is devoted to the poetic creation of Tyrmaganbet Iztileuov. The authors focus their attention on the artistic values of rubays examining the poet's quatrains.



### **С.У. Такиров**

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,  
филол. ғыл. канд., доцент

### **А.Е. Алимбаев**

Еуразия гуманитарлық институты,  
магистр

## **Әдебиеттегі сюжет пен нарратив арасындағы сабақтастық**

### **Аннотация**

Мақалада әдебиет теориясындағы өзекті мәселелерінің бірі – көркем нарративтің орны қарастырылады. Сонымен қатар, автор негізгі теориялық түсініктер мен әртүрлі көзқарастардың оқиғаға қатысын сөз ете отырып, көркем мәтін мен нарративтің сюжетті дамытудағы орнын талдап көрсетеді.

*Түйін сөздер:* фабула, сюжет, мотив классикалық сюжет, нарратив, нарратология,

Қазақ прозасы тереңдеген сайын құнарлана, құнарланған сайын күрделене, күрделенген сайын әлемдік деңгейдегі жаңашылдықтар, жаңа ізденістер бой көтерді.

XX ғасырдың соңы мен XXI басында қоғамдық өзгерістерге байланысты әдеби процесте де көптеген өзгерістер пайда болды. Сондықтан да қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымыда прозаның күрделі мәселесінің бірі - сюжет, нарративке көңіл аударуда.

Қазіргі кезде нарратологтар өз назарларын мына фактіге аударады: әдеби шығарма сюжетпен шектелмейді. Егер ескі пікірге сүйенетін болсақ, онда орыс формалистерінің анықтауы бойынша, әңгімеде не айтылса, соны фабула дейді. Ал сюжет сол әңгіменің қалай айтылатыны туралы болмақ. Сюжет жайлы осы түсінік ешкімді қанағаттандырмады. Осыдан барып екі аспект белгіленді: біріншіден, әңгімелеудің формалды құрылымы, әңгімеленіп отырған оқиғаларды жеткізу барысы, фактіні мазмұндау, оқиғалардың себебі, байланысы, уақыт, кеңістік, кейіпкерлер. Екіншіден, оқырман мен жазушы арасындағы көзқарас бойынша формалды құрылымды жеткізу әдісі. Бұл бойынша, әдеби шығармаға үңіле отырып, оның ішінен оқырман мен жазушының формальды белгісін іздеу керек [1,300].

Ал енді нарратологтердің көзқарасы бойынша «сюжет деген не?» соған тоқталайық. Қазіргі әдебиеттану ғылымында классикалық және құрылымдық талдау әдісінен басқа, сюжетті талдаудың тағы бір әдісі бар. Оны нарратологиялық талдау деп атайды, яғни, баяндау арқылы жүзеге асатын әдіс түрі. Бұл әдістің классикалық және құрылымдық талдау әдістерінен артықшылығы – бұнда мәтін көпдеңгейлі жүйе ретінде қарастырылады.

Әдебиет зерттеушісі Ю.М.Лотман сюжеттің тұжырымдамасын жасады. Ол сюжеттің екі негізгі түрін ажыратып берді: классикалық және мифологиялық. Ю.М.Лотманның шығарманы талдау әдісінде «рамка» (жиек, жол, шекара) деп аталатын негізгі түсінік бар. Міне, осы бойынша, классикалық сюжет біреудің рамканы бұзған сәтінен басталады. Лотманның тілімен айтсақ, мәтіндегі оқиға кейіпкерлердің мағыналық ая шекарасынан асып кетуінен болады.

Лотман сюжетті талдау барысында екі нәрсені дұрыс түсіну керектігін айтады: «Рамка» басында қалай болып еді? Және ол «рамканы» кім бұзды? Рамканың өзі экспозициядан (шығарманың болатын орнынан) басталады. Осыдан соң, рамканың бұзылуы оқиғаның басталуына алып келеді.

Ал мифологиялық сюжеттің негізінде рамканың бұзылуы емес, оқиға жатыр. Мифологиялық сюжетте рамканың бұзылуы ешқашан іске аспайды [1,310].

Сюжет және фабула терминдері нарратив сатыларының құрамына кіреді. Фабула дегеніміз – оқиғалардың реттілігі, оқиғалардың шын мәнінде болғандығы. Сюжет дегеніміз – оқиғалар туралы мәтінде айтылғандардың бәрі, яғни, оқиғаны оқырманның қалай білгендігі. Оқырманның шығармадағы оқиғаларды біле бастауы, фабуладағы реттілікпен сәйкес келмейді.

Қазіргі уақытта сюжет термині туралы көптеген зерттеулер Хейден Уайт пен Поль Рикердің еңбектерінде жан-жақты сарапталған. Сондай-ақ, әдебиет зерттеушісі Ю.Лотман сюжет туралы мынадай жақсы пікір айтады: «Мәтінде оқиға болған күннің өзінде, сюжетсіз ол еш нәрсе емес. Мәтіндегі оқиғаларға жан бітіру үшін, міндетті түрде, сюжет қажет». Осы айтылған пікірмен келісуге болады деп ойлаймын. Себебі, сюжетсіз оқиға шығарманы толық ашып көрсете алмайды. Сюжетті шығарманың негізі деп қарастырады. Сол себепті, көркем шығармада сюжеттің орны бір төбе деп айта аламын. Оған жоғарыда айтқан зерттеушілердің пікірі дәлел бола алады [2,19].

Зерттеуге алынып отырған мәселеміз сюжетке қатысты болғандықтан, сюжетке берілген анықтамаларға тоқталып өткен жөн. Әдебиет зерттеушісі Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» кітабында сюжетке мынадай анықтама берілген: «Сюжет (французша *sujet*-зат) – көркем шығарманың мазмұнын ашып, мазмұнды пішінге көшірудің негізгі түрі немесе тәсілі». Горький болса, «Сюжет дегеніміз – адамдардың өзара қарым-қатысы, байланысы, қайшылықтары, жек көру, жақсы көру, әр характердің, типтің өсу, жасалу тарихы», деп біледі [3,170]. Ал қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалығында Зәки Ахметов сюжетті былай деп таниды: «Сюжет (французша *sujet*-зат) – өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі [4,311]. Сюжет мәселесі нарратологтердің тарапынан қалай зерттелген күннің өзінде, ол өзінің бастапқы ұғымын сақтап қалады деп ойлаймын.

Әдебиет зерттеушілерінің нарратология туралы жүргізген талдаулары арқылы, әдебиеттану ғылымында нарратологияның алып жатқан аумағы өте кең екенін байқаймыз.

Нарратология аумағының кеңдігін мынамен түсіндіре аламыз: әдебиеттану ғылымында фабула, сюжет, мотив деген түсініктер бар. Нарратологтердің айтуынша, бұл түсініктердің қамтитын аумағы нарратив қамтитын аумақтан асып түсе алмайды. Бұлардың басын біріктіріп, бір жүйеге келтіру үшін оқиға және баяндау түсініктерінің көмегіне жүгіну керек. Яғни фабуланы да, сюжетті де, мотивті де нарратив жүйесіне салып барып қана талдай аламыз.

Нарратив жүйесін зерттейтін ілім – нарратология. Біз қарастырып отырған нарратологияда мынадай категориялар қарастырылады: оқиға, сюжет, фабула, тарих, әңгімелеу сатысы, әңгімелеу түрі, айтушы мен айтылымның ара-қатынасы, автор мен нарратор (әңгімелеуші), автордың, кейіпкердің, оқырманның көзқарасы, нарративті деңгейлер, әдістер, т.б. [5,17].

Нарратологияның қарастыратын мәселелері қатарына мыналар жатады: әдебиеттің табиғатын коммуникативті түсіну; бір мезгілде бірнеше әңгімелеу деңгейінің болуы; дискурс мәселесіне қызығушылық білдіру; әдеби ақпаратты жазушыдан оқырманға



жеткізу. Әдебиеттің коммуникативті табиғаты мыналарды қамтиды: ақпарат жіберуші (әдеби шығарманың авторы), хабарлама, коммуникат (әдеби мәтін), хабарламаны алушы (оқырман), әдеби мәтіннің характері. Әр әдеби шығарманың негізінде оқырман мен жазушы арасында диалогтік қарым-қатынас болады.

Нарратив түсінігін ашу барысында, ғалымдар арасында айтылған пікірлер өте көп. Нарратив туралы орыс жазушысы Е.А.Попов мынадай тұжырым жасайды: «Нарратив – бұл адамдар және адамдар арқылы болатын оқиғалар жүйесінде сөйлеуші арқылы құрылған мәтін».

Тағы бір орыс зерттеушісі М.М.Бахтин былай жазады: «Біздің алдымызда екі оқиға бар. Біріншісі, шығармадағы айтылып жатқан оқиғаның өзі, яғни оқырман ретінде шығарманы оқи отырып, бұл оқиғаға біз де қатыса аламыз; екіншісі, оқиғалар әр түрлі уақытта болады, сонымен қоса әр түрлі жерде өтеді және сол уақыттарда олар тұтасымен тығыз байланыста болады [6,84].

Сонымен, нарратив туралы айтылған пікірлерді жинақтап, мынадай тұжырымға келіп тоқтаймыз: нарратив (лат.narrare – әңгімелеу тілі) – әңгіме, оқиғаларды баяндау. Көбінесе, әңгімелеу және сюжет деген сөздердің орнына қолданылады. Әдебиеттануға кіріспеде нарратив термині екі түрлі түсінікте қарастырылады. Біріншісі әңгімелеудің классикалық теориясында пайда болған. Бұл термин неміс теориясында нарратология емес, әңгімелеу теориясы деп аталған. Шығарманы баяндауда мәтінмен тығыз байланысты адам – әңгімелеуші болып саналады. Классикалық теорияда әңгімелеудің негізгі белгісі - автор мен әңгімелеуші арасындағы байланыс. Әңгімелеудің маңызы нарратордың әңгімені дұрыс қабылдап, оны оқырманға жеткізуінде жатыр. Нарратордың қатысуымен әңгімелеудің ерекшелігі анықталады. Нарратив туралы екінші түсінік құрылымдық нарратологияда қалыптасты. Осы тұжырымдама бойынша, әңгімелеуде коммуникацияның құрылымдық белгісі ғана емес, сонымен қатар, айтылып жатқан әңгіменің құрылымдық белгісі де шешуші рөл атқарады. Құрылымдық талдау бойынша нарратология аумағына шығарманың барлық түрі кіреді. Яғни, нарратив аумағына роман, повесть, әңгіме ғана емес, сонымен қатар, пьеса, балет, мүсін өнері, сурет өнері, кинофильм жатады. Керісінше, нарратив қамтитын аумаққа мыналар кірмейді: әлеуметтік ортаның бейнеленуі, аяқталмаған оқиға, салынып жатқан сурет, өткенді қайталау [7,139].

Көркем шығарманы баяндауда ең негізгі функцияны атқарушы нарратор болып табылады. Нарратор (ағылш. narrator) – әңгімеші, әңгімені баяндаушы. Сонымен қоса, нақтылы автор деген мағына береді. Бұл - нарратологияның бір категориясы.

Өз уақытында В.Кайзер нарратор туралы мынадай тұжырымдама жасаған: «Әңгімелеуші – тұтас әдеби шығармаға жататын жасалынған фигура. Әңгімелеу өнерінде нарратор автор бола алмайды». Кейіннен, француз әдебиет зерттеушісі Р.Барт мынадай догмаға келді: «Нарратор мен кейіпкерлер қағаздағы тірі жандар. Әңгіменің авторын әңгімелеушімен шатастырмау керек». Ал С.Чэтман болса, кейінгі кезде нарратив терминінің орнына, ноннаратор қызмет атқаратын, ноннарратив терминін қолдану керек екенін айтты. Француз зерттеушілерінің айтуынша, шығарманы баяндау барысында, міндетті түрде, біреу шығарманың баяндаушы ролін атқарады. Осы пікірмен келісе отырып, швейцарлық зерттеуші М.Л.Рьян әңгімені жеткізу қабілеті тек нарраторға ғана тән деп есептеп, әр мәтінде міндетті түрде нарратор болуы керек деп санайды [7,141].

Қорыта айтқанда, әдебиет зерттеушілерінің жүргізген талдаулары арқылы нарратология саласының күрделі құрылым екенін аңғардық. Сондықтан да, қазіргі кезде бұл саланы зерттеу барысында көптеген даулы мәселелер, түрлі пікірлер айтылуда әрі оның шешілу жолдары қарастырылуда. Бұдан шығатын қорытынды: нарратология мәселесі әлі де көп зерттеуді қажет етеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тюпа В.И Анализ художественного текста – М.: Издательский центр «Академия», 2009.
- 2 Шмид В. Нарратология. – М.: Языки славянской культуры, 2008.
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: «Қазақ университеті», 1992.
- 4 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - Алматы: «Ана тілі», 1996.
- 5 Брокмейер Й., Харре Р. Нарратив: проблемы и обещания одной альтернативной парадигмы. // Вопросы философии. – 2000.
- 6 Рикёр П. Время и рассказ. Т. 1. Интрига и исторический рассказ. – М.; СПб.: Университетская книга, 1998.
- 7 Лебедев С.Ю. Повествование и нарратив: принципиальное различие – Алматы: «Ұлағат», КазНПУ им. Абая, 2012.

## РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается проблема центральных понятий теории художественного нарратива. Авторы рассматривают различные взгляды на событие, останавливаются на особенностях концептуализации события в художественном тексте и приходят к выводу, что событие представляет собой ключевое звено при анализе художественного нарратива.

## RESUME

In this article the problem of the central concepts in the theory of fictional narrative is considered. The author studies various views on the event, considers the peculiarities of its conceptualization in the fictional text and comes to the conclusion that the event presents the key element in the analysis of the fictional narrative.



## **Ж.Т. Мамырханова**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті,  
PhD докторанты

# **Қытайдағы қазақ көркем әдебиетінде диалектілердің қолданылуы (С. Жанболатовтың «Елжау Күнби» романының негізінде)**

### **Аннотация**

Бұл мақалада Қытайдағы қазақ көркем әдебиетінде, нақтылай айтқанда, С.Жанболатовтың «Елжау Күнби» романындағы диалект сөздер қарастырылған. Көркем мәтінде қолданыс тапқан диалектілік лексемалардың және диалектілік тіркестерді жинақтап, саралай келгенде, автордың белгілі бір мақсатта қолдану ерекшеліктері анықталады. Көп жағдайда сол өңірдің тұрмыс-тіршілігіне, өмір сүру болмысы мен кәсібіне тән сөйленіс қатарына әбден сіңіп кеткен диалектілік сөздер кеңінен көрініс тапқан. Романда диалектілер арқылы жалпы халықтық сипатын анықтауға болады.

*Түйін сөздер:* тіл, диалект, лексикалық ерекшеліктер, көркем әдебиет, диалектизм, халық, әдеби тіл, экстралингвистика, жергілікті тіл, семантикалық ерекшеліктер.

С.Жанболатовтың «Елжау Күнби» романында ірі елбасы, қайраткер, үйсін Күнбиі Елжау Нәндібиұлын бас кейіпкер ете отырып, осыдан ХХІ ғасыр бұрын өмір сүрген ұлы Үйсін мемлекетінің Елжау Күнби билеген тұсындағы саяси тіршілігін, әскери және қорғаныс істерін, шаруашылық мәдениетін, тұрмыс-салтын суреттейді. Сонымен бірге Үйсін мемлекетінің ұзақ ғұмырында өзімен замандас, шығыстағы ірі ел - Хан қағанатымен тату байланыс орнатқандығын нақты болмысымен сипаттайды. Шығарманың тарихи дерегі мен мағлұматы мол, тілі шұрайлы.

Мақалада романдағы жазушының диалектілердің пайдалануы туралы жазылған. Қазіргі күнде диалект мәселесінің маңызы өте зор. Өйткені диалектизм әдеби тілдерде көп қолданылады.

Диалект - жергілікті немесе әлеуметтік негіздерде бөлінген ұжымдардағы аралас-құраластық жасау құралы ретіндегі тіл ерекшелігі. Диалект – тілдің тууы мен өмір сүруінің аса маңызды формасы, ол шаруа, тұрмыстық және өндірістік қарым-қатынастар жасауының негізінде пайда болған алғашқы ұлттық тілдің ерекше белгісі. Тілдің әркелкі түрлері: онда әдеби тіл және жергілікті тіл ерекшеліктері (диалектілер), ауызекі тіл және арго (толық емес, редуцирленген – сөздік

деңгейіне дейін қысқартылған тілдік жүйе) бар екендігі белгілі.

Көркем шығармаларда диалектілік ерекшеліктер негізінен кейіпкерлердің тілінде қолданылады. Сонымен қатар, кейде автор сөзінде қолданылуы да орын алып отырады. Жазушылар диалектілік ерекшеліктерді көбінесе жергілікті тұрғындарды сипаттауда, халық тұрмысын шынайы көрсету, белгілі бір аймаққа тән материалдық және рухани мәдениет ерекшеліктерін беру үшін, халықтың болмысын, рухын шынайы түрде бейнелеу мақсатында қолданады.

Жергілікті ерекшеліктердің көркем шығармада қолданылуының өзіндік ерекшеліктері бар. Экспрессивті қызметі автордың жеке өзі таратып отырған хабардағы көріністермен байланысты, ендеше сөз өз тұлғасын білдіре алуудың құралы ретінде қызмет етеді. Импрессивті қызмет сөйлеушінің жеткізгелі отырған хабарына қаратыла айтылады десек, ол сөйлеушінің әсеріне байланысты адресат хабардың қандай тілмен жеткізілгені туралы ақпаратты алумен қатар, автордың осы хабарға деген эмоционалдық жай-күйін біле алады. Бұл қызмет белгілі бір әрекеттерге байланысты адресаттың көңіл-күйіне, сезіміне, талап-тілегіне ықпал жасай алады.

Лексикалық ерекшеліктер өз ішінен бірнеше топтарға жіктеледі. Атап айтқанда: нақты лексикалық ерекшеліктер – әдеби тілде баламасы, синонимі бар сөздер; семантикалық ерекшеліктер – белгілі бір тұрғындардың тілінде жалпыхалықтық қолданыстан бөлек мағынасы бар сөздер;

этнографиялық ерекшеліктер – белгілі бір аймаққа ғана тән, басқа жерлерде қолданылмайтын немесе олардан түбегейлі ерекшеленетін заттар мен құбылыстардың аттары.

Этнографизмдердің жалпыхалықтық тілде баламасы болмайтындықтан, оларды сипаттама түрінде ғана беруге болады;

фразеологиялық ерекшеліктер – белгілі бір аймаққа ғана тән, сол жерде ғана түсінікті болатын тұрақты сөз тіркестері [1, 304 б.].

Кейіпкер образын жандандыра түсу тәсілдерінің бірі – оның тілінде сол өңірдің жергілікті ерекшеліктерін беру. Әрбір субъектінің жасына, қызметіне, өмір сүрген ортасына, күнделікті тіршілігіне қарай сөз қолданысы да басқалардан ерекшеленетіні белгілі. Олай болса, жазушы образ сомдауда осы ерекшеліктерді мүмкіндігінше мол қамтуға тырысып, экстралингвистикалық факторларды ескеріледі.

Жазушы тілін, сөз қолдану ерекшеліктерін сөз еткенде, ең алдымен, екі факті:

- а) белгілі бір сөздерді қолдануда автордың өзіндік позициясын, мақсатын түсіндіру;
- ә) автор бейнесінің ерекшеліктеріне мән беру.

Сонымен қатар, кейде автор сөзінде диалектінің қолданылуы да орын алып отырады. Жазушылар диалектілік ерекшеліктерді көбінесе жергілікті тұрғындарды сипаттауда, халық тұрмысын шынайы көрсету, белгілі бір аймаққа тән материалдық және рухани мәдениет ерекшеліктерін беру үшін, халықтың болмысын, рухын шынайы түрде бейнелеу мақсатында қолданады. Ақын, жазушылардың қай-қайсысының да шығармасынан диалектілік ерекшеліктер кездеспей отырмайды. Өйткені, әр адам, әсіресе әрбір сөз шебері – таза әдеби тілдің ғана емес, сонымен қатар белгілі дәрежеде, белгілі бір аймаққа тән диалектіні де сақтаушы. Қазақ әдебиетінде де диалект сөздер көркем шығармаларда кеңінен қолданыс тауып келеді. Бір ғана мысал, Әбіш Кекілбай шығармаларында үй сөзі там, жай, бықынажай, құжынажай, майхана, сәлемхана, шатпа, шошала, сағанақ теппе, сылама т.б. түрлері кездеседі. Дегенмен сыншылар тарабынан диалектизмнің көркем әдебиетке енуіне қатысты сын да айтылып келеді. Жергілікті ерекшеліктер жалпы көпшілікке бірдей таныс болмайтындықтан, олардың көркем әдебиеттегі қолданылуы орынсыз десе, енді бір топ шығарманың тақырыбына, мазмұнына, суреттелетін оқиғаларға, автордың мақсатына, эстетикалық идеалы мен шеберлігіне байланысты қолданылуы орынды дейді. Мысалы, Мұхамеджан Қаратаев "Біздің әдеби тіліміз қазақтың халық тілінен туды. Бір алшақ өңірдің екінші қияндағы қазаққа түсініксіз сөздері көп



болса жүз қаралы ғана. Мұны диалект деп қараудың өзі күмәнді" деп диалектілер табиғатына қатысты мүлде басқаша ой айтады. Әдебиетші Алма Қыраубаева да "шығармада жергілікті тіл ерекшеліктерінің қолданылуы белгілі бір аймақтың колоритін, шығарманың шынайылығын бере алмайды. Сонымен қатар әдеби тілде жергілікті ерекшеліктерді шамадан тыс қолдану да шығарманың тілін шұбарландырып, түсініксіз етеді". Осы тұрғыдан алғанда диалектолог-ғалым Ш.Сарыбаев: «Көркем әдебиет тіліндегі тіл элементтерінің бәрін бірдей әдеби тіл нұсқасы деп қарамау керек» - дей отырып, әдеби тілді диалектизм сөздерімен байытудың үш амал арқылы жүзеге асырылатынын көрсетеді: бірінші, әдеби тілде баламасы жоқ сөздерді қолдану арқылы; екінші, диалектілік вариант, дублет сыңарларын семантикалық дифференциация әдісімен саралау арқылы; үшінші әдеби тілдегі синонимдік қатарларды жергілікті сөздермен молайту арқылы [4, 149 б.].

«Елжау Күнби» романында да көптеген диалект сөздер кездеседі. Кейбір сөздер ханзу тілінен келегені көрінеді. Мысалы:

*Олардың қолындағы ұлықтары да азайды, құттық мәртебелері де төмендетілді. Бұл жердегі «құттық» дегеніміз өкімет, әкімшілік, әмер дегенді білдіреді [3, 10].*

*Мына киелі де ұлы барқтың тағанын шұқылайтын, астына су жіберетін, діңгегін кеміретін, тоқ етерін айтқанда, өзге соны амал-айлаларар арқылы уысымыздағы ұқыққа жармасуды жоспарлайтын, ертеден бастап сақтана жүру қажет болатын өзге күдікті тұстар қалмады ма? Бұл сөйлемдегі «барқ» сөзі ғимарат дегенді білдіреді, ал «ұқық» құқық деген сөз [3, 15].*

*Бүгін та ата, осы ұлы көл білге алып Күнбиге, шұғыл ешкінші келді. «Көл білге»-көп білетін, данышпан адамды айтады [3, 17].*

*Бірақ, бұл төбені, жайшылықта, көктен ұшқан, құстан қалса, анау аулаққа тұрғызылған каргудегі жуан да биік мұнарадағы жатқақтар мен тұрғақтар ғана көре алады. «Каргу» сөзі қараулхана, «жатқақ» ол түнгі күзетші, ал «тұрғақ» сөзі күндізгі күзетші дегенді білдіреді [3, 18].*

*Хас Сақтардың бергі қара шаңырақта кіндігіміз, бөд өргінді орда жұртымыз, құтты мекеніміз... «Бөд» сөзі тақ, қағандық, орын дегені [3, 20].*

*Сыртқы шоң дарбазадағы екі кезекші түйіскен найзаларын ашқан. Бұл жерде «шоң дарбаза» үлкен қақпаны айтады [3, 22].*

*Ал мұндай өргіндік, ордалық билік басында жүрген ұлықтылық жұмыстағылар мен су-шер қолбасыларынан сырт, тағы бір мәртебелі де ықпалы топ бар. «Су-шер» сөзі әскер, армия мағынасында айтылған [3, 22].*

*Олар - қам-бақсылар, тегін-төрелер, абыз-үлемдер, жақсы-жайсаңдар, ығай-сығайлар - жалпы, көкқасқалар. «Абыз-үлемдер» ғұлама, ғалым, оқымысты адамдарды айтады [3, 27].*

*Ал, қалған өн бойындағы алтын, меруерт, маржан әшекейлерінен сырт, құтай жіппен жүргізілген тамаша кестелері көздің жауын алады. Бұл жерде «құтай» сөзі жібек дегенді білдіреді [3, 30].*

Көркем әдебиет тілінде жергілікті ерекшеліктерді диалектизмдерді қолдану шеңбері, принциптері, әдістері – әлі де болса шешілмей келе жатқан талас мәселелерінің бірі. Қазақ тілі диалектісінде әдеби тілдің кәдесіне жарайтын оны байытатын элементтер де, керісінше, әдеби тілді шұбарлайтын, оның дамуына, нормалануына бір қалыпқа түсуіне кедергі жасайтын элементтер де бар. Бұрын белгілі бір аймақ шеңберінде ғана қолданылып, кейін жазушының жиі- жиі қолдануы арқасында, олардың сөз уағыздаудағы игі еңбектерінің нәтижесінде тар шеңберден шығып, әдеби деңгейіне дейін көтерілген. Жалпыхалықтық қолданыс дәрежесіне жеткен сияқты сөздеріміз аз емес. Қазақ тілі диалектілерінде әдеби тіл кәдесіне жарайтын, сөздік қорымыздың баюына қажетті бау-бақша, мақта, зергерлік, аңшылық, құсбегілік, тағы басқа толып жатқан шаруашылық түрлеріне байланысты сөздер аз емес. Көркем мәтінде қолданыс тапқан диалектілік лексемалардың және диалектілік тіркестерді жинақтап, саралай келгенде, автордың



белгілі бір мақсатта қолдану ерекшеліктері анықталады. Көп жағдайда сол өңірдің тұрмыс-тіршілігіне, өмір сүру болмысы мен кәсібіне тән сөйленіс қатарына әбден сіңіп кеткен диалектілік сөздер кеңінен көрініс тапқан. Сонымен, көркем мәтіндегі жергілікті тіл ерешеліктерін зерттеу арқылы әдеби тіл мен диалектизмдердің ара жігін, диалектизмдердің әдеби тілге ауысу қағидаларын, диалектілер қатарында жүрген этнографизмдердің жалпы халықтық сипатын анықтауға болады. Жазушы кейіпкер тілін даралау арқылы оның түсінік түйсігін аша түсіп, бітім-болмысын айқын көрсетуді мақсат тұтады. Әр кейіпкердің іс әрекетіне орай сөйлеген сөзі де олардың бір бірінен өзгешелеп тұрады. Жазушы өзге стильдік элементтерді дайын күйінде көшіре салмайды, сондықтан бөгде стильдік элементтер негізгі қызметінде жұмсалмай, эстетикалық мәнге ие болғанда көркем тіл кестесіне лайық түрге енеді. Көркем әдебиет стилінің ерекшелігіне бағынып, жазушы идеясына тәуелді болады. Диалектизмдер көбінесе стильдік мақсатта, яғни кейіпкердің табиғи бітім-болмысын айқын көрсету үшін қолданылады. Демек, көркем мәтіндердегі диалектизмдердің ұтымды қолданылуы, мақсатты жұмсалуды сөздік қорымыздағы кейбір сөздердің мағыналарын толықтырып, мағыналық өрісін кеңейтуге, кірме сөздердің баламасын беруге едәуір септігін тигізетіні сөзсіз. Көркем мәтінде қолданылатын диалект сөздердің мән-мағынасын ашып, қолданымдық аясын зерттеп, стильдік қызметін анықтау жұмысы орынсыз қолданылған жергілікті тіл ерекшеліктері мен әдеби тіл қатарына енуге бейім тұрған диалектизмдерді айқындауға мүмкіндік береді [2, 44].

Ақын-жазушылардың тілі арқылы сөздік қорымызды кеңейтеміз. Олардың индивидуальді-авторлық сөз тудыру негізінде қалыптасқан атауыштық сөздер мен ұмытылып бара жатқан көне этнографизмдерді жаңғыртуы арқылы және де кейбір естілмей жүрген заттық мәдени диалектизмдері қайта дүниеге әкелуі арқылы сөздік қордың шеңбері ұлғая түседі.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 304 б.
- 2 Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. - Алматы, 1991. – 199 б.
- 3 Жанболатов С. «Елжау Күнби» романы. - Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, 2000. – 520 б.
- 4 Сарыбаев Ш. Көркем әдебиет тіліндегі жергілікті ерекшеліктер // Жазушы және сөз мәдениеті. - Алматы, 1983. – 149 б.

## РЕЗЮМЕ

В данной статье рассмотрена проблема диалекта в художественной литературе казахов в Китае на материале романа С. Жанболатова «Елжау Күнби». Применяя диалектные слова в романе, писатель показывает быт, реалии жизни, деятельность казахов в Китае, также описывает характер народа.

## RESUME

In this article the problem of a dialect in the Kazakh fiction literature in China on the novel of S. Zhanbolatove “Yelzhan Kunby” is considered. Using dialected words in the novel the author shows the household, life realities, activities of the Kazakhs in China and describes the character of the people.



### Аннотация

В статье рассматриваются понятие «неологизм», его признаки и способы создания. Автор описывает процесс закрепления слов в словарном составе языка. С учетом способа создания выделены фонологические неологизмы, заимствования и морфологические неологизмы, образованные путем аффиксации, конверсии, словосложения и сокращения.

*Ключевые слова:* неологизм, новое слово, язык, словарный состав, социализация, лексикализация, способ создания, типы неологизмов.

### А.У. Ильясова

Евразийский гуманитарный институт, магистр

## Неологизмы в современном английском языке

Неологизмы (греч. – neos – новый и logos – слово) - это новые слова, появляющиеся в языке в результате различных изменений в жизни общества, в области культуры, науки и искусства. Словарный состав - наиболее проницаемая, изменчивая и подвижная сторона языка, которая непосредственно реагирует на то, что происходит в мире реальных, в ней отражаются наши представления о различных явлениях внеязыковой деятельности. Характерной особенностью словаря является его способность бесконечно разрастаться за счет новых слов и новых значений, которые образуются различными путями [1].

Появление неологизмов есть прямое свидетельство жизнеспособности языка, его стремления выразить все богатство человеческих знаний и прогресса цивилизации.

По данным Калифорнийской организации Global Language Monitor, целью которой является фиксация новых слов в английском языке, в словарном составе современного мирового языка новое слово появляется каждые 98 минут. Словарный состав английского языка, таким образом, способен увеличиваться на тысячи и даже десятки тысяч слов в год [2].

От традиционных канонических слов неологизмы отличаются особыми связями со временем, которые фиксируются коллективным сознанием. Новыми словами лексикологи и лексикографы считают единицы, которые появляются в языке позднее какого-то временного предела, полагаемого за исходный. Так, некоторые исследователи считают таким пределом конец второй мировой войны. Другие связывают появление новых слов с освоением космоса

и определяют границу 1957 года – годом запуска первого спутника. Таким образом, критерий неологизма, с одной стороны, произволен, с другой – объективен [3].

Слово является неологизмом очень непродолжительное время. Как только слово начинает активно употребляться, оно теряет признак новизны и становится общеупотребительным.

Важным вопросом является вопрос о том, как создается новое слово. Процесс закрепления слова в словарном составе языка охватывает несколько стадий. Человек создающий новое слово (*originator*) стремится к индивидуализации и оригинальности. Затем слово проходит несколько стадий социализации (принятие его в обществе) и лексикализации (закрепление в языковой системе). Слово воспринимается посредниками (*purveyors*), которые распространяют его среди масс. Это, как правило, преподаватели университетов, школьные учителя, репортеры, работники средств массовой информации. Слово фиксируется в периодической печати. Очередная стадия социализации – принятие слова широкими массами носителей языка. Далее идет процесс лексикализации, а затем – приобретение навыков адекватного употребления нового слова, то есть приобретение коммуникативно-прагматической компетенции носителями языка.

Процессы социализации слова и его лексикализации происходят через взаимодействие посредников (например: учителей, репортеров, актеров, через средства массовой информации и т.д. и т.п.).

Единицей эволюции языка, как известно, является изменение номинации, т.е. соотношения между означаемым и означающим. По мнению В.Г. Гака, возможны четыре элементарных изменения в процессе наименования: использование данного языка для обозначения нового объекта, введение нового знака для обозначения объекта, уже имеющего название в языке, введение нового знака с новым обозначаемым и, наконец, неупотребление знака в связи с дезактуализацией обозначаемого [4]. Иначе говоря, неологизм есть новое слово (устойчивое сочетание слов), новое либо по форме, либо по содержанию (и по форме, и по содержанию). Исходя из этого, в вокабуляре неологизмов можно выделить:

- 1) собственно неологизмы (новизна формы сочетается с новизной содержания): *bio-computer* компьютер, имитирующий нервную систему живых организмов;
- 2) трансноминации, сочетающие новизну формы слова со значением, уже передававшимся ранее другой формой: *burned-out* выжатый, усталый ;
- 3) семантические инновации, или переосмысления (новое значение обозначается формой, уже имевшейся в языке): *bread* – деньги, *drag* – скучища [5].

С учетом способа создания неологизмы подразделяются на: 1) фонологические, 2) заимствования, 3) семантические, 4) синтаксические, создаваемые путем комбинации существующих в языке знаков (словообразование, словосочетание). Будет целесообразным расчленить 4 тип неологизмов на морфологические (словообразование) и фразеологические (словосочетания).

Рассмотрим подробнее каждый из типов неологизмов.

I. Фонологические неологизмы образуются из сочетаний звуков, часто из звукоподражательных междометий. Глагол *to clapter* (аплодировать) является звукоподражанием хлопков в ладоши.

К данной группе также можно отнести новые слова, образованные от междометий: *zizz* (британский сленг) короткий сон (имитация звуков, издаваемых спящим человеком, часто передается в комиксах при помощи трех букв *zzz*), *yech [jek]* или *yuck* (ограничено в употреблении американским сленгом) – междометие, выражающее сильное отвращение (от данного междометия образовалось прилагательное *yucky / yukku* отвратительный, употребляемое преимущественно детьми и подростками).



Данные неологизмы обладают самой высокой степенью коннотации новизны и могут быть отнесены к «сильным неологизмам». Высокая степень их новизны объясняется необычностью и свежестью их формы.

II. К сильным неологизмам можно отнести и заимствования, которые отличаются фонетической дистрибуцией, не характерной для английского языка, а также нетипичным морфологическим членением и отсутствием мотивации. Несмотря на то, что в настоящее время английский язык превратился из языка-реципиента в язык-донор, его лексический состав всё ещё продолжает расширяться за счёт заимствований из различных языков: *dacha* (дача), *glasnost* (гласность), *to knout* (бить кнутом), *cinematheque*, *anti-roman* (из франц.); *yatollah* (из арабского).

III. В меньшей степени неологичны морфологические неологизмы, создаваемые по образцам, существующим в языковой системе, и из морфем, наличествующих в данной системе. Речь идет о словообразовании, о таких регулярных словообразовательных процессах, как аффиксация, конверсия, словосложение, и о менее регулярных, таких, как сокращение, лексикализация и т.д.

Аффиксальные неологизмы образуются в рамках английского словообразования. При этом многие уже существовавшие ранее суффиксы принимают новые значения [6]. Например:

-able: *googlable* (то, что можно найти в поисковых системах);  
 -holic: *bookoholic* (человек, одержимый книгами), *coffeoholic* (человек, одержимый кофе);  
 -iac: *braniac* (асоциальный умник);  
 -ian: *facebookian* (пользователь социальной сети Facebook), -ic: *villagistic* (относящийся к деревне), *yawnogenic* (клонящийся в сон);  
 -ism: *lookism* (предвзятое отношение к человеку из-за его внешнего вида);  
 -ization: *dollarization* (долларизация);  
 -land: *adland* (рекламное дело);  
 -ology: *boomerology* (наука, изучающая родившихся в период беби-бума), *peopleology* (наука, изучающая людей);

Префиксы тоже активно участвуют в словообразовании. К самым распространённым можно отнести:

cyber-: *cybercrime* (интернет-преступление), *cyberfraud* (мошенничество в Интернете);  
 de-: *to defriend* (удалить кого-либо из списка друзей в социальных сетях);  
 dis-: *dispatriatism* (отсутствие патриотизма);  
 mis-: *to mistext* (отправить сообщение по ошибке другому человеку);  
 non-: *nonversation* (бесмысленный разговор);

Словосложение также играет значительную роль в образовании неологизмов. Особенностью данного вида новообразований является то, что складываются не основы слов, а слова целиком. Наиболее общепринятые модели словосложения: N+N→N и Adj+N→N.

*baby-boomer* – ребенок, родившийся во время послевоенного демографического взрыва;  
*bedgasm* (чувство счастья, которое человек испытывает, когда ложится в кровать после трудного дня);  
*earworm* (песня, которая постоянно вертится в голове);  
*frenemy* (поддержание дружеских отношений с человеком, к которому испытывается неприязнь – a friend + an enemy);  
*hocho* (горячий шоколад — hot + chocolate);  
*mouse potato* (человек, который проводит много времени за компьютером);  
*sinlaws* (родители гражданской жены или мужа);  
*spyware* (программное обеспечение, следящее за действиями пользователей компьютера).  
 Не менее популярна и модель Part.II + Adv. → A  
*burned-out* (усталый, выжатый);

*spaced-out* (находящийся под влиянием наркотиков);  
*switched-off* (отключенный, ничего не чувствующий);  
*tapped-out* (безденежный);  
*turned-on* (взволнованный).

Конвертированные неологизмы

Конверсия как способ создания новых слов путем деривации значительно снизила свою активность и уступает всем другим видам словообразования. Основной моделью продолжает оставаться  $N \rightarrow V$ :

*to amazon* (совершать покупки на сайте Amazon.com);

*to soft-dock* (стыковать орбитальные станции без посредства механических приемов);

*to version* (создавать новую версию чего-либо).

Сокращения

Среди нерегулярных способов образования морфологических неологизмов наиболее продуктивными в последние десятилетия являются сокращения, которые отражают тенденцию к рационализации языка, к экономии языковых усилий:

*anchor* < *anchorman* – обозреватель новостей, координирующий теле- или радиопрограммы;

*litcrit* < *literary criticism* (британский вариант);

*MTV* (*Music Television* канал кабельного телевидения, передающий рок-музыку);

*I.V.* (*intravenous*) – внутривенно;

*SALT* (*Strategic Arms Limitation Talks*) – переговоры по ограничению стратегического оружия;

*LBD* (маленькое чёрное платье – Little black dress);

*MMORPG* (массовая многопользовательская ролевая онлайн-игра);

*OTP* (по телефону – on the phone);

*PC* (персональный компьютер – personal computer)

*srsly* (серьезно – seriously).

Словарный состав английского языка есть продукт всей предшествующей истории этого языка и вместе с тем это живая история говорящего на этом языке народа, так как в словарном составе отражаются происходящие в данном обществе события, возникающие явления, связи с другими народами. Вильгельм фон Гумбольдт писал: «Язык народа есть его дух, и дух народа есть его язык, и трудно представить себе что-то более тождественное» [7].

Таким образом, на формирование состава английской лексики оказывает большое влияние появление новых слов или неологизмов, которые появляются в связи с развитием новых технологий в разных сферах деятельности человека заимствованиями из других языков и другими способами.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Ильина А.Н., Кибасова С.Г. Словообразование в современном английском языке. - СПб.: СПбГУЭФ, 2012. - 90 с.
- 2 Мангушев С.В. Изменение лексического состава языка как результат взаимодействия культур (на материале неологизмов русского и английского языков) / С.В.Мангушев// Евразийское Ожерелье. Альманах Общественного института народов Оренбуржья имени Мусы Джалиля. Вып. 10. - Изд-во ОГПУ, 2010. - С.220-232.
- 3 Волков С.С., Сенько Е.В. Неологизмы и внутренние стимулы языкового развития. - М.: Наука, 2008.
- 4 Гак В.Г. Языковые преобразования. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1998. – 768 с.



- 5 Арнольд И.В. Лексикология современного английского языка. Учеб. пособие для ин-тов и фак.иностранн.яз. – 3-е изд., перераб. и допол. – М.: Высш. шк., 2006. – 295 с., ил. – на англ.яз.
- 6 Заботкина. Новая лексика современного английского языка. - М.: Высш.шк., 1989. - 126 с.
- 7 Гумбольдт В. Фон. О различии человеческих языков и его влиянии на духовное развитие человечества // Избранные труды по языкознанию. - М.: Прогресс, 1984. – 398 с.

### **ТҮЙІН**

Мақалада «неологизм» ұғымы, неологизмнің белгілері және жасалу тәсілдері анықталған.

### **RESUME**

The author of the article gives the theoretical substantiation of the term “neologism” and examines characteristic features and ways of forming neologisms.

УДК 82-1/-9

**Н.О. Карина**

Евразийский национальный  
университет им. Л.Н. Гумилева,  
магистрант

## **Национальная литература между двумя языками (на материале творчества Ч. Айтматова)**

### **Аннотация**

В данной статье автор на примере творчества Чингиза Айтматова пытается раскрыть влияние мировой литературы на глубоко самобытную, национальную литературу. Великий мастер слова Ч. Айтматов сумел показать свой богатый внутренний мир через художественные образы и на двух языках.

*Ключевые слова:* билингвизм, хронологическая протяженность слова, фольклор, классическая литература, взаимодействие литератур, самоутверждение, мифы, легенды, предания, сказания, этнография, национальное мышление.

В художественном образе, как в фокусе, сходятся все видимые и невидимые лучи действительности; разглядеть душу человека, понять, что с ней происходит, познать сокровенную жизнь ее, - значит понять суть и характер времени, исторического процесса.

В творчестве киргизского прозаика Ч.Айтматова наблюдается хронологическая протяженность слова, которую демонстрирует весь путь писателя, его движения в пространстве и во времени.

Если творчество Ч.Айтматова рассматривать как явление в литературе, как нечто целое, единое, то можно было бы констатировать: творчество Чингиза Айтматова есть точка встречи, соприкосновения двух традиций, двух начал – киргизского национального фольклора и русской классической литературы. На этой основе происходит слияние культур в художественном творчестве писателя, которое можно рассматривать в двух аспектах:

- как способ обновления традиций многовековой русской литературы на почве мифов и легенд;

- как попытку младописьменной литературы, вобравшей опыт развитой, тысячелетней литературы и стать фактом и явлением мировой литературы.

«У нас в стране, - писал Чингиз Айтматов, - уже есть опыт билингвизма в художественном творчестве. Опыт этот говорит о том, что



наиболее верный путь – это сочетание знаний языков. Я знаю писателей, которые одинаково хорошо и выразительно пишут на двух языках. Мне придется сослаться и на свой пример. Я пишу свои книги на киргизском и русском языках. Если книга написана вначале на киргизском языке, я ее перевожу на русский, и наоборот. При этом я получаю глубочайшее удовлетворение от этой двусторонней работы. Это чрезвычайно интересная внутренняя работа писателя, ведущая, по моему убеждению, к совершенствованию стиля, к обогащению образности языка» [1, с. 110].

Так выражается взаимодействие литератур в судьбе и творчестве отдельного, конкретного писателя. Взаимообогащение литератур растет, становится все более заметным, очевидным и насущным; художественное единство при этом не рассеивается, не распадается из-за того, что каждая литература тянет в свою сторону, а, наоборот, - сгущается, обогащается. А теория литературы активно ищет пути соотнесения литературы многонациональной с литературой мировой [2, с. 166].

На конференции МАЛК в Реймсе Петр Палиевский сказал: «Убежден, что со своей стороны русская литература далеко не исчерпала возможностей заинтересовывать аудиторию на Западе. Что касается быстро растущих литератур других республик, то здесь эту аудиторию ожидает, несомненно, много непредвиденных открытий. Мы знаем, например, как благодаря прогрессивной критике Франции стал известен на Западе Чингиз Айтматов. Но это лишь начало» [3, с. 217].

Когда-то в муках самоутверждения из древнегреческой литературы на свет явилась древнеримская, затем из чистой и высокой эллинской – географически разнообразная, распространившаяся по народам Александра Македонского» – эллинистическая литература. Потом опять был удивительный подъем в духовном восхождении народов – в Италии, во Франции, в Германии возникло множество «удельных» Греций, и в этой неуправляемой и объективной теории взаимодействия возникли новые литературы, захватывавшие все более обширную область человеческого духа.

В подвалах этнографии каждой нации долгое время хранились народная поэзия, фольклор, пока не вылились в литературу. Во что это перерастет, выльется? Какого уровня, характера будут литературы национальные? На эти каверзные вопросы современности, решаемые веками, по мнению ученых, ответили, с одной стороны, - Маркес, с другой - Чингиз Айтматов. «Они идут с разных концов планеты и с разными задачами, но все-таки навстречу друг другу, на соединение. Они – как два конца одного обволакивающего планету пояса, два острия двух сходных устремлений в мировой литературе. И здесь, и там на базе мифов и легенд, национального мышления, соединенного с тысячелетней письменной традицией Европы, рождается новейшая литература. Растет сближение, усиливая и естественную индивидуализацию литератур» [2, с. 9].

Понятие о поступательном движении литературы, как справедливо заметил П.Палиевский, «может дать лишь коллективный опыт и интерес к решению больших задач. Но и в деятельности каждого участника он сказывается, оставляя следы, по которым мы можем судить о целом» [3, с. 3]. Как по картине неизвестного художника знаток может определить, кто мог бы написать это загадочное полотно или в каком столетии оно возникло, так же точно, исследуя айтматовскую повесть и роман, легко увидеть в них свет времени, общую мысль, и в том числе – тенденции литературного процесса.

Историки и теоретики литературы, стремясь глобально мыслить, все чаще начинают понимать, что не абстракции, не категории, а путь, судьба, дело писателя и есть та истина, та самая основа, на которой и держится, и движется, и развивается литература, в том числе и национальная. Мир мыслей, чувств, фантазий – это неуловимый, зыбкий, сокровенный мир души, воссозданный в художественном слове, имеет определенную



устойчивость, очертанность, какие-то пределы, и этот мир реален в нашем восприятии, действителен для наших чувств – это главное.

Напомним в связи с этим слова Луи Арагона: «И вот здесь, в этом горделивом Париже, Париже Вийона, Гюго и Бодлера, Париже королей и революций, многовековом Париже художников, где каждый камень – напоминание о какой-либо истории или легенде, в городе, где было столько любящих, что, если задумаешь их назвать, получится, как в песенке: «Не знаю я, с чего начать...» - в этом Париже, который все перевидал, все перечитал, все испытал, для меня вдруг не стало ни «Вертера», ни «Береники», ни «Антония и Клеопатры», ни «Манон Леско», ни «Воспитания чувств», ни «Доминики» - все потому, что я прочел «Джамилю», не стало для меня и Ромео и Джульетты, Паоло и Франчески, Эрнани и доньи Соль..., ибо летом третьего года войны, августовской ночью 1943 года, где-то в долине реки Куркуреу я встретил Данияра и Джамилю с их груженными зерном бричками и мальчика Сеита, который рассказывает историю этих молодых людей» [4, с. 40].

Так Арагон писал от имени «пресыщенного мира» о мире молодом, о свежести и силе «Джамили», о той всеильной непосредственности, которую художники... стареющих и истощенных западных цивилизаций пытаются обрести вновь, как путь к утраченному раю» [4, с. 42].

В этом удивлении скрывался не только один восторг бессильной изощренности перед всеильной, дикой красотой, - было и искреннее, изумленное открытие духовного родства себе подобных, и этого родства можно было не стыдиться и в Париже. Конечно, Арагон прекрасно знал, что делал, когда произносил хвалебную речь во славу «Джамили», когда сказал, что «Джамиля» - есть «самая прекрасная на свете повесть о любви». Айтматовская повесть явилась образцом для подражания во Франции! Проповедь «естественного состояния» Руссо, спустя два века, приобретает восточную художественную форму, вернулась к себе на родину..., но через переводчика: Луи Арагон прочитал перевод повести «Джамиля».

Такой фурор произвела «Джамиля» во Франции, а у нас о ней писали сдержанно, как о повести, показывающей освобождение от обычаев адата, эмансипацию женщины Востока, «ренессанское отпадение личности от патриархально-родовых отношений» и т.д. А.Л. Арагон считает, что «повествование в «Джамиле» течет удивительно непринужденно, чего так не хватает новейшим литературам, тяготеющим к репортажу» [4, с. 41]. Вот две точки зрения, два взгляда на одну повесть, поистине у каждого свой вкус и своя правда... Итак, французов поразило творение искусства, то, что высвечивалось из глубин, из образов: та музыка, которая рождается из целостного и пластического восприятия природы. Таковы практически все произведения Ч.Айтматова, с которыми, познакомившись однажды, любишь все жизнь...

Может быть, простота и сила художественного слова Ч.Айтматова в его мудрости или двуязычии? Как бы то ни было, поистине искусен тот, кто умеет за простотой скрывать свое большое искусство, умение творить великое на родном или неродном языках...

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Айтматов Ч.Т. В соавторстве с землей и водою... Очерки, статьи, беседы, интервью. - Фрунзе, 1978.
- 2 Левченко В. Чингиз Айтматов. - М.: Советский писатель, 1983.
- 3 Палиевский П.В. Пути реализма. - М., 1974.
- 4 Арагон Луи. Самая прекрасная на свете повесть о любви // Культура и жизнь. – 1959. - № 7.



## **ТҮЙІН**

Мақалада автор Шыңғыс Айтматов шығармашылығы мысалында әлемдік әдебиеттің ерекше, ұлттық әдебиетке терең ықпалын ашуға әрекет жасаған.

## **RESUME**

In this article the author intends to reveal the influence of the world literature on the original national literature on the example of Chingiz Aitmatov' creative works.

ӘОЖ 81'27

### Аннотация

Мақалада қазақстандық мультимәдени ақпараттық коммуникативтік кеңістіктегі тілдік тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы ерекшеліктер қарастырылады. Қазіргі кезеңдегі көптілділік жағдаятында білім алушы жасөспірімдердің мәдениетаралық қатынастағы тілдік дамуының ерекшелігін зерттеу өзекті болып отыр. Осыған байланысты мультимәдени кеңістіктегі би/полилингв тұлғаның тілдік тұлғасының қалыптасуын да кешенді зерттеу қажеттігі туындайды.

*Түйін сөздер:* билингв, мультимәдени кеңістік, тілдік тұлға, ақпараттық-коммуникативтік мәдениет, көптілділік, тілдік бейімделу, символикалық форма

### С.М. Сапина

Қазақ гуманитарлық-заң университеті,  
филол. ғыл. канд., доцент

### Н.Н. Аитова

С. Бәйішев атындағы  
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
филол. ғыл. канд., доцент

## Мультимәдени кеңістік және ақпараттық- коммуникативтік мәдениеттегі билингвал тілдік тұлға

Қазіргі уақытта әртүрлі мәдениеттер тоғысында мультимәдени кеңістіктің пайда болуы мен осы жағдаяттағы көптілді тілдік тұлғаның қалыптасуын зерттеу мәселесіне біршама көңіл қойылады. Шетелдік зерттеушілер мұндай зерттеулер бойынша едәуір тәжірибеге ие. Оның бір себебі қоғам қажеттілігінен шығады, яғни шетелдерде біздің елге қарағанда біршама ерте пайда болып, дамуы да жылдам жүзеге асқан көптілділік салдары мен мәдениетаралық проблемалардың пайда болуы осы мәселені шешуге бағытталған ізденістер жасауды жеделдетті. Кеңестік дәуірден бері қазақ тілді мәдениетте орыс тілін қатар игеру жағдайында да түрлі мәселелер туындағанмен билингв тұлғаны тілдік тұлға ретінде қарастыру әдісі зерттеушілер үшін әлі таныс емес тың дүние болатын. Ал тіл мен тілдесімді зерттеудің тың әдіс-тәсілдері белгілі болған осы кезеңдерде мультимәдени кеңістік те, билингв тұлға санасы да күрделену үстіне күрделене түсті. Қазақстандағы бүгінгі көптілділік әлемдегі өркениетті елдердің, алуан түрлі халықтар мен олардың мәдениетаралық байланысының артып, тіпті мемлекеттердің бір-біріне экономикалық тұрғыдан әсері ашық көрініп отырған кезеңінде дамып келеді. Бұл үдеріс шындығында әлем елдері өмірінің барлық саласын қамтып отыр. Мәдени алмасулар мен елдер арасындағы тікелей байланыстардың қарқынды дамуы қазіргі заманғы әлеуметтік-



мәдени ахуалдың басты сипатына айналып келеді. Жаһандануға әкеле жатқан мәдениеттердің әрекеттестігі үдерісі ұлттардың өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысуынан бастап өз мәдениеттерінің шекарасын жойып, өзге мәдениетті мойындауға дейінгі пікірлерді туғызып отыр. Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени кеңістік мәдениетаралық байланыстардың негізінде қалыптасып отыр деп айтуға болады. Осындай өзгерістер мәдениеттегі тілдік тұлға туралы түсініктерге де өз әсерін тигізіп отыр.

Зерттеулерге сүйенсек, тілдік қарым-қатынастың белгісі көне замандардан белгілі, б.з.д. XVII ғасырда шумер-аккад-хет сөз тізімдері негізінде хет көшірушілері тарапынан үштілді тізімдер жасау басталған. Түркілік көне жәдігерліктердің бірі «Кодекс куманикус» та сол кездегі мәдениеттер арасындағы тілдік қатынастың ортақ құралы ретінде ғана емес, қыпшақ тілінің мәртебесін айқындайтын алғашқы жазбалардың бірі ретінде тануды қажет етеді. Басқаша айтқанда, сөздік мәдениетаралық қатынастарды реттеуде қолданылған ортақ тілдің қолданыс дәрежесін белгілеп, халықты тілі арқылы тану құралының бірі болғаны даусыз. Тіпті М.Қашқаридың *қала тілі* мен *дала тілі* деп тілдің әлеуметтік мәртебесін бөлуі де мәдениетшілік ерекшеліктердің айырым белгілерін атауы деп түсінуге болады. Бұдан байқайтынмыз, адамзат қоғамының қай тұсында да мультимәдени тұтасым процесі толассыз жүріп жатпақ. Әр заманда ол өз шешімін тауып отырды да: шоғырласу жағдайында тілдік ортаға бейімделгенде алапат бірігулер, ымыраласпаған жағдайда тілдік жіктелулер жүріп жатты. Қазақтың «елу жылда ел жаңа» мәтелін халықтың тілдік араласуларының жемісі туралы меңзеу сөзі деп түсінуге болады. Профессор Б.Хасановтың пікірінше, бір халық екінші халық тіліне көңіл бөлген тұста халықтық тілтаным түрлері пайда болады [1, 6].

Ал егер мәдениетшілік және мәдениетаралық қатынасқа келер болсақ, біз бүгін жаңа тұрпатты тұлғаның қалыптасуына куә болып отырмыз. Осындай қарым-қатынас барлық әлеуметтік топтар арасында бар, ал әсіресе жасөспірім мектеп жасындағы балалардың қазіргі қалыптасқан білім беру жүйесіндегі ерекшеліктерге сай көптілді ақпараттар қысымында өмір сүріп, осыған байланысты мультимәдени кеңістікте тұлға ретінде дамуы өзіндік сипатқа ие. Атап айтсақ, үш тұғырлы білім беру жағдаятындағы «қазақ-орыс-ағылшын» тілді мектептерде білім алушылар, «қазақ-түрік» лицейлеріндегі қазақша-ағылшынша-түрікше білім алатын дарынды жасөспірімдер және қазақша-орысша білім алатын жалпы білім беретін мектептердегі, әсіресе қала мектептеріндегі жасөспірімдер, «Конфуций институттарының» ашылуымен байланысты қазақша-қытайша білім алып жүрген жастар т.с.с. мәдени-ақпараттық кеңістіктің одан әрі ықпалдасуына жағдай жасап отыр. Осындай тұлғалар қазіргі заманғы жаңа құбылыстарға, әлеуметтік сұраныстарға бейім, қоғамдағы өзгерістерге жауап беріп қана қоймай, бұл өзгерістерді өзі жасайды, бірнеше тілді тек біліп қана қоймай, өзінікімен қатар өзге де мәдениетті біледі және түсінеді.

Адам қызметінің түрлі саласында табысқа жету үшін әртүрлі әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделе білу қажет. Қазіргі заманғы адам мәдениетаралық ортаға бейімделген өзінің ұлттық мәдениетінің типтік өкілі ретінде көрінеді. Мәдениетаралық қатынаста тоғысқан жағдайда онда міндетті түрде ортақтықтар мен айырмашылықтар саралана бастайды. Және ол біртекті теңдес қатынасқа құрылмайтыны белгілі.

Осыған байланысты ақпараттық-қатысымдық мәдениет жағдайында өмір сүретін тұлғаның қалыптасуындағы тілдің мәні мен қызметі туралы мәселе күн тәртібіне шығады. Бұл кезде тіл құрал ретінде ғана емес, тұлға өмір сүретін әлем ретінде түсініледі. Екі немесе бірнеше тілді білу ұлттық-мәдени өзіндік ерекшеліктерге толы әлемді де игеру дегенді білдіреді. Тілді қиындықсыз меңгеру барлық уақытта жүзеге аса бермейді.

Тілдік және мәдени бейімделу мәселелеріне деген қызығушылық тіл, адам және мәдениет қарым-қатынасы мәселесін зерттеуге әкелді. Табысты бейімделу – білім беру мен тұлғаны тәрбиелеудің жаңа жүйесінің алға қойған мақсаты. Білім берудің мұндай мазмұнының коммуникативтік деп аталу себебі, қазіргі заманғы әлеуметтік және мәдени

шындықты коммуникативтік тұрғыдан түсінуден туындайды. Ақыл-ой тек таным үдерісімен ғана байланысты емес, сонымен қатар күрделі жеке және әлеуметтік-мәдени шындықтың көрінісі – күнделікті қарым-қатынаспен де байланысты. Осылайша, қазіргі заманғы мәдениеттегі тұлғаның жағдайы туралы өзгерген түсініктер жаңа типтегі тұлғаның қалыптасуындағы, жаңа коммуникативтік негіздегі мәдениет парадигмасының қалыптасуындағы тілдің рөлі қандай деген мәселені күн тәртібіне шығарады.

Тұлға мен мәдениет қарым-қатынасы мәселесін тіл арқылы зерттеу ісі көптен бері жүргізіліп келеді. Алғашында мәдениет (салт-дәстүрлер, шаруашылық жүргізу тәсілдері, тәрбие, отбасылық қатынастар және т.б.) зерттеу нысаны болды. Тілді белгілі феномен ретінде қарастырудың алғашқы үлгілерін Гераклит, Платон, Аристотель шығармаларынан көруге болады. Философиялық-мәдениеттанымдық сараптаудың пәні ретінде тіл Жаңа дәуірде (Д.Вико, И.Гердер) зерттеле бастады. Дүниені тілдік тұрғыдан тану туралы идеяны В.фон Гумбольдт қалыптастырды. Оның түсінігінше, тіл халықтың тарихи әлемдік бейнесін көрсетіп қана қоймайды, белгілі дәрежеде халықтың өмір сүруін де анықтайды. Ол тілдің санаға тәуелділігін баса атап, басқа халықтың әлемді тануын «тілдік әлемтану» арқылы түсінудің маңыздылығын атап көрсетті.

XIX ғ. бастап қоғам да А.Смиттің, К.Маркстің, М.Вебердің, Э.Дюркгеймнің, В.Зомбарттың еңбектерінде зерттеу нысанына айнала бастады. XIX ғ. соңы XX ғ. басында «әлем бейнесі» термині ғылыми айналымға енді. Бұл терминді физика ғылымында Г.Герц пен М.Планк қолданса, кейін мәдениеттану зерттеулерінде бұл термин белгілі мәдениет түрінде қалыптасқан және бейнелі түрде көрінетін әрекет пен сананың құндылықтары, нормалары, қағидаттары ретінде түсініле бастады. Бұл әлемнің бейнесі таңбалық және символдық жүйеде көрініс табады, осы таңбалардың ішіндегі ең маңыздысы – тіл. Осы ретте мәдени шығармашылықтағы тілдің рөлін зерттеуді бірінші орынға қойған Э.Кассирер еңбегінің маңыздылығын атап өтуге болады. Оның зерттеулерінде мәдениет сөйлеу символикасымен байланысқан адамның символикалық қызметі ретінде түсініледі [2]. Осылайша, XX ғ. басында тіл, сана және мәдениет байланысының мәселелері зерттеу нысанына айналды. Адам санасындағы «символикалық форма» ретіндегі тілдің белсенділігі әлемді біртұтас бейнеге жинақтайтыны зерттеушілердің ерекше қызығушылығын тудырды. Тіл мен мәдениеттің байланысын осы бағытта одан әрі зерттеу Э.Сепир мен Б.Уорфтың еңбектерінде жалғасын тапты [3]. Лингвистикалық қатыстылық теориясы деген ат алған осы тұжырым бойынша тіл әрбір адамда қалыптасатын әлем бейнесінің негізі болып табылады. Жаңа затқа немесе ұғымға анықтама бере отырып, біз оларды санамызда бұрыннан бар ұғымдар мен түсініктер жүйесіне қосамыз. Адам әлем туралы қалай сөйлейді, әлемді солай көреді. Әрбір тілде бір шындықты түсіндіру үшін өзіндік әдіс-тәсіл бар.

Стереотиптер мен бейімделу стратегиясын ауыстыруды талап ететін тарихи өзгерістер тілдік реалийлерде де көрініс табады. Сондықтан тілді жаңа мәдени ортаны қалыптастырудың құралы және әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас кеңістігіндегі тұлғаның қалыптасу факторы ретінде жаңа мәдениеттану тұрғысынан зерттеу ісін қолға алу қажет.

Тілді біз тұлғаға қатыссыз, лексикалық бірліктер мен грамматикалық ережелер және белгілі ұлттық-мәдени, әлеуметтік контекстегі коммуникативтік мінез-құлық ережелері түрінде қоршаған орта мен адамның ішкі дүниесі туралы ұғымдарды қалыптастыру мен бекіту құралы ретінде қызмет ететін, жекелеген этнос үшін объективті өмір сүретін таңбалар жүйесі деп түсінеміз.

Тілдік тұлға өзіндік әлем бейнесін құру және басқа тілді қолданушылармен байланысу үшін тілдік құралдарды игеру мен қолдану үдерісінде қалыптасады.

Адам факторының рөлін зерттеу ғылымның гуманитарлану үрдісіне байланысты жаңа қарқын алды. Тіл білімінде, психологияда, әлеуметтік тіл білімінде сөйлеу әрекеті үдерісінде, экспрессивтіліктің негізінде жатқан адам факторының мәні туралы мәселелер,

сөйлеу әрекетінің ерекшеліктері, оның әлеуметтік жіктелімі мен өзгерістері зерттеліп келеді.

«Тілдік тұлға» ұғымының неғұрлым толық және жүйелі негіздемесі Ю.Караулов пен оның ізін қушылардың еңбектерінде берілген. Ю.Караулов тілдік тұлға ретінде адамның а) құрылымдық-тілдік күрделілігі деңгейі, ә) шындықты бейнелеудің тереңдігі және дәлдігі, б) белгілі мақсаттық бағыты бойынша бөлінетін сөйлеу шығармаларын (мәтіндерді) жасау мен қабылдаудан құралатын қабілеттері мен сипаттарының жиынтығын таниды [4,3]. Тілдік тұлғаның теориялық-гносеологиялық құрылымы үш деңгейден тұрады, олар: вербалды-семантикалық, лингвокогнитивтік және уәждемелік. Сөздер, жалпы ұғымдар-концептілер және қатысымдық-қызметтік қажеттіліктер сияқты типтік бірліктер және осы бірліктер мен оларды белгілі кешендерге біріктірудің стереотиптері мұндай деңгейлерге бөлудің басты ұстанымдары болып табылады. Осы үш деңгейлі үлгі тілдік тұлғаның түрлі сапалық белгілерін үш маңызды сипатта – вербалды-семантикалық немесе таза тілдік, когнитивтік (танымдық) және прагматикалық сипатта қарауға мүмкіндік береді.

Вербальды-семантикалық сипат жеке адамның лексиконынан – күнделікті вербалды коммуникацияда қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері қорынан құралады. Бұл кезде қолданылатын лексикалық бірліктердің саны ғана емес, сондай-ақ вербалдық құралдарды әлеуметтік жіктелім мен қатысымдық-стилистикалық құндылықтар нормаларына сәйкес дұрыс қолдана білу дағдылары да есептеледі. Бұл сипаттың жеке белгілері дағдыны игеру дәрежесімен ғана емес, сөзжасам, грамматика мен айтылымның нормативтік ержелерін бұзу дәрежесімен де анықталады.

Когнитивтік сипат тұлғаның ойлау үдерістерінен құралатын зияткерлік саламен, адамның танымдық қызметімен байланысты. Әрбір индивидуумның даму үдерісінде оның әлем бейнесін көруінен туындайтын идеялар, концептілер пайда болады. Адам санасында олар иерархия - әлеуметтік тәжірибе мен қызметінің нақты жағдайларында қалыптасқан әлеуметтік және мәдениеттанымдық жүйесі ретінде көрініс табады. Бұл нақты сөйлеу формулаларын, жеке сөйленім оралымдарын қолданудан көрінеді. Осылар арқылы қандай да бір белгілі тұлғаны тануға болады.

Прагматикалық сипат коммуникацияның мақсаттары және міндеттерімен – сөйлеушінің ниетімен, оның мүддесімен, уәждемесімен және нақты қатысымдық ұстанымдарымен анықталады. Ю.Н.Карауловтың көрсетуінше, осы айтылғандардың ішінен сөйлеушінің уәждемесі қатысымдық-қызметтік қажеттілік болып есептеліп, тілдік тұлға прагматикалық деңгейінің бірлігі ретінде танылады, оның өзіндік ерекшеліктерін көрсететін маңызды факторлардың бірі ретінде қызмет етеді [4, 215]. Бұл ерекшеліктер индивидтің логикалық пайымдауларын білу деңгейімен ғана емес, сондай-ақ оның эмоциялары және қарым-қатынастың ситуациялық факторымен де анықталады. Бұл факторлардың көпжақтығы мен сөйлеушінің сөзінде айтарлықтай тұрақты формалды сәйкестіктердің болмауы прагматикалық сипатты тілдік тұлға құрылымының маңызды деңгейі ретінде зерттеуде қиындық келтіреді.

Шынымен де, егер вербалды сипатта сөздерге, олардың белгілі қоғамда немесе қатысымдық салада дұрыс деп танылған нормативтік қолданыс үлгілеріне сүйенуге болатын болса, ал когнитивтік сипатта вербалды түрде көрінетін жалпы ұғымдарды, концептілерді немесе идеяларды бөліп алуға болатын болса, прагматикалық сипат үшін тұлғаның шексіз қатысымдық-қызметтік қажеттіліктерін санамалауға тура келер еді. Психология мен әлеуметтік лингвистикада қолға алынған осындай типтік ситуацияларды, қатысымдық ұстанымдарды санау, оларды жүйелеу жұмысы тиісті нәтиже бермей келеді.

Тілдік тұлғаның осы үш деңгейінің ішінде соңғысы ғана тұлғаны оның қатысымдық мүмкіндіктері тұрғысынан сипаттайды. Қатысымдық қажеттіліктер мен мүмкіндіктерді бағалау үшін вербалды-семантикалық сипат жеткіліксіз. Күнделікті қарым-қатынаста маңызды орынды мағыналық және бағалауыштық ақпараттың 65%-ын беретін бейвербал

құралдар алады. Когнитивтік деңгей тұлғаның тілдік сипаттамасына көбірек бағытталған. Коммуникация үшін әлеуметтік және мәдениеттанымдық құндылықтар жүйесімен қатар, ақпаратты дұрыс қабылдау мен мақсатты бағыттау тетіктерімен байланысты басқа да когнитивтік факторлар маңызды мәнге ие болады.

Тілдік тұлға моделін негіздеу әлеуметтік коммуникацияны теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеуге қосылған айтарлықтай үлес болып табылады. Тілдік тұлға мен оның қалыптасу жолдарын көрсетілген сипаттар аясында қарастыру зерттеудің нақты мақсатына байланысты түрліше дәрежеде жүргізілуі мүмкін. Мысалы, салыстырмалы немесе тарихи тұрғыда, қоғамдық қатынастармен байланысты түрлі коммуникативтік салаларда және т.б.

Коммуникацияның әлеуметтілігі үшін тілдік тұлға ұғымы қаншалықты дәрежеде түрлі типтегі әлеуметтік құрылымдардың мүшесі ретіндегі тұлға ұғымымен сәйкесетінін білу маңызды болып табылады. Тілдік тұлға коммуникацияның барлық түрлеріне қатысады, сондықтан оны сипаттау кезінде жеке белгілерді ғана емес, сондай-ақ қандай да бір әлеуметтік топтың сөйлеу әрекетін де есепке алу қажет. Осыған байланысты жеке тілдік тұлға (жеке белгілерге негізделген) және ұжымдық тілдік тұлға (индивидтің ұжым, шағын топтың мүшесі ретіндегі белгілеріне негізделген) ұғымдарын қарама-қарсы қою орын алған. Екінші ұғым шартты түрде қабылдануы мүмкін, себебі тілдік тұлға ұғымы басты белгілері бойынша тұрақты болып қалады, дегенмен, жеке белгілер индивидуумның әлеуметтенуі үдерісінде жетіліп, қатысымдық салаға, әлеуметтік жағдайға және коммуникация түріне сәйкес өзгеріп отырады.

Тілді сол тілде сөйлеуші адам арқылы зерттеу қазақ тіл білімінде жүргізілген емес. Әр заманның тілдік тұлғасын жазба ескерткіштер сияқты семиотикалық құрылымдар арқылы ғана зерттеуге болатыны заңды, өйткені бұл жазба мәтіндерде тілдік тұлғаның сөйлеу әрекеті толық әрі жан-жақты көрініс табады. Әр тілдік тұлға өзіндік тілдік белгілер арқылы ерекшеленетін жеке индивид болуымен қатар, өз заманының, өз замандасының, өз мәдениетінің, өз халқының айрықша белгілерін бойына жинақтаған белгілі кезең өкілі ретінде де танылады.

Тілді жеке тұлға аспектісінде қарастыру тілшілердің "тіл және адам" мәселесін әр қырынан зерттеуіне алып келді. Шетел және орыс тіл білімінде тілдік тұлғаны "тілде және тіл арқылы көрінетін" тұлға ретінде, "тілдік тұлғаның" өзіндік ерекшеліктерін "сөйлеуші тұлғамен" байланыстыруы арқылы, тіл тарихының белгілі кезеңіндегі жеке тұлғаның "социолингвистикалық портретін" жасау арқылы сипаттау жұмыстары біршама зерттеуге алынған. Осы бағытта зерттеу жүргізудің қарқынды жасалуы нәтижелерге жеткізеді деп санаймыз. Соның ішінде мультимәдени кеңістіктегі көптілді өскелең ұрпақтың ділдік және тілдік санасының ерекшелігін қарастыру жемісті болар анық.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Хасанұлы Б. Мәдениетаралық тілдік қатынас қисындары. - Шымкент, 2012.
- 2 Кассирер Э. Опыт о человеке: Введение в философию человеческой культуры // Проблема человека в западной философии. - М, 1988.
- 3 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. - М, 1993; Уорф Б. Отношение норм поведения и мышления к языку // Новое в лингвистике. - Вып. 1. - М, 1960.
- 4 Караулов Ю. Русский язык и языковая личность. - М.: Наука, 1987.



## **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются особенности формирования и развития языковой личности в мультикультурном информационно-коммуникативном пространстве Казахстана. В настоящее время в условиях полиязычия актуальным является исследование особенностей языкового развития обучающихся. В статье авторы проводят комплексное исследование би/полилингвальной языковой личности в мультикультурном пространстве.

## **RESUME**

The particularities of the formation of a language development personality in the multicultural information-community of Kazakhstan's space are studied in this article. Nowadays the research about the language development in the conditions of multilingualism is very popular. The authors of this article make a complex bi/multilingual research of the language personality in multicultural space.



**АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ****СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ**

- Абдыхалыкова Ж.Е. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының аға оқытушысы, Ph.D докторы
- Абсаттарова Г.Б. старший преподаватель кафедры социально-гуманитарных дисциплин Казахской национальной консерватории имени Курмангазы
- Абылкасимов Е.А. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының Ph.D докторанты
- Абылханова Ә.Қ. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың баспасөз және баспа ісі кафедрасының аға оқытушысы, журналистика ғылымдарының магистрі
- Аитова Н.Н. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
- Аканов К.Г. докторант кафедры Евразийских исследований ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, магистр гуманитарных наук
- Аккошқарова Ж.Т. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың археология және этнология кафедрасының магистранты
- Алимбаев А.Е. Еуразия гуманитарлық институты қазақ және орыс филологиясы кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі
- Альжаппарова Б.К. доцент кафедры истории Казахстана ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, кандидат исторических наук
- Арыстанбекова Ж.И. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының магистры
- Ауезова З.Т. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың физикалық және экономикалық география кафедрасының доценті, география ғылымдарының кандидаты
- Әбдіхамитұлы М. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың шетел филологиясы кафедрасының магистранты
- Әбдуәліұлы Б. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы
- Әбішева Ш.С. Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
- Башова Б.Ш. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың баспасөз және баспа ісі кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты
- Байдрахманов Д.Х. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың шетел тілдерінің теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
- Байжанова Г.Д. ведущий научный сотрудник отдела истории индустриально-инновационного развития и этносоциальных процессов Института истории государства КН МОН РК, кандидат экономических наук
- Балкибаева А.М. доцент кафедры менеджмента КазАТУ им. С.Сейфуллина, кандидат экономических наук
- Ботабаева Ә.Е. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының доцент м.а., педагогика ғылымдарының кандидаты
- Давлеткалиева Е.С. руководитель Центра уровневых программ филиала АО «НЦПК «Өрлеу» Института повышения квалификации педагогических работников по Актюбинской области, кандидат педагогических наук, и.о. доцента



- Джансеитова С.С. профессор кафедры социально-гуманитарных дисциплин Казахской национальной консерватории имени Курмангазы, доктор филологических наук
- Ергалиева С.Ж. преподаватель кафедры иностранных языков Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова, магистр педагогических наук
- Ергалиев К.С. доцент кафедры казахского языка и литературы Павлодарского государственного педагогического института, кандидат филологических наук
- Жаманкозова А.Т. доцент кафедры русской филологии ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат филологических наук
- Загатова С.Б. профессор кафедры иностранных языков Евразийского гуманитарного института, кандидат филологических наук
- Задворнева Е.П. старший преподаватель кафедры экономики КазАТУ им. С.Сейфуллина, магистр экономики
- Ильясова А.У. доцент кафедры иностранных языков Евразийского гуманитарного института, магистр педагогических наук
- Ильясова К.М. главный научный сотрудник Института истории государства КН МОН РК, кандидат исторических наук, доцент
- Имангаликова И.Б. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың дене тәрбиесі кафедрасының аға оқытушысы
- Исмаилова А.С. декан экономического факультета КазАТУ им. С.Сейфуллина, кандидат экономических наук, доцент
- Калжанова А.Н. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті педагогика, психология және әлеуметтік жұмыс кафедрасының магистранты
- Камалов М.Ю. докторант PhD кафедры теории и методики профессионального обучения ЮКГУ им. М. Ауэзова
- Карина Н.О. магистрант кафедры русской филологии ЕНУ им.Л.Н.Гумилева
- Кенжебаев Д.А. докторант PhD кафедры истории войн и военного искусства Национального университета обороны имени Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации
- Козыбаева М.М. докторант PhD кафедры Ассамблеи народа Казахстана ЕНУ им.Л.Н.Гумилева
- Куандыков О.Б. старший преподаватель кафедры профессионального обучения и дизайна Регионального социально-инновационного университета, кандидат педагогических наук
- Курманаева Г.К. докторант PhD кафедры социальной педагогики и самопознания ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
- Курманаева Д.К. старший преподаватель кафедры иностранных языков ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, кандидат педагогических наук
- Қоңқал М. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың шетел тілдерінің теориясы мен практикасы кафедрасының магистранты
- Қоңыратбаева Ж.М. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
- Мамырханова Ж.Т. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың қазақ тіл білімі кафедрасының PhD докторанты
- Машимбаева А.Ж. доцент кафедры социально-гуманитарных дисциплин Казахской национальной консерватории имени Курмангазы, кандидат филологических наук
- Мейрманов А.Б. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың дене тәрбиесі кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Мелешенко Н.Н. заведующая кафедрой экономики КазАТУ им. С.Сейфуллина, кандидат экономических наук, доцент

Мулдашева Б.К.	директор Хромтауского горно-технического колледжа, кандидат педагогических наук, и.о. доцента
Мухтарханова А.М.	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың шетел тілдері кафедрасының доцент м.а., педагогика ғылымдарының кандидаты
Нукешева А.Ж.	доцент кафедрасы менеджмента КазАТУ им. С.Сейфуллина, кандидат экономических наук
Оразбаева А.С.	старший преподаватель кафедрасы учета и аудита КазАТУ им. С.Сейфуллина, магистр экономических наук
Оспан Г.Т.	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың физикалық және экономикалық география кафедрасының магистранты
Расулбек К.Е.	старший преподаватель кафедрасы социально-гуманитарных дисциплин Казахской национальной консерватории имени Курмангазы
Сагимбаева Д.Е.	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың шетел тілдері кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
Саипов А.	профессор кафедрасы теории и методики профессионального обучения ЮКГУ им. М. Ауэзова, доктор педагогических наук
Сапина С.М.	Қазақ гуманитарлық-заң университеті қазақ және орыс тілдері кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Сарсекеев Б.С.	заведующий кафедрой педагогики Евразийского гуманитарного института, доктор педагогических наук, профессор
Сарсикеева Г.К.	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың шетел филологиясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Сулеева Г.С.	доцент кафедрасы социально-гуманитарных дисциплин Казахской национальной консерватории имени Курмангазы, кандидат филологических наук
Тажитова Г.З.	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры
Такиров С.У.	Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Токтрбаев Д.Г.-С.	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың дене тәрбиесі кафедрасының доцент м.а., PhD докторы
Тусупбекова М.Ж.	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың шет тілдері кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Хабдулина М.К.	Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың археология және этнология кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты